



**АСТАНАДАҒЫ ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНІҢ
ЕРІКТІЛЕРІ ЖӘНЕ СУПЕРВАЙЗЕРЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

**МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
ДЛЯ ВОЛОНТЕРОВ И СУПЕРВАЙЗЕРОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ
ВЫСТАВКИ ЭКСПО-20 17 В Г. АСТАНА**

«Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ
«ҚАЗҒАЛЫМ» ғылыми орталығы» ЖШС

**АСТАНАДАҒЫ ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНІҢ
ЕРІКТІЛЕРІ ЖӘНЕ СУПЕРВАЙЗЕРЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Астана ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің еріктілері мен супервайзерлеріне арналған әдістемелік құрал. Бурлаченко Л.Г., Ким В.А., Сарсекеева А.М., Наурызбаев Н.О., Оразбаева Ш.И., Емелин А., Россинский Ю.А., Павлова Я.С. Астана: ЖСШ «ҚАЗҒЫЛЫМ» ғылыми орталығы», 2016.

Аудару: қазақ тіліне – Мустафина В.О., Бектемирова А.Д.

Әрлендіру және беттеу: Дизайн студия «Simple-studio» www.simplestudio.kz

Нағыз әдістемелік құрал Астана ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің еріктілері мен супервайзерлеріне, жастар саясаты мен еріктілер қозғалысы саласындағы тренерлер мен мамандарға арналған.

Әдістемелік құралдың ішіне Астана ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі, еріктілерді дайындау бойынша кіріспе курсы, олардың көкейкесті құзырларын дамыту, көрмеде еріктілер қызметтінің нақты бағыттарының сипаттамасы, еріктілермен жұмыс жасау бойынша супервайзерлерге курстар туралы жалпы ақпарат кіреді.

Жалпы әдістемелік құрал әр түрлі деңгейде өтетін іс-шараларға еріктілерді дайындау бойынша барлық қажетті ақпаратты құрайды және болашақта еріктілер қозғалысын дамытуға әдістемелік қамтамасыздандырудың негізі болуына мүмкіндік береді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	006
---------------------	------------

1 тарау. Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі.....	008
---	------------

1.1. Бүкіләлемдік ЭКСПО көрмелері.....	008
1.2. ЭКСПО-2017: мазмұны және тақырыбы.....	011
1.3. Астана-Қазақстан астанасы.....	013
1.4. Қазақстан тарихына қысқаша шолу – негізгі кезеңдері мен оқиғалар.....	019
1.5. ЭКСПО-2017 терминологиясы бойынша тілдік курстар.....	024

2 тарау. ЭКСПО-2017 еріктілерін даярлау-оқудың кіріспе курсы.....	041
--	------------

2.1. Ерікті: оның рөлі, қызметі және міндеттемелері.....	041
2.2. Коммуникация шеберлігі – ерікті тиімділігінің негізі.....	045
2.3. ЭКСПО-2017 шетелдік меймандарымен тілдесу.....	054
2.4. Мүмкіндігі шектеулі жандармен өзара іс-әрекет.....	058
2.5. Кикілжіңдерді шешу технологиясы-кіріспе ақпарат.....	063
2.6. ЭКСПО-2017 еріктісі жұмысы кезіндегі қауіпсіздік техникасы.....	069
2.7. Төтенше жағдайлар – ЭКСПО-2017 еріктілері үшін нұсқаулар.....	071
2.8. Алғашқы медициналық көмек – еріктілер үшін кіріспе курс.....	081

3 тарау. Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінде еріктілердің қызмет бағыттары.....	083
--	------------

3.1. Көлікпен қамтамасыз ету.....	083
3.2. Адамдардың легін басқару және навигация.....	088
3.3. Аудармашылық қызметтер.....	091
3.4. БАҚ-пен өзара іс-әрекет.....	093
3.5. Тамақтандыруды және орналастыруды ұйымдастыру.....	098
3.6. Өнімді ілгерілету және промоутерлік.....	101
3.7. Іс-шараларға қызмет көрсету және көрерменмен жұмыс.....	104
3.8. Ресми салтанаттар.....	110
3.9. VIP-меймандармен жұмыстың техникасы.....	112

4 тарау. Супервайзерлер үшін ЭКСПО-2017 еріктілерімен жұмыс бойынша кіріспе курс.....	115
--	------------

4.1. Еріктілердің жұмыс орны және бағыты.....	115
4.2. Нәтижелі командалық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру.....	118
4.3. Көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыр.....	127

Қорытынды.....	134
-----------------------	------------

Бұл әдістемелік құрал Астана ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің еріктілері мен супервайзерлеріне арналған. Қазақстанда мұндай ауқымдағы шараны өткізу жалпы еріктілік қозғалысын дамытуға үлкен серпін береді, бұл саладағы жүйелік тәсілді және әдістемелік қамсыздандыруды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Даярлықтан өткен және бір ай халықаралық көрмеде жұмыс атқарған ЭКСПО-2017 еріктісі жоғары деңгейдегі және халықаралық дәрежедегі бұқаралық шараларға қатысудың бірегей тәжірибесіне ие болады. Оның қатарында нәтижелі командалық жұмыс, жеке тұлғалық тиімділіктің жоғары деңгейі, түрлі көрме тақырыптарын түсіну, VIP-деңгейдегі шараларды өткізу хаттамаларын білу, халық көп жиналғанда өзін-өзі ұйымдастыру үрдістерін басқаруға қатысу, белсенді азаматтық ұстанымды игеру, және отансүйгіштік сезімін білдіру бар. Қазақстан мұндай еріктілерді мақтан тұта алады, ал ЭКСПО-2017 орнықты еріктілер қозғалысын қалыптастырудың үздік мектебіне және негізіне айналады.

Әдістемелік құрал төрт тараудан тұрады. «Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі» деп аталатын бірінші тарау алдағы шара туралы жалпы ақпаратқа арналған. Оның арқасында еріктілер қолға алынған Жобаның және жүзеге асырылатын шаралардың ауқымы мен маңыздылығын бағалай алады, Көрме туралы ақпаратты сауатты түрде таныстырып, талқылауға қатысады, көрмені өткізудің жалпы мәселелері бойынша кеңес бере алады. Тарауда ЭКСПО халықаралық көрмесі, Астанадағы алдағы көрменің мазмұны мен тақырыбы туралы тарихи анықтама, Қазақстанның елордасы және басты мақтанаштарының бірі - Астананың өзі туралы ақпарат, Қазақстан дамуының негізгі кезеңдерін сипаттайтын қысқаша тарих қамтылған.



Еріктілер – Көрменің меймандарын қарсы алатындардың бірі. Олар ЭКСПО-2017 ғана емес, Көрме өтетін қаланы және өздері тұратын мемлекетті таныстыра білуі тиіс.

Шетелдік меймандарды қарсы алатын еріктілер үшін ағылшын тілін білу міндет болып табылады. **1 тарауда** қамтылған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ЭКСПО-2017 тақырыбындағы терминдер сөздігіне жүгінуге болады.

КІРІСПЕ

«ЭКСПО-2017 еріктілерін даярлау-оқудың кіріспе курсы» тақырыбындағы **2-ТАРАУДА** жалпы еріктілердің қызметі үшін маңызды ақпарат қарастырылған. Онымен еріктілер өздерінің қызмет бағыттарына қарамастан, танысатын болады. Бұл тіл табысудың шеберлігі, кикілжіңдерді шешу технологиясы, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет, алғашқы медициналық жәрдем. Сонымен қатар еріктілер шетелдік меймандармен араласқан кезде кроссмәдениетті коммуникациялардың ерекшеліктерімен, мүмкіндігі шектеулі адамдармен өзара іс-әрекеттесу ережелерімен танысады.

Еріктілер тиісті тәжірибелік дағдыларын шыңдау үшін аталған тақырыптар бойынша семинарлар мен тренингтерден құралған курстан өтеді, материалды меңгеру деңгейіне тест тапсырады.

«Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінде еріктілердің қызмет бағыттары» тақырыбындағы **3-ТАРАУДА** еріктілер қызметінің нақты бағыттары бойынша сипаттама қамтылып отыр. Оның ішінде көлікпен қамтамасыз ету, адамдар ағындарын басқару және навигация, аудармашылық қызметтер, БАҚ өзара іс-әрекет, тамақтандыруды және жайғастыруды ұйымдастыру, өнімді ілгерілету техникасы және промоутерлік, шараларға қызмет көрсету және көрермен жұмыс, ресми салтанаттан, VIP-меймандармен жұмыстың техникасы жан-жақты көрсетілген. Бұл құралда ұсынылған жалпы ақпараттан бөлек 2017 жылы еріктілер Көрме аумағында тәжірибелік оқудан өтетінін атап өту қажет.

«Супервайзерлер үшін ЭКСПО-2017 еріктілерімен жұмыс бойынша кіріспе курс» тақырыбындағы **4-ТАРАУДА** еріктілер топтарының үйлестірушілеріне, оларда көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру және команда қалыптастыруға қажетті ақпарат ұсынылған. Тиісті дағдыларды тәжірибе жүзінде шыңдау үшін супервайзерлерге семинар-тренингтер ұйымдастырылған.

Жалпы әдістемелік құралда еріктілерді әр түрлі деңгейдегі шараларға даярлайтын барлық қажетті ақпарат қамтылған және келешкте еріктілік қозғалыстың дамуын әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етудің негізі ретінде қолданылуы мүмкін.

1 ТАРАУ

АСТАНАДАҒЫ ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ

1.1. БҮКІЛ ӘЛЕМДІК ЭКСПО КӨРМЕЛЕРІ

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы 1851 жылы Лондонда өткізілген **«БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҰЛЫ КӨРМЕСІНЕН»** басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 1928 жылы Парижде көрме қызметін реттеу мақсатында Халықаралық көрме бюросы (ХКБ) құрылды. Бүгінгі күні ол өте ежелгі және өкілетті халықаралық құрылымдардың бірі (оған 166 ел мүше). Халықаралық көрме бюросы халықаралық көрмелер принциптері мен мақсаттарының сақталуын, халықаралық қызметтесу шеңберінде білім беру, инновациялар саласында, жалпыадамзат мәселелері бойынша пікір алмасу жөніндегі ғаламдық сұқбат-кездесулер ұйымдастыруды қадағалайды. Бүкіләлемдік көрмелерді өткізу орны мен олардың тақырыбы саяси, экономикалық, жағрафиялық және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып анықталады. XIX ғасырда, Өндірістік революциялар, романтизм

және позитивизм қоғалыстары кезеңінде көрме қозғалысын дамытуға қолайлы жағдайлар туындады.

Өзінің құрылғанынан бастап Көрмелер халықтар арасындағы ынтымақтастыққа ұмтылды; сондықтан олар бір мезгілде «витрина» және адамзат прогресімен байланысты мәселелерді талқылау жөніндегі форумдар болып табылды. Кейде Бүкіләлемдік көрмелермен қатар салтанатты даталар мерекеленді. Көрмелер өткен мен бүгінгінің және болашақтың арасындағы байланыстырушы буын. Мәселен, 1889 жылы Парижде Француз Революциясының жүз жылдығы атап өтілді, 1876 жылы Филадельфияда АҚШ тәуелсіздігінің жүз жылдық мерейтойы атап тойланды, 1893 жылы Чикагода және 1992 жылы Севильяда Американың ашылуының бес жүз жылдығы атап өтілді, ал 1915 жылы Сан-Францискода Панама каналының ашылуы мерекеленді.

КӨРНЕКТІ ҒИМАРАТТАР. ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ҚАЛАЛАР.

1851 жылы Лондонда алғаш рет Бүкіләлемдік көрме қаланың орталығындағы барлық экспонаттар сыятын БІР ҒИМАРАТТА өткізілді. Ол үшін сол кезде жаңалық болып табылатын Хрусталь сарай салынды. Оның тіреу құралдарының оранжереясы өзінің

жаңалығымен инженерлік конструкциямен, «Виктория Регия» алып кувшикасындағы қайталанытын суреттерімен ерекшеленді. Хрусталь сарайы техникаға мойынұсынатын жаңа қоғам ұстанатын жаңа діннің шіркеуі ретінде бой көтерді.

2006 жылы мұнарада 6 719 200 адам, ал оның салыну тарихынан

2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін 236 445 812 адам болған. Бүгінде Эйфель мұнарасы әлемдегі ең көп адам келетін және ең көп суретке түсірілетін нысан болып табылады.



ЭЙФЕЛЬ МҰНАРАСЫ уақытша ғимарат ретінде 1889 жылғы әлемдік көрменің кіреберіс дарбазасы қызметін атқару үшін жобаланып, салынған болатын. Мұнараны (көрме өткен соң, 20 жылдан кейін) жоспарланған ысырудан оның ұшар басында орнатылған радиоантенналар құтқарды. Бұл радионың қолданысқа ену дәуіріне тұспа-тұс келген. Уақыт өте келе құрастырушы Гюстав Эйфельдің құрметіне аталған мұнара Париждің нышанына айналды.

1876 жылы Александр Беллмен АҚШ-та патенттелген **ТЕЛЕФОН** «сөйлейтін телеграф» деп аталды. Белл тұтқасы адамның сөзін жеткізу және қабылдау үшін кезек бойынша қызмет етті. А. Беллдің телефонында қоңырау қарастырылмаған. Оны кейін А. Беллдің әріптесі Т. Ватсон (1878 жылы) ойлап тапты. Абонент тұтқа арқылы ысқырықтың көмегімен шақырылды. Бұл желілінің әрекет ету ұзақтығы 500 метрден асқан жоқ. Александр Белл ұзақ уақыт бойы телефонның ресми өнертапқышы ретінде саналды. Тек 2002 жылғы 11 маусым күні АҚШ Конгресі № 269 қарарда телефонды ойлап табу құқығы Антонио Меуччиде екендігін мойындады.

1876 ЖЫЛҒЫ 14 АҚПАНДА Александр Белл өзінің өнертабысы бойынша Вашингтондық патенттік бюроға өтінім жолдады.

Дәл сол күні Чикагода тұратын өнертапқыш Элиша Грей **«ВОКАЛДЫ ДЫБЫСТАРДЫ ТЕЛЕГРАФ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУГЕ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫСЫНА»** алдын ала өтінім ұсынды. Бірақ көп ұзамай Грей өзінің алдын ала өтінімінен бас тартты. Бұл жағдай бойынша телефонды кім бірінші ойлап тапты мәселесі төңірегінде көптеген пікірталастар орын алды.

1876 ЖЫЛҒЫ 7 НАУРЫЗДА Александр Белл телефонды ойлап табуға патентті иеленді. Бір қызығы, А. Белл телефоннан гөрі «жан-жақты телеграфты» құрастыруға тырысқан. Сол кезде телеграфияда желілердің үлкен тапшылығы байқалған болатын.

1876 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМ. Александр Белл тұңғыш рет өзінің телефон аппаратын Филадельфиядағы Бүкіләлемдік электр-техникалық көрмеде паш етті..

1855 жылдан бастап Бүкіләлемдік көрмені бір ғимаратта өткізу концепциясы ескіріп, көрме кеңістігін ұйымдастырудың жаңа нысаны – көрме алаңдары туындады. Сөйтіп, халықаралық көрме қалашықтары пайда болды. 1893 жылғы Чикагодағы «Ақ қала» осындай қалалардың алғашқы қарлығашы. Көрмелеуді бұлай ұйымдастыру салынған нысанардыкелешекте де пайдалануға мүмкіндік береді: экспозициялар көлдің айналасынағы арналар мен салаларда орналасты.

Бүкіләлемдік көрмелерде ұсынылған өнерлер арасында маңызды орын сәулетке берілді. Көрмені қабылдаған қалалар заманауилықтың, техникалық прогрестің, және бүкіл әлемге танымалдықтың белгісі болуға лайықты бірегей ғимараттар салуға тырысты: Брюссельдегі Атомиум, Барселонадағы Монжуич Ұлттық сарайы, Париждегі Эйфель мұнарасы...

THE GREAT EXHIBITION OF WORKS OF INDUSTRY OF ALL NATIONS (Барлық ұлттар өнеркәсібі жұмысының ұлы көрмесі) ең алғаш сонау 1851 жылдың қазан айында Лондондағы Гайд-паркте өтті. Көрме адамзаттың технологиялық мүмкіндіктерін көрсетудің ең танымал алаңына айналып, өзінің әлемдік пішімін сақтап қалды. Бүгінгі Ехро — ғылыми ой өзінің өмірге икемділігі мен біреудің бизнес-мүмкіндіктеріне сүйенуге ықылас білдіруін дәлелдейтін орын.



- Қазақстанның ЭКСПО-мен сабақтасатын қазіргі тарихы 2005 жылдан бастау алады. Ал 2015 жылдың 11 маусымында Қазақстанға көрменің тіркеу құжаттамасын ойдағыдай қорғағаны мен өзіне жоғары міндеттемелер қабылдағанының дәлелі (куәлігі) ретінде Expo-2017 туы тапсырылды.
- 2017 жылы Астананың тыныс-тіршілігі үш ай бойы Expo режимінде және ғаламшардағы жетекші медиа-алыптар телекамераларының түсіруімен өтеді. Астанада «Болашақ энергиясы» ұранымен өтетін ЭКСПО 2017 көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды, оның тақырыбы жан-жақты терең қызығушылық танытатын, қоғамдастықтардың тіршілігін анықтайтын және осы қоғамдастықтардағы адамның күнделікті тұрмыс-ахуалын айқындайтын фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін энергия болып табылады.
- Болашақтың энергиясы — бүкіл әлем қызығушылық танытып отырған тақырып. Әрі ол энергияның күн, жел, геотермальды сияқты баламалы көздері ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі де көздері, сондай-ақ атмосфераға көмірқышқыл газдарының шығарындыларын азайту, мұнайды пайдалану, қоршаған ортаны ластау мен ғаламшардағы минералды және көміртек ресурстарының сарқылу мәселелері. Қазақстан – ТМД елдерінің ішінде «жасыл экономикаға», жаңартылатын энергия көздеріне өту тұжырымдамасын қабылдаған жалғыз ел.
- Ұйымдастырушылар үш қосалқы тақырыпты анықтады: бірінші – көмірқышқыл газы таралымдарын қысқарту, екіншісі – энергия тиімділік, үшіншісі – барлығы үшін энергияның қол жетімдігі. ЭКСПО-да ұсынылатын технологиялар өмірге жемісті түрде кірістіріле алады.
- ЭКСПО аумағында іске қосылған барлық экотехнологияларды паш ету жоспарланған.
- Көрме ғимараттарының төбелері күн батареяларымен жарақталатын болады. Кейбір құрылымдарда электр энергиясын өндіретін турбиналар орнатылатын болады. Салқындату немесе жылу жер астынан берілетін болады.

Ғаламшар мен ЭКСПО нышаны ретінде әлемдегі ең үлкен шар тұрғызылады. Шар түріндегі ғажайып ғимарат жасау - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың идеясы болатын. Қазақстандық павильон - орталық, оның айналасында - халықаралық павильондар орналасады. Бұл бірегей және нағыз таңғажайып көрініс болады: жартылай дөңгелек шынылармен жабылған ол жарқырап тұрады әрі оны «теледидарға» айналдырып, ғарыштан да көруге болады.

Жоғары технологиялар мұражайымен қатар мұнда біздің шежіремізді, тұрмысымыз бен дәстүрлерімізді, дамуымыз бен жетістіктерімізді көрсететін, қазақтың тарихы туралы баяндайтын мұражай да орналасады. Бұл кешен халқымызды таныстыру мақсатында жасақталады

2014 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІРДЕ Қазақстан Президенті ресми түрде капсуланы салып, құрылыс жұмыстарын бастап берді. Жобаны 2016 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Ал келесі жарты жылдың ішінде барлық нысандар сынау тәртібінде, басты дайындықта жүргендей жұмыс жасайтын болады.

САРАПШЫЛАР ЭКСПО ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫН АҚТАЛАТЫНЫНА СЕНИМДІ. Астананың дамуы бұрын жоспарланып қойған жерлерде құрылыс жұмыстары қолға алынды. Қаланың үлкені бағыты бойынша жолдар төселуде, инженерлік желілер, су, газ, канализация тарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Expo — бүкіл ғаламшардың көзінше Қазақстанның беделіне жұмыс істейтін тұңғыш ірі халықаралық жоба.

БҰЛ ЕЛІМІЗДЕГІ ТУРИЗМДІ БЕЛСЕНДІ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕТІН НАҚТЫ МҮМКІНДІК. Ықтимал туристерді Астана, Бурабай, Алматы мен Байқоңыр қызықтырады. Біздің жоспарымыз бойынша, онда саяхатшыларды жүрдек пойыз жеткізетін болады. Туристерге арзан және жайлы экскурсиялар қамтамасыз етіп, елімізді танымалдығын арттыруға жол ашылады. Осылайша табыс табуға жол ашық. Шетелдіктер үшін жеңілдетілген визалық тәртіпті енгізу жұмыстары қолға алынып, кейбір елдермен визасыз тәртіп бекітілген.

ЭКСПОҚҰРЫЛЫСЫ БАРЫСЫНДА ОНДАҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҚҰРЫЛАДЫ. Салынатын тұрғын үйлердің көлемі де үлкен. Олар мемлекет қаржысы есебінен тұрғызылмайды. Бүгінгі таңда ЭКСПО-2017 дайындық шеңберінде 500 миллион доллар инвестиция тұрғын

үй құрылысына, қонақ үйлер мен бизнес-орталықтар тұрғызуға жұмсалып отыр. Одан бөлек ЭКСПО өткізу кезінде шағын және орта бизнес өкілдері табысқа кенеле алады. Бұл жерге өз қаражатын, көрме аумағында ғана емес, бүтін Астана мен Қазақстанда жұмсайтын көптеген адам легі келеді. Сонымен бірге ЭКСПО есебінен астана үшін маңызды жаңа нысандардың бой түзуін де естен шығармаған жөн.

КӨРМЕДЕН KEЙІН ЭКСПО-2017 ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА БОЙ КӨТЕРГЕН НЫСАНДАРДЫ КЕЛЕШЕКТЕ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ӨЗГЕРТУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. МӘСЕЛЕН, БИІКТІГІ СЕГІЗ МЕТР СТАНДАРТТЫ КӨРМЕ ПАВИЛЬОНДАРЫНДА АРНАЙЫ САҢЫЛАУЛАР ҚАЛДЫРЫЛАДЫ. ОЛАР НЫСАНДЫ ЕКІ ҚАБАТҚА БӨЛУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Жоспар бойынша көрме павильондары аумағында «А» класындағы кеңселер, оқу зертханалары немесе дәріс залдары орналасады. Көрме аумағының бір бөлігін балаларға, жасөспірімдер мен жастарға арналған ойын-сауық алаңы етіп қалдыру керек деген ұсыныстар да бар.

ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МҰРАЖАЙЫН АШУ ДІТТЕЛІП ОТЫР. Бұл қазақстандық павильон қабатының бір бөлігінде орналасып, тұрақты түрде жаңаратын экспозицияға айналады. 2016 жылдың соңына қарай британдық компаниялар жасап жатқан тұжырымдама дайын болуы тиіс. Ол студенттер мен жоғары сынып оқушыларына арналған ғылыми-танымдық, оқыту орталығы болса керек. Бүгінде ЭКСПО үшін салынған базада кадрларды оқыту мен қайта даярлау үшін Google, HP, IBM сияқты компаниялармен келіссөздер жүргізілуде.

КӨҢІЛ КӨТЕРЕТІН ОЙЫН-САУЫҚ ШАРАЛАРЫ – АСА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ.

- ✓ Көрмеге келушілер зияткерлік тұрғыдан байып қана қоймай, көңіл де көтерулері қажет. Концерттер, шоу-жобалар, көрмелер, театрлық қойылымдар тәрізді отандық және әлемдік жұлдыздардың қатысуымен жасалатын жарқын, қазіргі заманғы және қызықты бағдарлама алдын ала үш айға белгіленеді.
- ✓ Билеттерді он күн, бір ай бұрын жеңілдікпен сатып алуға болады. Сонымен бірге ЭКСПО кезінде 174 гектар аумақта (күніне 70-90 мың адам келеді деп күтіледі!) кәдесыйлар, фуд-корттар тәрізді нақты коммерциялық аймақтарға орын табылады...
- ✓ Қадамдық қолжетімділіктегі жоғары технологиялар — отандық ғылымның болашақ табыстарының, демек еліміздің жалпы жетістігінің кепілі.



1.3. АСТАНА -КАЗАҚСТАН АСТАНАСЫ

Астана – Қазақстан астанасының жаңа атауы. Қаланың бұрынғы атауы– Ақмола (бұған дейін Ақмолинск).

Осы атаудың шығутегінің бірнеше нұсқалары бар. Біріншісінде Ақмола ақ түсті әктас белесіне орай аталған делінеді. Екінші нұсқа византиялық Прокопиус авторына тиесілі. Ол өз еңбектерінде ғұндар биік белесті немесе қамалды «мола» деп атаған дейді. Ал үшінші нұсқада: Ақмола молшылығымен әрі ет және сүт (қымыз, айран, құрт, шұбат және т.б.) тағамдарының әртүрлілігімен танымал ірі қара мал жәрмеңкелерінің басты орталығы болған. Осыған орай қаланың атауы «киелі ақ мекен» немесе «ақ мол» ретінде аударылады.

Қазақ Кеңес энциклопедиясында «Ақмола – ақ тастан жасалған құрылыс, оның төрт бұрышты қабырғаларына күмбез салынған, ол киіз үйдің жоғарғы бөлігіне немесе шардың жартысына ұқсас келеді. Күн көзінде жарқырайтын күмбез алыстан көрініп, Есіл өзенінің жағасына ерекше сұлулық береді». Сондықтан бұл өңір Ақмола деп аталып кеткен.

Ежелден-ақ Ақмоланың иен даласы әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттер тоғысатын мекенге айналған. Б.з. дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасында тарихшы Геродот өз еңбектерінде дәл осы жер арқылы өткен Үлкен Дала (кейін Ұлы Жібек жолы) арқылы бағдар жайлы жазған болатын. Кереуен жолдар дәстүрлі түрде мал шаруашылығымен және ауыл шаруашылығымен айналысатын қалалардағы сауданың және қолөнер өнеркәсібінің қарқынды түрде дамуына әсер етті.

БОЗОК

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің **«ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ»** кітабында Қазақстанның қазіргі астанасы бос жерде емес, ежелгі заманнан бері адам қоныстанған аумақта пайда болғанын ерекше атап өтті. Оған Еуразия құрлығының дәл ортасында мыңдаған шақырымға жайғасқан ұлы және шексіз Сарыарқа даласының саяси және рухани орталығына айналған орта ғасырлық Бозоқ қалашығының жақында ашылуы дәлел.

Астана қаласынан бес шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қалашығы қазақстандық астананың мыңжылдық мұрагері саналады.

АҚМОЛИНСК

XIX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстанның иен даласында Ақмола елді мекенінің орнында ортаазиялық аймақтағы маңызды коммерциялық және экономикалық орталыққа айналған Ақмолинск қаласы пайда болды. Сол кезде тұрған халықтың саны 2 адамнан асып жығылды. Бірақ кейінгі 30 жылда қаланың халқы үш есе арта түсті.

ЦЕЛИНОГРАД

Өткен ғасырдың 60 жылдарында қала өмірінде жаңа кезең бастау алды: 1960 жылдың желтоқсанында жүз мың тұрғыны бар қала солтүстік Қазақстанның тың игеру орталығы атаңды. 1961 жылы Ақмолинск атауы Целиноградқа, 1992 жылы – Ақмолаға, ал 1998 жылдың 6 мамырында – Астана қаласына өзгертілді.

АЛМАТЫДАН АСТАНАҒА

XX ғасырдың соңғы онжылдығында тың игерушілердің қаласы жаңа тынысқа ие болды – әлем картасында Қазақстан Республикасы пайда болып, Ақмоланың ежелгі иен даласы тіршілікке бөленудің арқасында таңғажайып қала Астана бой көтерді.

Жаңа Қазақстанның елордасы ретінде Астананың таңдалу себептері көп. Бұрынғы астана Алматы шалғайда еліміздің оңтүсігінде орналасқан, ал оның халқы 1,5 миллион адамнан асып жығылды. Алматыдағы құрылыс жұмыстарының тығыздығы қаланы дамытуға ешбір мүмкіндік қалдырмады. Күре жолдардағы көлік жүктемесі және «Оңтүстік астанадағы» экологиялық жағдайлар жақсартуды талап етті. Бұл Қазақстан қалаларының күрделі экологиялық мәселесіне айналды.

Жаңа тарихта заманның жаңа қатерлеріне нақты жауап ретінде астананың көшірілуіне жүгіну жиі кездесетін жағдайға айналғаны байқалады. Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына жаңа серпін береді. Жаңа ірі еуразиялық мемлекет үшін жаңа жалпы ұлттық нышанның қажеттігі туындады. Жаңа астанаға, 21 ғасырдың қаласына жасампаздықтың, жаңашылдықтың рухын және Батыс пен Шығыс кездесетін орын ретінде Қазақстанның рөлін жан-жақты сипаттау міндеті жүктелді.

Сондықтан Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтің шешімімен Ақмола (Астана) Алматыға таптырмас балама ретінде таңдалды. Елбасының пікірі 32 факторды назарға алған жалпы ұлттық зерттеуге негізделді. Оның ішінде әуелі әлеуметтік-экономикалық индекстер, климат, табиғи көріністер, сейсмикалық жағдайлар, қоршаған орта, көлік инфрақұрылымы, қызмет көрсетудің құрылыс құрылғылары, жұмыс күші басты назарға алынды.

ЮНЕСКО басшысының пайымы бойынша Астана жас мемлекеттің тәуелсіздігі нышанына айналды.



АСТАНАНЫҢ КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ

БӘЙТЕРЕК

Бәйтерек – Қазақстанның елордасында орналасқан монумент, қаланың басты көрнекті орындарының бірі. «Бәйтерек» жас, мықты, өсіп келе жатқан ағаш ретінде өзінің тарихи тамырын сақтаған және болашаққа талпынуға ниетті мемлекеттің көрсеткіші саналады.

Монумент жобасының авторы – әйгілі ағылшын сәулетшісі Норман Фостер. Бәйтерек монументі 2012 жылы ашылып, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғаға, халық өмірінің жаңа кезеңіне айналды. Мұнараның құрылымы үш негізгі құрылымнан тұрады – жер асты, жер үсті және аспан әлемі.

«Бәйтерек» монументі – металдан, шыны мен бетоннан жасалған бірегей сәулет құрылысы. Оның пішіні таң қалдырады: биіктігі 105 метрлік металл құрамасынан, салмағы 1000 тоннадан жоғары 500 жуық қададан тұрады. Әлемде бірінші рет диаметрі 22 метрлік және салмағы 300 тоннадан тұратын күннің түсуіне қарай түсін өзгертетін «хамелеон» шынысынан жасалынған шар 97 метр биіктікке көтерілді.

«Бәйтерек» монументі өзінің орналасуымен және композициялық құрылысымен ежелгі көшпенділердің космогониялық түсінігін көрсетеді.

Аспанды өзінің алып қанаттарымен жауып қасиетті құс Самұрұқ ұшып келеді. Ол биік жапырақтарды паналап өмір мен үміт әкелетін алтын жұмыртқа - Күнді салу үшін Өмір ағашы Бәйтерекке ұмтылады. Ал астыңғы жағында дәл түбірінде өзінің сағатын күтіп, күннің орнына түнді, жаздың орнына қысты шақыратын аш Айдахар күтуде. Осылайша зұлымдықпен адалдықтың арасындағы таусылмас күрес пайда болады, екі өмірдің ортсында өзінің суымен Әлем көлі ағады, оның жағасында тамырымен жерді ұстайтын, өзінің салаларымен аспанға өрлейтін Бәйтерек көтеріледі...

Ұлы ағаш байырғы антогонизмінде өлім мен өмірді теңестіреді – дүниежүзілік әмбебап мифологиялық концепцияларының бірі. Жер қыртысында дүниеге келіп, ол өзінің мәңгілік жолдан өтеді және ұшы қиырсыз аспанға кетеді.

БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ-АСТАНАДАҒЫ «ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗІНШІ КЕРЕМЕТІ»

Пирамидалар – бұл тек Египет қана емес, олар енді Қазақстанда да бар. 2006 жылы Астанада ашылды. Ол түзу төрт жақты пішінге ие. Кейбіреулер пирамиданы «Әлемнің сегізінші кереметіне» теңейді. Әйгілі сәулетші Норман Фостермен салынған пирамиданың таң қалдыратын тұстары да аз емес. Онда алтын қима қарастырылған: табан қабырғасының ұзындығы 62 метрге, биіктігі де 62 метрге тең.

Бейбітшілік және келісім сарайының пирамидасында концертті-опералық зал, мәжіліс-залдары, көрме галереялары, бақ орналасқан. Бұл ретте олардың барлығы ерекше безендірілген: түрлі паннолардан, мүсіндерден, суреттер мен инсталляциялардан тұрады. Ең үлкен мәжіліс залы «Хеопс Атриум» деп аталады. Оның аумағы 2000 ш.м асып жығылады. Пирамиданың жоғары тұсында «Бесік» шағын мәжіліс залы орналасқан. Бұл көпшілікке белгілі әлемдік дін көшбасшыларының конференциясын өткізетін орынға айналды.

Бейбітшілік және келісім сарайы- Қазақстандағы бірегей ғимарат, оның жарқырайтын қырлары елорданың сәнін арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар кешқұрым ғимараттың күмбезі жарқын шамдарымен ерекше көз тартды. Ол шамшырақ іспетті халық пен діндер бірлігіне жол сілтейді.

«АҚ ОРДА» ПРЕЗИДЕНТ САРАЙЫ

Әлемнің бірде-бір астанасы Президент резиденциясын айналып өте алмайды. Қазақтан Республикасының жаңа астанасы ресми түрде жарияланған 5 жылдан кейін «Ақ Орда» Президент сарайының ресми тұсаукесер рәсімі өтті. Алайда бұл ғимарат жабық мемлекеттік нысан болып табылмайды. Бұл жерде Президенттің бастамасымен тұрақты түрде экскурсиялар ұйымдастырылады. Ақ Ордаға кіру үшін қойылатын маңызды шарт бар: Президент Резиденцияда болса, онда Сіз ғимараттың ішіне кіре алмайсыз. Егер басқа мемлекеттің басшысы болмасаңыз.

«ҚАЗАК ЕЛІ» МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІ

Мүсін Тәуелсіздік сарайын қамтитын бірыңғай сәулеттік-құрылыс кешенінің бір бөлігі болып табылады.

Мемориалдық кешен тікке шаншылған стелла түрінде жасалған. Оның ұшар басында алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық орнатылған және діңгектің негізінде төрт қола барельефтері: «Қазақстанның тұңғыш президенті және халық», «Қаһармандық», «Жасампаздық» және «Болашақ» жайғасқан.

Мүсіннің биіктігі 91 метрді құрайды, бұл өз кезегінде Қазақстан тәуелсіз атанған 1991 жылды білдіреді. Кешеннің мәрмәрдан құйылған діңгегі Қазақстан халқының ақ ниетін және этникараалық үйлесімдігін паш етеді. Самұрық құсы бейнеленген стелла қазақстандықтардың келешектегі даму мен гүлденуге ұмтылғанын білдіреді.

ӘЗІРЕТ СҰЛТАН – АСТАНАДАҒЫ КҮМБЕЗДІ МЕШІТ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ САНАЛАДЫ.

Мешітте биіктігі 63 метрді құрайтын төрт мұнарасы бар. Бұл Мұхаммед пайғамбардың өмір сүрген жасын білдіреді. Бас мұнараның 40 метрлік биіктігі оның пайғамбарлық миссиясы басталған жасына сәйкес келеді. Ал жалпы аумағы 3930 шаршы метрге тең. Мешіт Катар мемлекетінің қолдауымен бой көтерді.

ыйымдылығы 3082 адамға арналған Конгресс-зал, 268 орындық Мәжіліс залы, 220 орны бар Баспасөз-орталығы, сахна және дыбыс аппаратурасымен жабдықталған, сыйымдылығы 678 адамдық кең мейрамхана орналасқан.

Конгресс-залдың көлемі 70x70 метрді, жалпы ауданы 4 775 шаршы метрді, сыйымдылығы 3082 адамды құрайды. Ол бағаналарсыз және тірексіз слынған. Бұл өз кезегінде оны өзгертілетін панельдердің көмегімен бірнеше бөлікке бөлуге мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы автономды тәртіпте жұмыс жасай алады. Қажеттігі туындағанда сенімді дыбыс оқшаулағыш біруақытта бірнеше шараны өткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы аумағы 300 шаршы метрді құрайтын және сыйымдылығы 273 отыратын орын қарастырылған салтанат залы дыбысты ұлғайтатын құрылғымен жабдықталған. Бұл аса ерекше салтанатты шараларға арналған. Екінші қабатта қолданбалы өнер, этнография, археология және антропология галереясы орналасқан.

Ғимараттың үшінші қабатында Астана қаласы тарихының мұражайы, 49 орындық 4D кинотеатры, сонымен қатар «Астана 2030» макет залы орналасқан. Онда «Model Park» оңтүстіккореялық компаниясымен жасалған, ауқымы 1:600 (25x40 м) құрайтын Астананың макетінде елордамыздың 2030 жылға дейінгі даму жоспары көрсетілген.

Бірегей сәулет өнеріне айналған «Тәуелсіздік Сарайы» халықаралық форумдар мен ауқымды шараларды өткізудің басты алаңы болып табылды.

ДУМАН ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Бүгінгі таңда «Думан» ойын-сауық орталығының океанариумы ТМД елдері арасындағы ең тұңғыш және әзірге жалғыз саналады. Бұл мұхиттан 3000 шақырым қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз океанариум. Қазақстандық океанариумдағы судың көлемі 3 млн литрге жетеді. Оның құрылысына 120 тонна теңіз тұзы арнайы әкелінген. Океанариумда әлемнің әр түкпірінен жеткізілген теңіз мекендеушілерінің 2000-нан аса түрі бар. Олардың өмір сүруі қамтамасыз етудің бірегей жүйесі – бұл океанариумның жүрегі мен өкпесі. Ол 11 шақырымға созылған құбырдан (құбырлар балықтар үшін қауіпсіз материалдан дайындалған), 34 мықты сорғыдан, үлкен 6 құм сүзгілерінен (әрбір сүзгінің сыйымдылығы – 200 мың литр) және судың қажетті химиялық құрамын және оның мөлдірлігін қамтамасыз ететін суды тазалай жүйесінен тұрады.

ХАН-ШАТЫР – ӘЛЕМДЕ ӘЙГІЛІ ЭКОҒИМАРАТТАРДЫҢ БІРІ

Хан-Шатыр – бұл Астананың заманауи сәулетіндегі тағы бір ерекше көрнекті орын. Сонымен қатар ірі сауда-ойын-сауық орталығы саналады. Бұл әлемдегі ең үлкен шатыр болып табылады: шатыр бойынша биіктік 150 метрге, ал жалпы аумағы 127 мың шаршы метрді құрайды.

2010 жылы ашылған Хан-Шатыр шатыр түрінде орналасқан, тартылған болат арқандардың арқасында арнайы мөлдір жабынды ұсталады. Жабындының арнайы химиялық қаптамасы шатырдың кеңістігін температураның құбылуынан қорғайды және ерекше микроклиматтың сақталуына септеседі. Осы және басқа технологиялардың арқасында Хан-Шатыр әлемдегі эко-ғимараттардың ондығына кірді. Бұл бірегей ғимараттың сәулетшісі Норман Фостер елордамыздағы бірқатар сәулеттік ғажайыптардың авторы болып табылады.

Шатыр күмбезінің астында әртүрлі сауда-ойын-сауық орындары орналасқан: фирмалық дүкендер және бутиктер, супермаркет, компаниялардың кеңселері, мейрамханалар мен дәмханалар, ойын алаңдары мен отбасылық саябақтар, кинотеатрлар және аквапарк. Бұл ретте аквапарктің жасанды жағажайы бірегей жүйеге айналған: бұл жерде Цельсий бойынша температурасы 35 градус шамасында тропикалық ауа райы орнатылған, ал құм Мальдив аралынан әкелінді. Сонымен қатар Хан-Шатырдың негізгі бөлігін қамтитын нағыз американдық төбешіктенбарлық шатыр бойынша жүріп өтуге болады.

1.4. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ - НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ОҚИҒАЛАР

Қазақстан – тарихи және мәдени өткені бай мемлекет. Еуразияның дәл ортасында орналасқан Қазақстан әлемнің ежелгі өркениеттерінің түйіскен жерінде, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы, Еуропа мен Азия арасындағы, еуразиялық құрлықтағы ірі мемлекеттік құрылымдар арасындағы көлік күретамырларының, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық байланыстардың қиылысында орын тепкен. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде Қазақстан аумағында өзіндік мәдени шежіресі бар мемлекеттер құрылды және дамыды. Бүгінгі Қазақстан олардың мұрагері екендігі даусыз.



Қазақстанда алғашқы адамдар 1 млн жыл бұрын ежелгі тас заманында пайда болған. Ежелгі адам төменгі палеолит дәуірінде өмір сүруге қолайлы, аң мен құсқа және жабайы жеміс-жидекке бай Қаратау шатқалын мекендеген. Оған тас дәуіріне жататын ең ежелгі тұрақтардың табылуы дәлел. Біртіндеп орта және жоғары палеолит дәуірі кезінде Орталық және шығыс Қазақстанның Маңғышлақтың жерлеріне адамдар із салған. Солтүстік Қазақстан облысындағы неолит кезеңіне жататын Ботай қонысындағы қазба жұмыстары Қазақстан жылқыны меңгеруге көшкенін және көшпелі өркениеттер қалыптасқанын көрсетеді.

Қола дәуірінде, төрт мың жыл бұрын Қазақстан аумағын андронов және беғазы-дандыбай мәдениетінің ру-тайпалары мекендеген. Олар егіншілік және малшаруашылығымен айналысып, екі немесе бірнеше жылқыны байлап әскери арбаны меңгерген жауынгерлер болған. Екі дөңгелекті арбаларды тау жартастарында бейнелеген петроглифтері осы күнге дейін сақталған. Олардың жерлеу орындары ауқымды тас немесе топырақ үйінділері Сарыарқа даласындағы Беғазы мен Дандыбай, Арал маңының Түгіскен қорымдарында орналасқан. Жерлеу орындарына қайтыс болған адаммен қоса оның балтасын, қоладан жасалған қанжар мен найзаларын да, ал кейбір ескерткіштерде жауынгер арбаға байланған жылқыларын да жерлеген. Бұл кезең адамдары тек тамаша әскерилер мен егіншілер бола қоймай, сонымен қатар, қоладан балта, қанжар, әшекейлер жасап білген жақсы металлург болған. Тіпті сол кезеңдерде мыс кен орындарын өңдеу басталған, олар әлі деқолданылады, бұл - Жезқазған және Саяқ мыс карьерлері. Бұл тайпалар Қазақстан аумағын б.з. дейінгі XVII ғасырдан бастап б.з. дейінгі IX- VIII ғғ. Аралығында мың жылға жуық уақыт бойы мекендеген.

Біздің дәуірімізде I-ші мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында Орталық Азияның иен даласында көшпелі скиф-сақ өркениеті өркендеді. Бұл мәдениеттің ескерткіштері әлі күнге дейін сақталған. Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі қорғандардан табылған «аң стиліндегі» тұрмыстық заттар мен әшекейлер бей-жай қалдырмайды. Өнер туындылары алтыннан және күмістен жасалған. Алматы қаласының жанында Есік қалашығынан табылған Алтын сақ жауынгерінің обасы өзінің тұтастығымен, сұлулығымен және көркемдігімен танымал. Есік қорғанында «Алтын адам» жерленген жерде түбіне 26 таңбалы жазу түсірілген күміс тостаған табылды. Бірақ жазу әлі де оқылған жоқ. Ғалымдардың бірі жазба иран тілдерінің бірінде қашалғанын алға тартса, екіншілері бұрынғы түрік ілінде жазылған деп санайды. Десек те бұл уақытта орағасырлық және қазіргі қазақтардың бейнесі мен тілі, психологиялық таптауырындар, мәдениеттің, тұрмыстың және халықтық салт-дәстүрлердің белгілері қалыптаса бастайды.

Бұдан кейінгі ғасырларда қазіргі Қазақстанның кең даласында мықты ғұн мемлекеті қалыптасты. Олар сол дәуірдің әлемдік геосаяси картасына өздерінің ықпалын жүргізді. Атилла бастаған ғұн жауынгерлеріне Ұлы Рим империясы төтеп бере алмады. Ғұндар тек жерлерді ғана жаулап алған жоқ. Олар Еуропада өздерінің мәдени жетістіктерін кеңінен таратып, қазіргі мәдени адамның бейнесін қалыптастыруға елеулі үлес қосқаны белгілі.

Түркі тілдес тайпалар ғұндардың мұрагеріне айналды. Олар бірқатар ірі мемлекеттік құрылымдарды құрды: Шығыста Сары теңізден Батыста Қара теңізге дейінгі жерлерге созылды. Бұл мемлекеттер сол кезең үшін алдыңғы қатарлы мәдениетпен ерекшеленді және тек көшпелі шаруашылыққа ғана негізделмей, бай сауда-қолөнер дәстүрін иеленген бірегей

қалалық мәдениетті қалыптастырды. Осылайша Орталық Азияның (Оңтүстік Қазақстанның аумағы) кең даласында қалалар және кереуен-сарайлар пайда болды. Олар арқылы Византия мен Қытайды байланыстырған Ұлы Жібек жолы деп аталып кеткен танымал кереуен сауда жолы өтті. Дәл осу кезеңде этникалық ортаның өзгеріске ұшырауы байқалады: басымдық орталығы Алтай жері саналған түрік тайпаларының еншісіне тиеді. VI ғасырдың екінші жартысында жазбаша дереккөздерде «түрік» ұғымы қытайша - туцзюе, соғды тілі бойынша «түрк» деп көрсетілген.

Түрік ескерткіштерін археологиялық тұрғыда зерттеу оларды белгілі деңгейде кейбір түрік тайпаларының бірлестігімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Арал маңына және Оңтүстік Оралға бағыт салған Сырдария жағасының айналасындағы кереуен жолының, сонымен қатар барша Таяу Шығыспен Еуропа қымбат аң терілеріне қол жеткізген Орталық Қазақстан және Сібірдің оңтүстік-батыс аудандарына Алтай арқылы өтетін «бұлғын жолдың» маңыздылығы аса жоғары. Бұл жолдарда ірі қалалар мен сауда орталықтары бой көтерген. Ұлы Жібек жолы сауданың дамуына ғана серпін берген жоқ, сонымен бірге ғылым мен мәдениет саласындағы жетекші идеялардың өзгертушісіне айналды. Бұл дәуірге фәлсафашы Әл-Фарабидің (870-959) қызметі тұспа-тұс келді. Көздің жауын алатын қалалық сәулет сол кездің ұлы мұрасы болып табылады. Арыстан Бақтың, ұлы сопы Қожа Ахмет Яссауидің (Түркістан) және Айша Бибінің (Тараз) архитектуралық ескерткіштері әлі де сақталғаны мәлім. Сонымен қатар аймақтың ежелгі көшпелілерімен күнделікті тұрмысына және әлемді қабылдауға мінсіз киіз үй (ағаш торлардан және киізден жасалатын жеңіл бөлшектелетін күмбез тәрізді үй) ойлап табылған.

1221 жылы моңғол тайпалары Шыңғысханның қолбасшылығымен Орталық Азияны жаулап алды. Моңғол шапқыншылығы қазақ халқының тарихына айтарлықтай ықпалын тигізгені белгілі. Шыңғысхан қазақ көшпелілеріне қатысты қабылдаған шаралардың арасында ру-тайпалық бөліністі аумақтық басқарумен ауыстыруға және көшпелілерді басқарушы топ ретінде Шыңғысханның және оның мұрагерлерінің жоғары билігіне біріктіруге талпыныс болған.



XIV-XV ғасырлар тоғысында Оңтүстік Қазақстанның және Орта Азияның аумағында Әмір Темірдің (1336-1405 жж.) үлкен және мықты империясы қалыптасты. Ол өзінің жеңісті жорықтары барысында Орта Шығыстың және Солтүстік Үндістанның кең даласын өзіне бағындырды.

XV ғасырдың екінші жартысында аймақта ортақ тіл мен ділдің және өмір сүру үлгісі негізінде алуан түрлі этномәдени субстраттардан қалыптасқан көшпелі дала халықтарын біріктіру үрдісі басталды.

Алғашқы қазақ хандықтары қалыптасып, XVI ғасырдың бірінші жартысында бір ұлтты қалыптастыру жұмыстары аяқталды. «Қазақ» ұғымы ежелгі түрік тілінен аударғанда «ерікті, тәуелсіз» деген мағынаны білдіреді және қашан да еркіндікке, дербес өмір сүруге талпынған жалпы халықтың мінезін сипаттайды.

Қазақтар негізінен меридиональді көшіп-қонып, жылы жаққа қарай қоныс аударған. Бұл ретте әрбір рудың өзінің нақты қоныс аудару бағдарлары қатаң белгіленді. Оған басқа рулардың қол сұғуға құқықтары болмаған. Осылай-

ша табиғи үрдістердің ауысуына негізделген ру-тайпалық жерді иеленудің және жерді пайдаланудың айтарлықтай үйлесімді жүйесі жүзеге асты.

XVII-XVIII ғасырларда қытайлық боғдыхандармен жіберілген жоңғарлық көшпелі тайпалар қазақ хандығына қарсы басқыншылық жоспарларын орындауға кіріседі. Иен далада сұрапыл шайқастар басталды. Бірақ ру-тайпаға бөлінудің салдарынан тым бытыраңқы болудың, елдің әртүрлі өңірлері аарсындағы экономикалық және әскери-саяси байланыстардың әлсіздігінен 1723 жылы қазақтар жеңіліске ұшырады. Бүгінгі күнге дейін халық арасында «Ақ табан шұбырынды» қасіретті оқиғасы деп аталып кетті.

Қазақ хандары өздерінің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің кепілдеріне қол жеткізу мақсатында шекарасын шығысқа қарай Сібір бағытында белсенді түрде кеңейтуге кіріскен Ресей империясының әскери қорғауына иек артты. Бірақ әскери көмекпен қатар бекініс қалалардың құрылысы, Ресейдің ішкі аудандарынан орыс халқының қоныс аударуы, жайылымдық жерлердің шаруа қожалықтарына

тапсыру, ресейлік әкімшілік-аумақтық бөліністің үлгісі бойынша аумақтық бөлініс жаппай басталып, бұл өз кезегінде Қазақстанның дербес тәуелсіздігінен айырылуына әкеліп соқты.

Халық көтерілісін басқарған Кеңесары ханның тарапынан өлкені отарлауға қарсы батыл түрде қарсылық танытқанымен, Сырым Датовтың ұлт-азаттық көтерілісі, Үлкен жүзде және басқаларында көтерілістер өтсе де, 1871 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет мәртебесінен айырылды. Ресейліктердің Қазақстанның оңтүстік аумақтарында жайғасқан Қоқанд, Бұхар және Хиуа хандықтарына қарсы әскери науқандарынан кейін 1850 және 1860 жылдары Ресейдің оңтүстік Қазақстанды күшпен қосып алуы Қазақстанды отарлаудың соңғы кезеңіне айналған.

Қазақстанның бұдан кейінгі жағдайы жалпы сипатта қоғамды ілгерілетілудің еуропалық үлгісімен және Ресейлік мемлекеттіліктің, халықтың тағдырымен тығыз байланысты болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында отырықшы өмір сүруге көшкен қазақтардың саны артып, олар егіншілікпен айналыса бастайды. Бұл ұланғайыр құнарлы алқаптарды Ресейдің ішкі облыстарынан қоныс аударған ресейлік шаруалардың пайдасына берілумен түсіндіріледі. Қазақстан экономикасы біртіндеп Ресейдің шаруашылық қызметі ая-

сына кіре бастады. Оның аумағында жедел түрде өнеркәсіп, көлік, сауда-саттық салалары дамудың жолына түсті. Ұлттық жұмысшы тобының, зиялы қауымды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

1917 жылғы большевиктердің қозғалысынан кейін Қазақстанда Кеңес билігі орнады. Бірінші дүниежүзілік және азаматтық соғыстар мемлекет бойынша шаруашылықтың тас-талқанын шығарды. 1920-1921 жж. қыстағы үлкен жұттың кесірінен қолдағы малдың жартысына жуығы қырылды. 1921 жылғы жаздағы өнімділікпен қуантпай, елде аштық басталды. Тек 20-шы жылдардың соңына қарай ғана Қазақстандағы шаруашылық қалпына келтірілді. 1920 жылы Қазақстан году автономды, ал 1936 жылы – КСРО құрамындағы одақтық республика атанды.

Қазақстан аумағында мыңдаған ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бой көтеріп, ондаған мың шақырым темір және көлік жолдары төселді. Қазақстан түрлі-түсті және қара металдардың, көмірдің, мұнайдың, астықтың, мал шаруашылығы өнімінің ірі өндірушісіне айналды. 1991 жылы қорғасын, мырыш, титан, магний, қалайы бойынша одақтық өндірістің 70%, фосфор мен хромның 90%, күміс пен молибденнің 60% астамы Қазақстанның үлесіне тиді. Сонымен қатар Қазақстан дәнді дақылдардың ірі өндірушісіне айналды.

Алайда экономикалық дамудың жетістіктері қарапайым қазақ халқының әл-ауқатын арттырудың орнына тапшылыққа ұрындырды. «Әлеуметтік индустриаландыру» әдістерінің соңы жағдайдың ушығуына ұласты. 30-шы жылдардағы ұжымдастыру науқанының нәтижесінде ашаршылық орын алды. Қазақтардың бір бөлігі өздерінің төрт түлік табынымен Қытайға және көршілес ортаазиялық мемлекеттерге бет бұрды. 1931-1934 жылдарда ашаршылықтан және кеселдерден бір жарым миллионға жуық адам көз жұмды. Бұл халықтың 40% құрады.

Қазақстан жергілікті халық санының аздығы бойынша бұрынғы КСРО аумағында жалғыз мемлекет саналды. Бұл жағдай 30-шы жылдары тұрғындардың басым бөлігінен айырылу кесірінен ғана емес, сонымен қатар большевиктік тәртіпке кедергі келтірген КСРО басқа өңірлерінен жүздеген мың адамдарды Қазақстан аумағына көшірілу, оның аумағында 1937-1938 жылдары қуғындаудың құрбанына айналғандар үшін концлагерлерді ашу кесірінен орын алған.

70-80 жылдардың тоғысында КСРО және Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірінде дағдарыс белгілері байқала бастады. Қатаң жоспарлы жүйе ел экономикасының, әлеуметтік саланың дамуын тежеді. Сондықтан қайта құру саясаты ашықтыққа және демократияға сенген Қазақстан халқы арасында кеңінен қолдауға ие болды. Бірақ 1986 жылғы 17 желтоқсанда Алматыда жастардың демократиялық шеруі қатаң түрде басып-шаншылды. Бұл кезекті рет «социалистік» жүйенің құрдымға кететінін көрсетті.

Қазақстан басшылығы 90-шы жылдардың басынан бастап барлық қоғамдық-саяси құрылымда ірі және ауқымды өзгерістерді ендіруге кірісті. 1990 жылғы 24 сәуірде Заңмен Қазақ КСР Президентінің лауазымы бекітіліп, Нұрсұлтан Назарбаев алғашқы Президент ретінде тағайындалды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Мемлекеттік егеменділік туралы Декларацияны қабылдады. Онда алғаш рет аумақтың бөлінбейтіні және дербес құқықтығы бекітілді. Мемлекет халықаралық құқықтың субъектісі ретінде белгіленіп, азаматтық институты және меншік үлгілерінің теңдігі енгізілді.

1991 жылғы тамыз және желтоқсан айындағы оқиғалар Мәскеуде болмаған бүлік және бөлшектену келісімі КСРО тарихына соңғы нүкте қойды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда республика парламенті Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялады.

1991-1995 жылдары мемлекеттің саяси жүйесі қалыптасып, конституциялық рәсімдеу жұмыстары жүргізілді. Егеменді Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылдың қаңтар айында қабылданды. 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумның нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қолданысқа енді. 1997 жылғы қазан айында ҚР Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдау арнап, 2030 жылға дейінгі мемлекеттің даму стратегиясын ұсынды. Бұл құжатта тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы жан-жақты сарапталып, алдағы отыз жылдың ішінде мемлекеттің дамуы бойынша басым бағыттар айқындалды.

2011 жылғы ақпан айында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астана және Алматы қалаларында жетінші қысқы Азиада ойындары өткізілді.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдары» Жолдауы жарияланды. Үздік білім, лайықты еңбек және кемел келешек – 2050 жылға қарай қазақстандықтардың арманы өмірге жолдама алады. Оған дейін біздің еліміз әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруі тиіс.



2017 ЖЫЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАҢДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ ӨТЕДІ.

ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНІҢ ТЕРМИНДЕРІ ТІЗІМІ

№	Русский	English	Қазақша
1	Международная специализированная выставка ЭКСПО-2017 в г. Астана	International Specialised Exhibition EXPO-2017 in Astana	Халықаралық мамандандырылған көрмесі
2	Акционерное общество «Национальная компания «Астана ЭКСПО-2017»	Joint Stock Company "National Company "Astana EXPO-2017"	«Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы
3	Международное бюро выставок	Bureau International des Expositions	Халықаралық көрмелер бюросы
4	Конвенция о международных выставках	Convention Relating to International Exhibitions	Халықаралық көрмелер туралы конвенция
5	Закон об Экспо	EXPO Law	Экспо туралы заң
6	Государственная комиссия по подготовке и проведению Международной специализированной выставки ЭКСПО-2017 в городе Астане	The State Commission for the Preparation and Holding of EXPO 2017 International Specialised Exhibition in Astana	Астана қаласында өтетін ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау және өткізу мемлекеттік комиссиясы
7	Национальный план мероприятий по организации и проведению Выставки на 2013 – 2018 года	The State Commission for the Preparation and Holding of EXPO 2017 International Specialised Exhibition in Astana	Көрмені ұйымдастыру және өткізу бойынша 2013-2018 жылдарға Ұлттық іс-шаралар жоспары
8	Комиссар Выставки	Commissioner of the Exhibition	Көрме Комиссары
9	Тема ЭКСПО-2017 - «Энергия будущего»	The theme of the EXPO-2017 - "Future Energy"	ЭКСПО-2017 тақырыбы - «Болашақ Энергиясы»
10	Подтема 1 – «Сокращение выбросов CO ² »	Sub-theme 1 – "Reducing CO2 emissions"	1 тақырыпша – «CO ² лақтыруларды қысқарту»
11	Подтема 2 – «Энергоэффективный образ жизни»	Sub-theme 2 – «Living energy efficiency»	2 тақырыпша – «Энергетикалық тиімді өмір сүру салты»

№	Русский	English	Қазақша
12	Подтема 3 – «Энергия для всех»	Sub-theme 3 – «Energy for all»	3 тақырыпша – «Барлығына арналған энергия»
13	Возобновляемые источники энергии: • Солнечный свет • Ветер • Дождь • Приливы и волны • Геотермальное тепло • Биомасса	Renewable energy sources: • Sunlight • Wind • Rain • Tides and waves • Geothermal heat (generated by the earth) • Modern biomass	Қайта жаңартылатын энергия көздері: • Күннің жарығы • Жел • Жаңбыр • Судың көтерілуі мен толқыны • Геотермиялық жылу • Биомасса
14	Равный и справедливый доступ к энергии	Fair and equitable access to energy	Энергияға тең және адал қолжетімділік
15	Устойчивое развитие	Sustainable development	Тұрақты даму
16	Выставочная территория	The expo site	Көрме аумағы
17	Зона лучших практик (eBPa)	Energy Best Practices Area (eBPa)	Таңдаулы тәжірибелер аймағы (eBPa)
18	Общественные зоны	Open spaces	Ашық аймақтар
19	Открытая аудитория	The auditorium	Ашық аудитория
20	Тематические павильоны	Theme pavillions	Тақырыптық павильондар
21	Павильон 1 - Мир энергии	Theme pavillion 1: World of energy	1 Павильон - Энергия әлемі
22	1 Павильон - Энергия әлемі	Theme pavilion 2: Energy for life	2 Павильон - Өмірге арналған энергия
23	Павильон 3 - Энергия для всех	Pavilion 3: Energy for all	3 Павильон - Барлығына арналған энергия
24	Павильон 4 - Моя энергия будущего	Pavilion 4: My future energy	4 Павильон - Менің болашақ энергиям
25	Павильоны участников	Participant Pavilions	Қатысушылар павильондары
26	Корпоративные Павильоны	Corporate Pavilions	Корпоративтік павильондары

№	Русский	English	Қазақша
27	Холл энергии	The E-hall/Energy hall	Энергия холы
28	Центр искусств	The arts centre	Өнерлер орталығы
29	Energy screen	Energy screen	Energy screen
30	EXPO Plaza	EXPO Plaza	EXPO Plaza
31	Конгресс-центр	Congress Centre	Конгресс-орталық
32	Форум Энергия Будущего	Future Energy Forum	Болашақ Энергиясы Форумы
33	Культурная и развлекательная программа	Cultural and entertainment program	Мәдени және ойын-сауық бағдарлама
34	Церемонии открытия и закрытия	The opening and closing ceremonies	Ашылу және Жабылу рәсімдері
35	Парад и ежедневное шоу	The parade and daily show	Парад және күнделікті шоу
36	Вход для посетителей	Visitor Entrance	Келушілер кіретін есіктер
37	VIP въезд	VIP Entrance	VIP қақпа
38	Служебный въезд	Service Entrance	Қызмет қақпасы
39	Вспомогательный въезд	Auxiliary Entrance	Қосалқы қақпа
40	Служебные кольцевые проезды	Service ring roads	Қызметтік айналма өтпе жолы
41	Автомобильная парковка для посетителей	Visitor Car Parking	Келушілер автокөліктері тұрағы
42	Парковка VIP-гостей	VIP Parking	VIP-қонақтар тұрағы
43	Прилегающие парковки	Neighbourhood Parking	Іргелес тұрақтар
44	Парковка для сотрудников офисов	Staff Parking	Кеңсе қызметкерлері тұрағы
45	Подземная парковка	Underground Parking	Жерасты паркинг
46	Безопасность	Security	Қауіпсіздік
47	Вспомогательный рабочий персонал	Auxiliary Operational Personnel	Көмекші жұмысшы құрам
48	Информационная технология и информационные процессы	Information Technology and Information Processes	Ақпарат технологияс және ақпарат процестері

№	Русский	English	Қазақша
49	Информационные службы	Information Services	Ақпарат қызметтері
50	Медицинское обслуживание	Medical Care	Медициналық қызмет көрсету
51	Обслуживание парков и садов	Maintaining Parks and Gardens	Саябақтар мен бақтарды күту
52	Операционный центр	Operational Centre	Операциялық орталық
53	Размещение участников и посетителей	Accommodation for Participants and Visitors	Қатысушылар мен келушілерді жайғастыру
54	Связь	Telecommunications	Байланыс
55	Служебная зона	Service Area	Қызмет аймағы
56	Специальное оборудование	Special Equipment	Арнаулы жабдықтар
57	Техобслуживание зданий	Maintaining Buildings	Ғимараттарға техқызмет көрсету
58	Техобслуживание инфраструктуры	Technical Maintenance of Infrastructure	Инфрақұрылымға техқызмет көрсету
59	Техобслуживание общественных мест	Maintaining Public Spaces	Қоғамдық орындарға техқызмет көрсету
60	Уборка	Cleaning	Тазалау
61	Услуги для групп	Services for Groups	Топтарға арналған қызметтер
Туризм			
62	авиакомпания	airlines	әуе компаниялар
63	агентство	agency	Агенттік
64	валюта	currency	Валюта
65	виза	visa	Виза
66	вокзал	railway station / train station	Сапаржай
67	внутренний туризм	domestic tourism	ішкі туризм
68	гостевые дома	guest houses	қонақтарға арналған үйлер

№	Русский	English	Қазақша
69	гостиничная сеть	hotel chain	қонақ үй желісі
70	гостиница	hotel	қонақ үй
71	достопримечательности	attractions	көрнекі орындар
72	европейские страны	european countries	еуропалық мемлекеттер
73	ежегодный отпуск	annual vacation	жыл сайынғы демалыс
74	за границей	abroad	Шетелде
75	Западная Европа	Western Europe	Батыс Еуропа
76	индустрия туризма	tourist industry	Ашылу және Жабылу рәсімдері
77	иностранец	foreigner	шетелдік азамат
78	иностранний	foreign	Шетелдік
79	карта	map	Карта
80	курорты	resorts	Шипажай
81	лечиться на водах	take the waters	суда емделу
82	маршрут (дорога)	route	бағдар
83	международные границы	international boundaries	халықаралық шекаралар
84	международный туризм (выездной туризм)	international tourism	халықаралық шекаралар
85	минеральный источник	spa	Арасан
86	направление	direction	Бағыт
87	небольшой отель (постояль- ный двор)	inn, hostelry	шағын қонақ үй
88	(түнейтін жер)	direction	Бағыт
89	нетронутая природа	unspoiled nature	таза
90	табиғат	paid vacations	төленетін демалыс
91	открытка	postcard	ашық хат
92	отпуск (каникулы)	vacation	еңбек демалысы (каникул- дар)

№	Русский	English	Қазақша
93	отдых	rest	Демалыс
94	парк отдыха с аттракционами	theme park	аттракциондары бар демалыс саябағы
95	пароход	steamship	Кеме
96	паломничество по святым местам	pilgrimages to sacred places	қасиетті жерлерге қажылыққа бару
97	перевозка	transportation	Тасымалдау
98	пляж	beach	Жағажай
99	поездка	journey, trip, tour	сапар шегу
100	поездка по путевке	package tour	жолдама бойынша сапар шегу
101	побережье	seaside, coast	Жағалау
102	популярный курорт	popular destination	танымал шипажай
103	поток туристов	flow of tourists	туристер ағыны
104	прибывать	to arrive	Келу
105	приземляться	to land	жерге қону
106	проводать	to see off	шығарып салу
107	путеводитель	tour guide	Жолсапар
108	путешествия для отдыха	traveling for leisure	демалу үшін саяхатқа шығу
109	развлечение	recreation	ойын-сауық
110	рюкзак	backpack	рюкзак
111	самолет	airplane	Ұшақ
112	современный туризм	modern tourism	қазіргі туризм
113	Средиземноморье	Mediterranean	Жерорта теңізі
114	столица	capital	Астана
115	сувенирные магазины	souvenir shops	кәдесыйлар дүкені
116	термальный источник	thermal spring	термалды дереккөзі

№	Русский	English	Қазақша
117	туристическая фирма	travel companies	Туристікфирма
118	туристические ассоциации	travel associations	туристік қауымдастықтар
119	услуги для путешественников	services for travelers	саяхаттаушыларға арналған қызметтер
120	Центральная Азия	Central Asia	Орталық Азия
121	экотуризм	eco-tourism	Экотуризм
Здоровье			
122	части тела	parts of the body	дене мүшелері
123	бедро	thigh, hip	Жамбас
124	большой палец	thumb	үлкен саусақ
125	бровь	eyebrow	Қабақ
126	висок	temple	Самай
127	волосы (волос)	hair	Шаш
128	глаз	eye	Көз
129	голова	head	Бас
130	горло	throat	Тамақ
131	грудь	chest, breast, bosom, bust	Көкірек
132	желудок	stomach	Асқазан
133	живот	belly, stomach	Қарын
134	Көз	airplane	Ұшақ
135	запястье	wrist	Білек
136	зуб	tooth	Тіс
137	кожа	skin	Тері
138	кость	bone	Сүйек
139	кровь	blood	Қан

№	Русский	English	Қазақша
140	лёгкое	lung	Жеңіл
141	лицо	face	Бет
142	лоб	forehead	Маңдай
143	локоть	elbow	Шынтақ
144	мозг	brain	Ми
145	нога	leg	Аяқ
146	ноготь	(finger / toe)nail	Тырнақ
147	нос	nose	Мұрын
148	палец	finger	Саусақ
149	палец ноги	toe	аяқ саусағы
150	пах	groin	Шап
151	печень	liver	Бауыр
152	плечо	shoulder	Иық
153	подбородок	chin	иек
154	позвоночник	spine, backbone, spinal column	Омыртқа
155	почка	kidney	бүйрек
156	пятка	heel	табан
157	ресница	eyelash	кірпік
158	рот	mouth	ауыз
159	рука	hand; arm	қол
160	сердце	heart	жүрек
161	скелет	skeleton	қаңқа
162	спина	back	арқа
163	стопа	foot	табан

№	Русский	English	Қазақша
164	талия	waist	бел
165	телo	body	дене
166	усы	moustache	мұрт
167	ухо	ear	құлақ
168	челюсть	jaw(-bone)	жақ
169	череп	skull	бас сүйек
170	шея	neck	мойын
171	щека	cheek	ұрт
172	язык	tongue	тіл
Шап			
173	болезни / телесные повреждения	groin	Шап
174	аллергическая реакция	allergic reaction	аллергиялық реакция
175	аллергия	allergy	аллергия
176	амнезия; потеря памяти	amnesia, memory loss	амнезия; есте сақтау қабілетінен айырылу
177	ангина	quinsy, sore throat	ангина
178	аппендицит	appendicitis	аппендицит
179	артрит	arthritis	артрит
180	астма	asthma	астма
181	бессонница	insomnia	ұйқысыздық
182	бешенство	rabies	құтыру
183	болезнь	illness, sickness, disease	ауру
184	заразная	contagious	жұқпалы
185	излечимая	curable	жазылатын
186	неизлечимая	incurable	жазылмайтын

№	Русский	English	Қазақша
187	смертельная	fatal, deadly	асқынған ауру
188	хроническая	chronic	созылмалы ауру
189	болезнь Альцгеймера	Alzheimer's disease	Альцгеймер ауруы
190	болезнь сердца	heart disease	жүрек ауруы
191	больное горло, боль в горле	a sore throat	тамақ ауруы, тамақтағы ауру
192	боль в груди	chest pain	кеудедегі ауру
193	боль в животе	stomachache	іштері ауру
194	боль в спине	backache	белдегі ауру
195	боль в ухе	earache	құлақтағы ауру
196	больничный (отпуск по болезни)	sick leave	Еңбекке жарамсыздық (сырқат бойынша демалыс)
197	больной	ill, sick, diseased	науқас
198	бронхит	bronchitis	бронхтың қабынуы
199	брюшной тиф	typhoid fever	іш сүзегі
200	венерическая инфекция	STI (sexually transmitted infection)	венерологиялық ауру
201	ветряная оспа	chicken pox, chickenpox	Шешек ауруы
202	вирус	virus	вирус
203	ВИЧ	HIV (human immunodeficiency virus)	ИТВ
204	воспаление	inflammation	қабыну
205	воспаление легких	pneumonia	өкпенің қабынуы
206	воспаление миндалин, тонзиллит	tonsillitis, inflammation of the tonsils	қабыну, миндалин, тонзиллит
207	вросший ноготь на пальце ноги	ingrown toenail	аяқ саусағындағы өсіп кеткен тырнақ
208	выздороветь	to recover	сауығу
209	выкидыш	miscarriage	түсік

№	Русский	English	Қазақша
210	высокое кровяное давление	high blood pressure, hypertension	жоғары қан қысымы
211	гастрит	gastritis	асқазан ауруы
212	гемофилия	haemophilia	гемофилия
213	геморрой	haemorrhoids, piles	геморрой
214	гепатит	hepatitis	сары ауру
215	герпес	herpes	ұшық
216	гипотермия; переохлаждение	hypothermia, exposure to cold	гипотермия; салқын тию
217	глухой	deaf	саңырау
218	головная боль	headache	бас ауруы
219	головокружение	giddiness, dizziness, vertigo	бастың айналуы
220	горная болезнь	mountain sickness, altitude sickness	тау ауруы
221	грибок	fungus	қышыма қотыр
222	грипп	flu, influenza	тұмау
223	грыжа	hernia, rupture	жарық ауруы
224	депрессия	depression	күйзеліс
225	диабет	diabetes	сусамыр
226	диагноз	diagnosis	диагноз
227	диарея	diarrhea, diarrhoea	іш өту
228	дизентерия	dysentery	дизентерия
229	дислексия, неспособность к чтению	dyslexia	ежіктеп оқу, оқуға қабілетсіздік
230	дифтерия	diphtheria	дифтерия
231	жёлтая лихорадка	yellow fever	сары безгек
232	желтуха	jaundice	сары ауру

№	Русский	English	Қазақша
233	заболевать / заболеть	to fall ill (with), to be taken ill (with), to be down (with)	науқастану / ауырып қалу
234	заноза	splinter	шөгір
235	запор	constipation	іш қату
236	изжога	heartburn	қыжыл
237	инсульт	stroke, apoplexy, cerebrovascular accident	инсульт
238	инфаркт	infarction, heart attack	инфаркт
239	инфекция	infection	жұқпа
240	кашель	cough	жөтел
241	кишечная палочка	Escherichia coli	ішек таяқшасы
242	конъюнктивит	conjunctivitis	конъюнктивит
243	кровотечение	bleeding	қан / кету
244	лейкемия, лейкоз	leukemia, leukosis	лейкемия,
245	малярия	malaria	безгек
246	менингит	meningitis	менингит
247	мигрень	migraine	бас ауруы
248	мозоль	callus, corn	сүйел
249	насморк	(head) cold, cold in the head, running nose	Тұмау
250	недомогание	ailment, malaise	өзін әлсіз сезіну
251	несварение желудка; нарушение пищеварения	indigestion	асқазанның тамақ қорыта алмауы; ас қорытудың бұзылуы
252	низкое кровяное давление	low blood pressure, hypotension	төмен қан қысымы
253	обезвоживание	dehydration	сусыздану
254	облысение	hair loss, alopecia, baldness	тақыр бас болу

№	Русский	English	Қазақша
255	обморожение	frostbite	үсіп қалу
256	обморок	faint, fainting fit	талып қалу
257	ожирение	obesity	семіру
258	опухоль	swelling, tumor	ісік
259	осложнение болезни	complication of the disease	аурудың асқынуы
260	паралич	paralysis	сал ауруы
261	перелом	fracture	сынық
262	перитонит	peritonitis	перитонит
263	пищевое отравление	food poisoning	Тамақтан / улану
264	пневмония	pneumonia	өкпенің қабынуы
265	понос	diarrhea, diarrhoea	іш өту
266	порез	cut	кесік
267	нервный припадок	fit / attack of nerves, nervous fit	жүйкесі күйіп-пісу
268	простуда	cold	салқын тигізу
269	простудиться	to catch / take (a) cold / chill	салқын тигізіп алу
270	прыщ	spot, pimple	безеу
271	рак	cancer	қатерлі ісік
272	рак лёгких	lung cancer	өкпе қатерлі ісігі
273	расстройство желудка	indigestion, stomach upset	асқазан жұмысының бұзылуы
274	расстройство питания	eating disorder	ас / қорытудың бұзылуы
275	растяжение связок	sprain	сіңірдің созылуы
276	ревматизм	rheumatism	Ревматизм
277	сердечный приступ	heart attack	ұстамалы / жүрек ауруы

№	Русский	English	Қазақша
278	синяк	bruise	көгерген жер
279	склероз	sclerosis	ұмытшақтық
280	рассеянный склероз	multiple sclerosis (MS)	шашыраңқы ұмытшақтық
281	сломать ногу	to break one's leg	аяқты сындырып алу
282	сломанная (сломанная кость, рука, нога)	broken (broken bone, broken arm, broken leg)	сынған (сынған сүйек, қол, аяқ)
283	солнечный ожог	sunburn	күнге күйу
284	солнечный удар	sunstroke	күн өтіп кету
285	сотрясение мозга	brain concussion	мидың шайқалуы
286	СПИД	AIDS (acquired immunodeficiency syndrome)	ЖИТС
287	старческое слабоумие	senile dementia	кәріліктен ақыл -ойдың төмендеуі
288	столбняк	tetanus	сіреспе
289	стресс	stress	күйзелу
290	судорога, спазм	cramp, convulsion, spasm	сіңір тарту, қысылу
291	сыпь	rash, (skin) eruption	бөртпе
292	температура	temperature, fever	температура
293	тепловой удар	heat stroke	ыстық өтіп кету
294	туберкулез	tuberculosis	туберкулез
295	усталость	fatigue	шаршау
296	царапина	scratch	сызат
297	чесотка	scabies	қышыма
298	чувство тошноты	nausea	жүрек айну сезімі
299	шизофрения	schizophrenia	шизофрения

№	Русский	English	Қазақша
300	шишка (опухоль)	swelling, bump	ісік
301	шрам	scar	тыртық
302	экзема	eczema	экзема
303	энцефалит (клещевой)	(tick-borne) encephalitis	Энцефалит (кене)
304	эпидемия	epidemic	індет
305	эпилепсия	epilepsy	эпилепсия
306	язва	ulcer	ойық жара
306	язва желудка	gastric ulcer, stomach ulcer	асқазанның ойық жарасы
307 симптомы / жалобы / рекомендации			
307	симптомы / жалобы / рекомендации	symptoms / complaints / recommendations	белгілер / шағымдар / ұсыныстар
308	беременная	pregnant	жүкті
309	бледный	pale, pallid	өңсіз
310	боль	pain, ache	ауыру
311	бросать / бросить курить	to give up smoking, to stop / quit smoking	Шылым шегуді тастау / тастады
312	в хорошей форме	fit, in good shape	жағдайы / жақсы
313	дышать	to breathe	тыныс алу
314	заплакать	to start / begin to cry, to start crying	жылап жіберу
315	здоровый	healthy	дені сау
316	здоровье	health	денсаулық
317	курить	to smoke	Темекі / шегу
318	Недееспособный (инвалид)	disabled, handicapped	Әрекетке / қабілетсіздік (мүгедек)
319	отдыхать / отдохнуть	to (have a) rest	демалу / тынығу

№	Русский	English	Қазақша
320	падать / упасть в обморок	to faint, to swoon	талу / талып қалу
321	пот	sweat, perspiration	тер
322	пульс	pulse	тамырдың / соғуы
323	реабилитация	rehabilitation	оңалту
324	слабый	weak, feeble	әлсіз
325	слепой	blind	соқыр
326	советоваться с врачом	to consult a doctor	дәрігермен кеңесу
327	страдать	to suffer (from)	азап / шегу
328	у меня болит голова	I have a headache	менің басым ауырып тұр
329	у меня болит горло	I have a sore throat	менің тамағым ауырып тұр
330	у меня болит зуб	I have (a) toothache	менің тісім ауырып тұр
331	умирать / умереть	to die	демі таусылу/ көз жұму
332	утешать	to comfort, to console	жұбату
333	чувствовать себя хорошо	to feel well / good	өзін жақсы сезіну
334	лекарственные средства и прочее	medicines, etc.	емдік дәрі дәрмектержәне басқалары
335	бинт	bandage	бинт
336	болеутоляющее средство	painkiller	ауыруды басатын дәрі
337	вредный	harmful, injurious (to health)	зиянды
338	доза	dose	мөлшер
339	костыль	crutch	балдақ
340	лекарство	medicine, drug	дәрі-дәрмек

№	Русский	English	Қазақша
341	лекарство от кашля	cough medicine	жөтелге қарсы дәрі
342	лечение	(medical) treatment	емдеу
343	машина скорой помощи	ambulance	Жеде / жәрдем / көлігі
344	операция	operation, surgery	ота
345	очки	glasses, spectacles	көзілдірік
346	отрава, яд	poison	у
347	пациент(ка)	patient	емделуші
348	перевязь, повязка	sling	аңғыш, байлауыш
349	пластырь	(sticking) plaster	жабыстырғыш
350	побочное действие	side-effect	жағымсыз әсері
351	принимать / принять ле- карство	to take (some) medicine	дәріні қабылдап жүр/ қабылдау
352	медицина	medicine, medical science	медицина
353	медсестра	nurse	медбике
354	противозачаточная пиллю- ля	contraceptive pill	бала көтертпейтін дәрілер
355	рентген	X-ray	рентген
356	рецепт (мед.)	prescription	рецепт
357	снотворная таблетка	sleeping tablet / pill	Ұйықтататын дәрі
358	средство	remedy, cure	құрал
359	таблетка	tablet, pill	дәрі
360	термометр	thermometer	термометр
361	шприц	syringe	шприц
362	хирургия	surgery	хирургия

2 ТАРАУ

ЭКСПО-2017 ЕРІКТІЛЕРІН ДАЯРЛАУ-ОҚУДЫҢ КІРІСПЕ КУРСЫ

2.1. ЕРІКТИ: ОНЫҢ РӨЛІ, ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Еріктілік қызмет (от лат. voluntarius — ерікті) — бұл әрекеттердің кең аясы, оның ішінде өзара көмек пен өз-өзіне көмектің дәстүрлі түрлері, қызметтерді ресми түрде ұсыну және азаматтық қатысудың басқа түрлері, сонымен қатар қоғам игілігі жолында еркін түрде ақшалай сыйақыға үміт артылмайтын кез келген пайдалы қызмет. Ерікті — еркін түрде қоғамдық қызметпен тегін айналысатын адам.

Адамдар неліктен еріктілікпен айналысады?

1. ЕҢ БАСТЫСЫ — ИДЕЯ, қызметтің маңыздылығы мен қағидаларын сипаттайтын игі идея. Идеяның өзі адам нені және не үшін істі қолға алуын түсінгенін, оның бойында мақтанштың, өзін-өзі құрметтеу сезімдерінің пайда болуын, жұмысқа және қызмет нәтижелеріне көңілі толуын анықтайды.

2. Қоғамға керек болудың ІШКІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІ. Еріктілік қозғалыс бұл қажеттілікті жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, өзіңнің пайдалығыңды сезінуге жол ашады.

3. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСУҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК. Егер жақсы, көңілді топ жиналса, онда әрдайым қызықты және ыңғайлы және олармен бірге болғың келеді. Оның арқасында таныстарыңның аясы кеңейе түседі. Дәл осы ерікті ретінде қызмет етуге жиі түрткі болады.

4. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ. Еріктінің жұмысы көбіне қалыпты емес әдістермен және жаңа мүмкіндіктермен тығыз сабақтасады.

5. АНТУРАЖ. Еріктілікке енді бет бұрғандарды, әсіресе балалар мен жасөспірімдерді идея, мақсат немесе соңғы нәтиже емес, көбіне қозғалыстың сыртқы тартымдылығы (бас киімдер, жейделер,

белгілер және т.б.) қызықтырады.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ ҮМІТТЕР. Ақшаға кенелу мүмкіндігі де ынтаға айналуы ықтимал. Негізінен тегін деген атымен болмайды, ерікті белгілі бір нәтижеге кенеледі. Оның моральдік тұрғыда көңілі толады немесе қаржылық өтемақыны иеленеді. Бір анығы — бүгінгі түсініктегі ерікті ақша үшін жұмыс атқармайды. Бірақ ол қандай да бір материалдық пайданы алуы мүмкін. Бұл жоба немесе ұйым үшін рұқсат етілген жүзеге асады.

7. МАНСАП, бедел және өзін-өзі дамыту. Оған мансаптық және тұлғааралық саладағы әлеуметтік жағдайды жақсарту мүмкіндігі кіреді. Кейде психологтың және педагогтың мансабы еріктілік қозғалыстан бастау алады. Ерікті бола тұра, жаңа байланыстарды орнатуға, жаңа нәрсеге үйренуге және оның арқасында қоғамда құрмет пен беделді иеленуге жол ашылады. Көбіне еріктілер қозғалысында кейбір қарым-қабілеттер байқалады. Мәселен, басқарушы немесе ұйымдастырушылық.

8. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР. Жасқа немесе меңгерген кәсіпке қарамастан, қызметтің сан алуан түрі бойынша өзіңді көрсетуіне мүмкіндік бар. Оның қатарында журналистика, ұсаздық, менеджмент, сөз сөйлеу, сценарий жазу, дизайн бар.

9. ӨЗ МӘСЕЛЕРІҢДІ ШЕШУ. Егер мекеменің бағыты сенің мәселеріңмен сәйкес келсе, бұл оны шешудің амалы. Егер тіл табысуда түйіткілдер туындаса, онда еріктілікті таңда. Сонда өзіңе жаңа достар мен қолдаушылар табылады.

10. БОС УАҚЫТ. Уақытты екі тәсіл арқылы жұмсауға болады — пайдамен және пайдасыз. Алғашқы нұсқа — бұл еріктілер қозғалысы.

11. ӨЗІҢНІҢ ТӘЖІРИБЕҢМЕН БӨЛІСУ ӘДІСІ.

Көп жағдайда ішімдіктен бас тартқан, дағдарыстан өткен адамдар юуған дейін өздерімен немесе жақындарымен орын алған жағдайларды нақты болжамдап, оны болдырмаудың жолын біледі. Ызаланудың орнына өзіңнің күш-қуатыңды бастан өткен жамандықпен күресуге жұмсаған дұрыс.

12. ӨЗ МҮДДЕЛЕРІҢДІ ҚОРҒАУ, оларды жақтаған кезде ресм тұлғалардың, мекемелердің немесе қарапайым бастамашыл жандардың көмегі қажет.

13. ӨЗІҢНІҢ ДЕРБЕСТІГІҢДІ ЖӘНЕ

ЕРЕСЕКТІГІҢДІ РАСТАУ. Ерікті атанып, өзекті жобаларды қолға аалған жандар айналадағы адамдарға өздерінің кемелдігін, дербестігін және... бірегейлігін дәлелдейді.

14. ҚОРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР. Адамдар ерікті ретінде еңбек етіп, сапарлар, қызықты кітаптар мен фильмдер, жаңа байланыстар, Интернет-қорлар, компьютерлар секілді қосалқы игіліктерге кенеледі.

Егер сен аталмыш факторлардың бірін таңдасаң, онда өзіңді Астанадағы ЕХРО-2017 еріктісі ретінде шыңдай аласың.

ЕРІКТІЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ:

Еркінділік — ешкім мәжбүрлі түрде ерікті ретінде қызмет етпейді;

Тегін — еріктінің еңбегі үшін қаржы төленбейді, еріктілер тегін көмек көрсетіп, ақысыз жұмысты атқарады;

Адалдық — белгілі бір жұмысты орындауға жауапкершілік алған ерікті оны соңына дейін орындауы тиіс;

Ынтымақтастық — еріктінің қызметі «Еркін ерік» мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін орындауға бағытталған, ол қозғалыстың қағидаларына қарама-қайшы болмауы шарт;

Заңдылық — еріктінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі қажет;

Теңдік — еріктілер әрбір адамның ұжымдық қызметке те дәрежеде қатысуға мүмкіндіктің барын мойындайды;

Өзін-өзі жетілдіру — еріктілер еркін қызмет өздерінің тұлғалық шыңдалуларына, жаңа білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне, қабілеттер мен мүмкіндіктердің пайда болуына, өзін-өзі дамытуға септесетінін мойындайды;

Адамгершілік — өзінің қызметінде моральды-этикалық нормаларды басшылыққа алған еріктілер өздерінің жеке өнегелі істерімен қоғамда әлеуметтік бағыттағы рухани-адамгершілік гуманистік құндылықтардың қалыптасуына және кең таралуына қолғабыс етеді.



- ауқымды шараларды, концерттерді, фестивальдерді ұйымдастыруға көмектесу;
 - шара қатысушыларымен кездесу және ақпараттық тұрғыда сүйемелдеу;
 - қайырымдылық концерттер және театралдық қойылымдар;
 - салауатты өмір салтын насихаттау;
 - азаматтардың келесі әлеуметтік топтарына қолғабыс ету: қариялар, қараусыз қалған балалар, жастар мен студенттер, тұрғылықты жерлері жоқ адамдар, мүмкіндігі шектеулі жандар (мүгедектер), мигранттар, босқындар, бұрынғы сотталушылар және т.б.;
 - аулаларды, учаскелерді, қала көшелерін абаттандыру;
 - экологиялық бастамалар, қоқысты және лас жерлерді жинау;
 - нашақорлықтың, жасөспірімдердің қылмысын алдын алуға бағытталған ағартушылық әңгімелер;
 - адам құқығын қорғау бойынша жұмыстар;
 - адамның және оның айналасындағы жандардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған ағартушылық әдебиетті тарату;
 - интернет-еркіндік;
 - техникалық қолдау жұмысы;
 - құқықтық тәртіпті сақтау органдарына, құтқарушыларға, медицина қызметкерлеріне және т.б. жан-жақты көмек көрсету. Мәселен: жоғалған адамды іздеуге жергілікті халықпен бірге қатысу, халық арасындағы сауалнама және т.б.
 - жануарларға көмектесу, хайуанаттар бақтарына және қорықтарға еркін түрде қолғабыс ету;
 - кездейсоқ жапа шеккендерге алғашқы медициналық көмек;
 - гүлдерді, гүлзарларды, ағаштар мен көшеттерді отырғызу.
- Кім ерікті бола алады?

18 жастан үлкен (бірақ одан кіші жастағы жастар да ерікті болатын жағдайлар да кездеседі) кез келген адам ерікті бола алады. Сондықтан ерікті атану үшін жасқа ешбір шектеулер қойылмайды.

Еріктінің еңбегі төленбейді, бірақ еріктілер тек альтруистер ғана емес. Олар тәжірибелерін шыңдап, арнайы дағдылар мен білімдерді меңгеру, жеке байланыстарды орнату бағытында еңбек етеді. Еріктілік қызмет көбіне төленетін жұмысқа жетелейтін жолдың бірі саналады. Өзіңді қызметтің әртүрлі салаларында көрсетіп, өмірлік кәсіпті анықтауға мүмкіндік ұсынылады. Еріктілік қызметтің негізінде көне ереже бар: өзіңді адам ретінде сезінгің келсе, өзгеге қолғабыс ет.

Еріктілер өздерінің қызметін «кез келген тұлға бейбіт қауымдастықтарға бірігу құқығына» ие қағидасына байланысты 1948 жылғы Адам Құқығының Жалпыға бірдей декларациясына және 1989 жылғы Баланың Құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес әлеуметтік, мәдени, экономикалық және экологиялық даму тетігі ретінде қарастырады.

✓ «КОМАНДА» - қоғамдық ұйым, жастар клубы немесе оқу орны негізінде құрылған және жұмыс жасайтын 3-тен 30 адамға дейінгі белсенділер тобы. Топта өзінің көшбасшысы (жетекшісі), белгілінген жинау орны, жұмыс жоспары бар. Жақсы ортадағы араласу - топ қатысушыларын біріктіруші және қозғаушы негізгі фактор. «Команданың» көшбасшысына да көп мәселе байланысты.

✓ «АГЕНТТІК» - ортақ идеямен және қажетінше тартылатын бір-бірінен тәуелсіз жекелеген адамдар. Әдетте агенттікте бастамашыл топ түріндегі өзек бар, ол кезең-кезең сайын шараларды ұйымдастырады.

✓ «ЖҮЙЕ» - ортақ ережелер мен идеологияға бағынатын командалардың, агенттердің бірлесуі. Ұйымның мұндай үлгісінде қаржылық қолдау, кеңсе, құжаттама, кейде ресми тіркеу қарастырылған.





«Коммуникация» тақырыбы – еріктілерді дайындаудағы бастылардың бірі. Еріктінің жұмысындағы коммуникация тиімділігі оның жұмысының жалпы тиімділігін анықтайды. Коммуникация түрлерін, олардың мақсаттарын, коммуникация орын алатын мәнмәтінін, коммуникацияның құралдары мен техникаларын ажырата білу өте маңызды.

Қарым-қатынас, мақсат және коммуникация түрлерінің жалпы түсініктерінен бастайық.

ТІЛДЕСУ – бірлескен қызмет қажеттілігі негізінде адамдар арасында байланыс орнату мен дамытудың қиын көпжоспарлы үрдісі, оған кіреді:

- ақпаратпен алмасу;
- өзара қарым-қатынастың бірыңғай стратегиясын жасау;
- қабылдау;
- басқа адамды түсіну.

ТІЛДЕСУ – адамның басқа адамдармен қоғам мүшелері ретінде өзара байланысының арнайы формасы. Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынастары жүзеге асырылады.

Қоғамдағы **КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ФОРМАЛАРЫ:**

- 1) Тілдесу – диалог, өзара тең адамдардың уақыт өткізуі;
 - 2) Басқару – коммуникатордың ақпарат алушыға бағытталған әсер етуі;
 - 3) Еліктеу – қоғамның басқа мүшелерінің бір мүшесінің өзін ұстау, тілдесу стилін, өмір салтына еліктеулері.
- Еліктеудің нәтижесінде ұрпақтан ұрпаққа тіл, дәстүрлер, білімдер, біліктер ауысып келеді.

КОММУНИКАЦИЯ МАҚСАТТАРЫ:

- Ақпаратпен алмасу және беру;
- Біліктер мен дағдылардың қалыптасуы;
- Кәсіби сапалардың дамуы;
- Өзіне деген қатынастың қалыптасуы;
- Жалпы қоғамға деген қатынастың қалыптасуы;
- Қызметпен, жаңашыл тәсілдермен, құралдармен, технологиялармен алмасу;
- Құндылықты ұстанымдары мен жүріс-тұрыс түрткілерінің өзгеруі;
- Эмоциялармен алмасу;
- Қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Коммуникациялар түрлері жіктеу белгілеріне қатысты ажыратылады.

А. КОММУНИКАЦИЯ ТҮРЛЕРІ (ВЕРБАЛДЫ - ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС):

1) Вербалды коммуникация.

2) Вербалды емес коммуникация:

- Қарым-қатынастың визуалды түрлері – ымдар (кинесика), бет қимылы, кейіптер (пантомимика), тері әсері (қызару, сұрлану, терлеу), тілдесуді кеңістікті-уақыттық ұйымдастыру (проксемика), көзбен байланыс.
- Акустикалық жүйе: паралингвистикалық жүйе (дауысырғағы, диапазон, үндестілік); экстралингвистикалық жүйе (сөзге іркілістер мен басқа да тәсілдер: жөтелу, күлу, жылау және т.б. енгізу).
- Жанасу жүйесі/таксика: жанасу, қол алысу, құшақтасу, сүйісулер.
- Ольфакторлы жүйе: қоршаған ортаның жағымды және жағымсыз иістері; адамның жасанды және табиғи иістері.

Б. КОММУНИКАЦИЯЛАР ТҮРЛЕРІ (ТУРА - ЖАНАМАЛЫ - ЖАНАМА):

1) Тура және тікелей тілдесу. Серіктестер ақпаратты бірінші жақтан ала отыра өз әрекеттерін нақты бір біріне бағыттайды. Бетпе-бет табиғи байланысы вербалды (сөз) және вербалды емес (сөзбен емес) өтті.

2) Жанамалы тілдесу. Тілдесу қатысушыларының арасында кері байланысты алуды уақытқа байланысты қиындататын немесе алыстататын жазба немесе техникалық құралдар (телефон, фаламтор және т.б.) арқылы жүзеге асырылатын «Толық емес» байланыс.

3) Жанама тілдесу. Ақпарат сөйлесушіге тікелей емес, қоршаған орта заттар мен басқа адамдарға бағытталған іс-қимылдар арқылы жететін тілдесу үрдісі.

Толығырақ біз тура және тікелей тілдесуге тоқталамыз, себебі ол ЭКСПО еріктілері үшін бірінші кезекте маңызды. Тура және тікелей тілдесу коммуникацияның келесі формаларына бөлінеді:

1) **«Бетперделер байланысы»** – сөйлесушінің жеке басының ерекшеліктерін түсіну және ескеруге деген ұмтылыс болмаған жағдайда қалыпты бет-перделер (әдептілік, қатаңдық, қызықпаушылық, кішіпейілділік, ниеттестік және т.б.) – шынайы сезімдер мен сөйлесушіге деген қарым-қатынасты жасыратын бет әлпеті, ымдар, қалыпты сөздер қолданылатын формалды тілдесу.

2) **Қарапайым тілдесу** – басқа адамды керек немесе бөгет жасайтын деп қарастыру: егер қажет болса белсенді байланысқа түседі; егер бөгет жасаса – бетін қайтарады, кейде дөрекі сөздер де айтылуы

мүмкін. Егер сөйлесушіден қажет болған нәрсесін алса, оған деген қызығушылығын жоғалтады және мұны жасырмайды.

3) **Ресми-рөлдік тілдесу** – тілдесу мазмұны мен құралдары да уақытпен бекітілген және сөйлесушіні білудің орнына оның әлеуметтік рөлін білумен шектеледі.

4) **Іскерлік тілдесу** – бизнес коммуникациялар. Сөйлесушінің жеке басының, мінезінің, жасының, көңіл-күйінің ерекшеліктерін ескере отыра сөйлесу. Бірақ қызмет қызығушылықтары мүмкін болатын жеке бас қайшылықтарына қарағанда маңызды. Бизнестегі өзара байланыс көбінесе іскерлік қызығушылықтарды жүзеге асыруға серіктестің эмоциялық жағдайы мен қимылын өзгертуге бағытталған.

ІСКЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Құралдық міндет – басқарудың әлеуметтік механизмі;

Кіріктіру міндеті – іскер серіктестерді біріктіру;

Өзін-өзі таныстыру міндеті – өзін-өзі бекіту, өзін таныту, жеке бас әлеуетін көрсету;

Хабарлаушы міндет – қызметтің нақты тәсілдерін беру;

Әлеуметтік бақылау міндеті – жүріс-тұрыс мен қызметті реттемелеу;

Әлеуметтендіру міндеті – іскерлік тілдесу мәдениетінің дағдыларын дамыту;

Бейнелі міндет – эмоциялық алаңдау.

5) **Рухани тілдесу** – кез келген тақырыпты қозғау және сөздер көмегіне жүгіну міндетті болмайтын (бет әлпеті, қозғалыс, ырғақ арқылы түсіну) достардың сенімді-формалды емес тілдесулері. Әрбір қатысушы сөйлесушінің бейнесін таниды, оның жеке басын, қызығушылықтарын, сенімдерін, белгілі бір мәселелерге деген көзқарасын біледі, оның реакциясын алдын ала айта алады.

6) **Амалды міндет** – сөйлесушінің жеке басының ерекшеліктеріне байланысты түрлі тәсілдерді қолдану арқылы (мақтау, бопсалау/қорқыту, «көзіне

топырақ шашу», алдау, мейірімділікті көрсету) сөйлесушіден пайда табуға бағытталған.

7) **Зайырлы тілдесу** – зайырлы тілдесудің маңызы оның мәнсіздігінде, себебі мұнда адамдар ойлағандарын емес, мұндай жағдайда не айту қажет соны айтады. Бұл жабық тілдесу, себебі белгілі бір сұрақтарға адамдардың көзқарасының ешқандай мағынасы жоқ және коммуникацияның сипатын анықтамайды.



*Сыпайылық, әдептілік – «басқаның қызығушылығын сақта»;
Қолдау, келісім беру – «басқаны сөкпе», «қарсылық көрсетуден қаш»;
Ұнату – «ақпейілді, ақжарқын бол».*

ЭКСПО еріктілеріне жақын коммуникациялар ерекшеліктерін талқылауға көшпестен бұрын коммуникацияны ұйымдастыру мен дайындаудың ортақ қағидаларын анықтайық.

Тілдесудің үш құрамын бөледі:

1. Коммуникативті құрам (адамдар арасында ақпаратпен алмасу);
2. Интерактивті құрам (адамдар арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру);
3. Естілім құрамы (тілдесудегі серіктестердің бірін бірі қабылдау және өзара түсіністікті орнату үрдісі).

Тілдесу үрдісі сипатталады:

- психологиялық байланыс орната білумен;
- коммуникативті әсер ету ерекшеліктерін ескерумен;
- тілдесу жағдайының дәлелдігімен, ойға қонымдылығымен және балмалықпен;
- тілдесудің вербалды және вербалды емес құралдарын қолданудың тиімділігімен.

Сонымен қатар тілдесудің екі – когнитивтік және эмоциялық деңгейлерін ажырата білген жөн.

1. КОГНИТИВТІК ДЕҢГЕЙ:

- Ақпаратты беру және қабылдау;
- Ақпаратты өңдеу, талдау және түсіну;
- Ақпаратты бұрмалаудың ықтималдылығы;
- Вербалды және вербалды емес ақпарат.

2. ЭМОЦИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙ:

- Эмоциялық реакция ойлаудан мықтырақ және езірек;
- Эмоциялар ойлауды бағыттап отырады;
- Туннельде көру әсері;
- Ақпаратты барынша өзгерту;
- Эмоциялар кескіні.

ЭМОЦИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙ ТІЛДЕСУ барысына шешуші әсер етеді. Сондықтан да тілдесу бойынша серіктестердің эмоциялық біліктіліктерінің дәрежесі көбінесе коммуникацияның тиімділігін анықтайды.

Тіл ақылды, бірақ өтірікші, ал дене ақымақ, бірақ шыншыл дейді. Тілдесудегі вербалды ақпарат 1/6 бөлгін құраса, ал вербалды емес ақпарат 5/6 бөлігін құрайды. Сонымен қатар:

- 55% бұл дене тілі (кейіптер, қозғалыстар, бет қимылдары)
- 38% жуығы – дауыс (дыбысы, екпіні, ырғағы, тембр);
- 7% жуығы өз сөздеріңіз.

Вербалды бөлігі әдетте хабарламалардың 5%-нан 20%-на дейін құрайды, қалғаны вербалды емес коммуникацияға жатады.

Коммуникация үрдісінің негізгі элементтерін ажырата білу қажет, себебі оның нәтижесіне не әсер ететінін және оның тиімділігін арттыру үшін қандай күш-жігер қажет екендігін түсіну үшін керек:

- Жіберуші. Идеялар жасаушы немесе ақпарат жинап оны жіберуші.
- Хабарлама. Символдар арқылы жасырылған ақпараттың өзі.
- Байланыс каналы. Ақпарат жіберу құралы.
- Алушы. Ақпарат жіберілетін және оны түсіндіріп беретін тұлға.
- Кедергілер, шу. Ақпаратты бұрмалайтындардың бәрі.

Сонымен қатар коммуникация барысында өзара қарым-қатынастың психологиялық кеңістігінің элементтерін ажырата білу қажет:

1) ТҰЛҒААРАЛЫҚ КЕҢІСТІК: аумақ, қашықтық, жанама.

Аумақ – қайсібір серіктестің өзімдікі деп есептейтін тұлғааралық кеңістіктің бөлігі:

Кинестетикалық деңгей – физикалық аумақ: кабинет, жұмыс үстелі және т.б.

Эмоциялық деңгей – көңіл-күйге, әсеріне деген «жекеменшік» құқығы.

Операциялық деңгейі – «менің» жұмысым, оны орындаудың жеке тәсілі, қызметтегі өз стилің.

Мәндік деңгей – менің ойым («мен жаңа ғана басқаша айттым, бұрмаламаңдар»), менің қызметімнің түрі (барлық филателистер бұл мағынада бір аумақта тұр).

Жеке тұлғалық деңгей – мен үшін маңыздылар («жаныма кірме, сенікі емес»).

Қашықтық – адамдардың жақындасуына бөгет болып тұрған тұлғааралық бөгеттердің міндеттері. Психологиялық бөгет баламаларының рөлін ойнайтын физикалық бөгеттер: үстел, орындық, көкірегіне айқастыра қойылған қолдар, аяқты аяққа қою және т.б. үзілістер, аялдамалар, әңгімені басқа тақырыпқа ауыстыру.

ДИСТАНЦИЯ

- ✓ Көпшілік қашықтық – 3,5 метрден астам;
- ✓ Әлеуметтік қашықтық – 1,2 метрден 3,5 метрге дейін;
- ✓ Жеке қашықтық – 0,5 метрден 1,2 метрге дейін;
- ✓ Сырлас қашықтық – 0-ден 0,5 метрге дейін.

ЖАНАМА – өзара қарым-қатынастың психологиялық кеңістігінің тікелей құрылымы. Сұхбат бойынша серіктестердің өзара «орналасуларын» көрсетеді.

ҮСТІНДЕГІ ЖАНАМА – үйрету, айыптау, ақыл айту, жазғыру, ескерту айту, «сен», «балам» деп сөйлесу, тәккапарлық немесе қамқоршылық дауыс ырғағы, иықтан соғу, жоғары орынға отыруға ұмтылу, алақанын төменге қаратып қолын беру, көзқарасы жоғарыдан төмен және т.б.

АСТЫНДАҒЫ ЖАНАМА – бағынушылық пен тыңдау беталысы: өтініш, ақталу, кінәлі/жағыну, дененің еңкеюі, басты төмен түсіру және басқаша да бағынушылық пен тыңдауды көрсету.

ТЕҢ ЖАНАМА – ынтымақтастыққа, ақпараттық алмасуға ұмтылу.

2) БАСТАМАШЫЛЫҚ – серіктестердің бірі жағынан өзара қарым-қатынас үрдісін басқаруды қолына алу. Коммуникатордың тілдесу барысындағы бастаушы немесе бағыттаушы рөлін білдіреді.

БАСТАМАШЫЛЫҚТЫ МЕНГЕРУ – бұл ашықтан ашық тілдесу үрдісін басқаруды өз қолына алу.

БАСТАМАНЫ БАСҚАРУ – қазыр бастамашылық кімге бұйыратынын шешу құқығы.

3) ӘСЕР ЕТУДІ БАҒЫТТАУ

- **Әсер етудің анық деңгейі.** Манипулятордың шынайы мақсатын жабатын «аңыздар мен ертегілер» қызметін орындайды.

- **Әсер етудің жасырын деңгейі.** Бұл деңгейде әсер ету фактісі мен оның мақсаты адресаттан жасырылады. Жасырын әсер етудің екі себебі: а) бір хабарламадан көп беру қажет – «екі еселі жолдау», б) олардың біреуі құпия болуы керек.

- **Әсер ету векторы** – басты жолдаудың/мақсаттың адресатқа бағыты. Амалдар жасаған кезде барлық күш-жігерлер дерлік негізгі векторға қызмет көрметуге әкеледі. Әсер ету векторын анықтау (белгілері):

- **біреуге тура сөйлеу;**

- **дененің, беттің бұрылуы;**

- **көрсеткіш ымдар;**

- **талғанбаған көрсеткіштер** – көрсеткіш ымдар эквиваленті – өкше, шынтақ, қолдағы заттар және т.б. бағдары.

4) ДИНАМИКА

Динамикалық сипаттамаларға қарқын, үзіліс және атмосфера кіреді.

ТІЛДЕСУ ҚАРҚЫНЫ – тұлғааралық оқиғалардың дамидын және оларды жүзеге асыратын әрекеттердің орындау қарқыны.


ҮНСІЗДІК ҮЗІЛІСТЕРІ – үнсіздік мағыналары: қарсылық таныту, ойлану, жағдайдың «тығырыққа тірелуі», тілдесуді жалғастыру үшін тақырып іздестіру. Үзілістер мен үнсіздіктерде вербалды емес қимылды бақылаған жөн.

ТІЛДЕСУ АТМОСФЕРАСЫ – қалжыңдар, ойындар, уайымдар, қайғылар.

Жалпы сипаттамалардан ЭКСПО-2017 еріктілері үшін өзекті коммуникациялардың түрлері мен формаларын талдауға көшейік.

Ерікті көрмеде Қазақстанның атынан болатынын, көрменің өзін қонақтар мен қатысушыларға таныстыратынын ескертейік. Бұл мағынада еріктілер ЭКСПО-2017 атмосферасының бөлігі болады. Еріктінің жақсы жұмысы көбінесе басқалармен аз қарым-қатынаста, қашан және қандай коммуникация ке-

рек екендігін түсінетінінде болады, ал үрдіс өзінен өзі жүріп жатқанда артық коммуникация оған бөгет жасауы мүмкін. Коммуникация бастамасы қашан еріктіге өтетінін, ал қашан ол басқалардан бастама күтуі керектігін білу қажет. Мұндай дайындықты ерікті жұмысорнында өтеді, себебі мұндай жағдайлар бәрінен бұрын еріктінің атқаратын қызметіне байланысты болады.



Коммуникация құрудағы келесі маңызды қадам көрмеге келуші немесе қатысушының қай топқа жататындығын анықтау және оған қатысты стратегияны таңдау болып табылады.

Келушілерді жіктеу әр түрлі сипаттарына қарап өтуі және әрбір жағдайға арнайы қарауды талап етуі мүмкін.

1) Жасы мен жынысына қарай жіктеу. Жіктеудің ең қарапайым түрі, ерікті де өз жауапкершілігінің аумағында келушілермен жұмыс істегенде жас пен жыныстың маңызы қаншалықты екендігін түсінгені жөн.

2) Денсаулығына қарай жіктеу: мүмкіндіктері шектеулі адамдар мен жалпы денсаулықтары сау келушілер. Мүмкіндіктері шектеулі адамдармен өзара қарым-қатынас бойынша еріктілер арнайы оқыту курсы өтеді.

3) Коммуникацияның негізгі тілі бойынша жіктеу. Қазақ, орыс, ағылшын – үш тіл көрмеде қарым-қатынастың негізгі тілдері болады. Мұнымен қатар еріктіде осы тілдердің ешқайсысында сөйлемейтін келушілермен қарым-қатынас орнату кезінде өзін ұстау стратегиясы болу қажет.

4) Келуші мәртебесі – Қазақстан азаматы, шетелдік азамат, VIP-деңгей. VIP-деңгейлі келушілермен және осы тектес шараларға да еріктілер арнайы дайындықтан өтеді.

5) Көрмеге топпен немесе жеке бару. Топтармен жұмыс істегенде топтың санынан, көрмеге келу мақсатынан, мәртебесінен және т.б. байланысты болатын өз ережелеріңді білгенің және ұстанғаның жөн.

6) Көрмеге қатысудың немесе оған келудің басым қызығушылықтары бойынша жіктеу. Бұл мәнмәтінде коммуникацияның тиімділігі үшін ерікті көрменің құрылымы мен мазмұнын жақсы білуі, шаралардың өзекті бағдарламаларынан хабардар болуы тиіс.

Сонымен қатар өзара тиімді қарым-қатынас орнатуы қажет болатын ерікті қызметінің түрлі жақтарын да қарастырған жөн:

- басқа еріктілермен қарым-қатынас орнату (тең қалыптағы іскер тілдесулер, кейін достық (рухани) қарым-қатынасқа айналып кетуі мүмкін);

- басшылықпен қарым-қатынас құру (супервайзермен, жұмыс тікелей байланысты ЭКСПО қызметкерлерімен, ЭКСПО басшылығының құрамы және т.б.);

- топпен қарым-қатынас құру, егер ерікті көшбасшы немесе супервайзер болса топты және басқа еріктілерді басқару;

- ЭКСПО келушілерімен коммуникация құру (еріктілер ретінде өзінің тікелей міндеттерін орындау);

- ЭКСПО шетелдік қонақтарымен коммуникация құру (еріктілер ретінде өзінің тікелей міндеттерін орындау, қосымша ағылшын тілі мен мәдениаралық ерекшеліктерді білу);

- ЭКСПО VIP-қонақтарымен VIP дәрежелі шараларда коммуникация құру (VIP-шаралар хаттамасына сәйкес әрекет ету);

- басқа адамдармен ерікті қызметімен тікелей байланысы жоқ айрықша қалыпты емес жағдайларда коммуникация құру (жанжалдың туындауы, денсаулыққа байланысты аяқ асты проблемалары және т.б.);

- басқа адамдармен табиғи және техногенді төтенше жағдайларда, сондай-ақ өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін басқа да жағдайларда коммуникация құру.

Көріністердің әрқайсысы үшін ерікті айтылған мәнмәтіндердің кез келгенінде тиімді болу үшін еріктінің өтуі мен зерттеуі қажет белгілі бір нұсқаулар және/немесе оқыту бағдарламалары бар. Тәжірибеде еріктіден жағдайды дәлме

дәл бағалағаны және тиісті шешімді жылдам қабылдағаны қажет. Бұл үшін бақылаушы қызметі керек, ол адам қажет болған кезде уақтылы және тиімді түзете қою үшін жағдайды сырттан бақылап жүреді.

1. Келушілерге арналған қызметтер
2. Адамдар легін басқару
3. Тілдік қолдау
4. Табылған заттар бюросы
5. Сақтау камералары
6. Анықтама бюросы
7. Мәдени шаралар
8. Билеттеу
9. Көлік
10. Делегация мүшелеріне ілесіп жүру және хаттама
11. Болашақ қуаты форумының контенті
12. Қатысушыларға қызмет көрсетудің бірыңғай орталығы
13. БАҚ
14. Сауда
15. ЭКСПО қалашық
16. Медицина
17. Қызметкерлерді басқару
18. Аккредитация

Әрбір бағыт бойынша жалпы ақпаратпен аталмыш әдістемелік нұсқауларда танысуға болады, ал жұмыстың басталуы кезінде еріктілер қажетті дағдыларды тәжірибеде меңгеру үшін семинар-тренингтер форматында оқудан өтеді.

Коммуникациялар сипатына әсер етуші маңызды көріністердің бірі болып еріктілер қозғалысының барлық қатысушылары қабылдаған және қолдайтын ережелер жиынтығы, ЭКСПО-2017 еріктілерінің кодексі аталады. ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіндегі ерікті – ол біріншіден Қазақстанды сүйетін, өз отанының патриоты, оның тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін білетін, мүмкін қажеттілік болса осы білімімен қонақтармен бөлісетін азамат. Бұдан басқа ерікті көрме тақырыбымен жақсы таныс, ғылыми, экологиялық, электр үнемдегіш және жаңашыл технологияларды дамытуды қолдайды. Еріктілер қозғалысына қатысу еріктілердің жеке тұлғалық және кәсіби дамуларына әсер етеді, сондай-ақ қоғамдық-пайдалы қызметте өзінің азаматтық белсенділігін көрсетеді. ЭКСПО-2017 еріктілерінің кодексі еріктілерді дайындау және оқыту барысында қалыптастырылады, бұған әрбір еріктінің белсене қатысуға мүмкіндігі болады.

Осылайша, дайындықтан өтіп халықаралық көрмеде бір ай қызмет атқарған ЭКСПО-2017 еріктісі ең жоғарғы және халықаралық деңгейдегі жаппай шараларға қатысудың өзіне тәртіпке салынған топтық жұмыс, жеке тиімділіктің жоғары деңгейі, әр түрлі көрмелік тақырыптарды түсіну, VIP-деңгейлі шараларды өткізу хаттамаларын білу, халық көп жиналған жерде өзін-өзі ұйымдастыру үрдістерін басқаруға қатысу, белсенді азаматтық ұстанымды меңгеру және патриоттықты көрсету сияқты бірегей тәжірибесін алады. Қазақстан мұндай еріктілерін мақтаныш ете алады, ал ЭКСПО-2017 тұрақты еріктілер қозғалысын қалыптастыруға өте жақсы мектеп және негіз болады.

Бұдан әрі айрықша, соның ішінде төтенше жағдайлардағы тиімді әрекетке қажетті материал ұсынылған.



Іскер әріптестер, инвесторлар, клиенттер, халықаралық қонақтардың ЭКСПО-2017 деңгейіндегі ірі шараларға қатысуы – көп еңбекті қажет етеді, қымбат тұрады және мұқият дайындықты талап етеді. Табыстың біршама бөлігі келушілердің сұраныстарының ұйымдастырушылардың ұсыныстарымен сәйкес келуіне байланысты. Әсіресе шетелдік қонақтар шақырылса, бұл сәт өте маңызды.

Сіз қонақтармен сұхбаттасу барысында көңіл аударатын алғашқы нәрсеңіз – әңгіменің ұзақтығы. Себебі, көңіл аудару аралығы әрбір нақты елдің мәдени салтына тікелей байланысты болып келеді. Роман және скандинавия елдерінің өкілдері ақпаратты ұзақ уақыт бойы қабылдай алады және 45 минуттан 1 сағатқа дейін сұхбаттаса алады. Осы уақытқа жуық жапон немесе кәріс халқының көңілін

ұстауға болады. Американдықтар, австралиялықтар, канадалықтармен бір тақырыпқа жарты сағаттан астам сөйлесуге болмайды. Ал жерорта теңізі және араб елдерінің өкілдері бірсарынды әңгімеге немесе шараға 10-15 минуттан кейін қызығушылықтарын жоғалтады. Осы ерекшеліктерді біле отыра сұхбаттасатын тақырыптарды ғана емес, сонымен қатар бір уақытта бірнеше мәдениет өкілдерімен сұхбаттасу үлгілерін жоспарлау қажет. Мысалы, көрмеге келген жапондық және араб елдерінің өкілдері бір қарқынмен әңгімелесе алуы неғайбыл. Себебі ширек сағаттан кейін араб қонақтар басқа түрлі тақырыптарға әңгіме қозғауы арқылы тек бір ғана тақырыпты талқылауға жаңа да толығымен кірісіп келе жатқан жапондық әріптестеріне бөгет жасауы мүмкін.

Сұхбаттасуға деген қарым-қатынас та көбінесе мәдениет түріне байланысты болады. Сондықтан да «сұрақ-жауап» үлгісінде сұхбаттасуды жоспарлау барысында оны араб, фин, жапондық қонақтарға қолданбаған жөн. Бұл елдерде қайта сұрау, қосымша сұрақтар беру дәрежі қылық болып есептеледі, сол себепті мұндай тыңдаушылар қабылдаушы тарапынан белсенділік күтіп өздерін өте селқос ұстайды. Қарым-қатынастың мұндай түріне француз, итальяндық, испандық, австралиялық қонақтар белсендірек қатысуы ықтимал. Бірақ пікірталас барысында олар оппоненттерін сөзін бөліп және олардың дәлелдерін мүлдем тыңдамауы да мүмкін.

Бірақ қарым-қатынастың мұндай үлгісі неміс, швед, ағылшын қонақтары үшін өте ыңғайлы. Себебі бұл мәдениеттер өкілдері әрқашан да қарым-қатынас мәнмәтінін түсінуге, егжей-тегжейлі нақтылауға ұмтылады, олар рахаттанып сұрақтар қойып, жауаптарын назар қойып тыңдайды. Сондай-ақ немістер де, шведтер де түрлі сұхбаттар барысында қосымша ақпарат беретін көптеген баспа материалдар (бүктемелер және т.б.) болғанын ұнатады. Бірақ сонымен қатар олар әңгіменің қалжыңды түрін, тақырыптан ауытқуды ұнатпайды. Көрмеге қатысу олар үшін – маңызды да іскер шара. Ал ағылшындар американдықтар секілді қалжың айтуға болатын, есте сақталатын әңгімелер, тіпті тосын сыйлар болатын көңілді, бейресми шараларды ұнатады.

Егер қарым-қатынас нақты тақырыпқа бағытталған болса (мысалы, сіздің Қазақстан немесе Астана қаласы туралы әңгімеңіз), онда бұл тақырыпты әр түрлі елден келген қонақтарға әр түрлі ұсыну қажет. Мұнда американдықтар мен австралиялықтар әңгіме олар үшін арнайы айтылып, жарнамаланады деп күтеді. Скандинавиялық, неміс және жапондық қонақтар деректер мен сандарды естігілері келеді. Жерорта теңізі мен араб елдерінің өкілдері қонақтар мен ұйымдастырушылар арасында жеке қарым-қатынастың орнатылғанын күтеді. Ал талқылау тақырыбының өзін олар тек аталмыш шараның себебі ретінде қарастырады.

Әрине, бұл әлі шетелдік қонақтармен қарым-қатынас орнатуға дайындалу барысында көңіл аудару қажет барлық ақпарат емес. Бірақ, ең болмағанда осы негізгі сәттерді ескере отыра кез келген қарым-қатынастың тиімділігін бірнеше дүркін арттыруға болады.

СІЗ ЕЛІМІЗДІ ТАНЫТАТЫН АЗАМАТСЫЗ

шекара жоқ және ол біліктіліктер деңгейіне жаңа талаптар ұсынады. «Біз барлық жерде осылай жұмыс істегендіктен, бұл жерде де осылай жұмыс істеп жатырмыз» деген стратегия жалғыз дұрыс болып есептелетін замандар өтті. Әдетте ЭКС-ПО-2017 деңгейіндегі халықаралық шараға келушілер өздері баратын елдің халқының менталитетін, ерекшеліктерін ескеруге тырысып, осыған дайындалады. Бірақ Қазақстан туралы әңгіме болған кезде елге алғашқы рет келетін келушілердің көпшілігіне бірнеше қиыншылықтар туындайтыны түсініксіз. Бір жағынан, тез өзгеріп келе жатқан нарық пен экономика маңызды келешектен дәмелендіреді, ал басқа жағынан жергілікті мәдениет ерекшеліктері мен тілді білмеу, бұқаралық ақпарат құралдарының климат, жайлылықтың жоқтығы және күрделі инфрақұрылым туралы ақпараттары шараға келушілердің елде ынтымақтастықты тереңдетулеріне ұмтылуларын төмендетеді.

Сіз аталмыш қиыншылықтарды өткеруге көмектесе аласыз.

Егер көрме жұмысы кезінде сіз адамдардың белгілі бір тобымен немесе белгілі бір келушілермен тұрақты түрде жұмыс істесеңіз оларды қазақ немес орыс тілінде кейбір сөздерге үйретіңіз. Қонақжайлылық таныту арқылы оларға еліміздің өкілдерімен сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектесіңіз. Сенімді қарым-қатынас орнатудың құралы ретінде вербалды және вербалды емес тіл аталады. Егер әлеуметтік көрініс жайында айтатын болсақ, ағылшын тілімен ірі қаланың ортасында аман қалуға болады, ал шеткі аймақтарда саусақтармен түсінуге тура келеді. Шетелдіктерге қазақ және орыс тілінде өзі туралы толық мәлімет, егер белгілі бір жағдай болып қалса байланысатын адамның телефон нөмірі жазылған карточканы алуына көмектесуге болады. **МҰНДАЙ БАЙЛАНЫСАТЫН АДАМНЫҢ СІЗ ДЕ БОЛУЫҢЫЗ ЫҚТИМАЛ.**

Басқа мәдениет сипаты түрлі ұлт сұхбаттасушыларының көзқарасын өзгертеді. Көбінесе қазақстандық мәдениет ерекшеліктерімен танысып, кросс-мәдени алуан түрлілікті қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін қолданудың орнына, шетелдік қонақ белсенді түрде өзіне ғана түсінікті қарым-қатынас амалдарын кіріктіре бастайды. Бұл қарым-қатынаста қиыншылықтарға әкеп соғады, сондықтан да бұған дайын болыңыздар және мұндай қатынасты төзімділікпен қабылдаңыз.

Көрмеге келушілердің көбінесе қазақстандықтардың шынайы өмірі туралы мағлұматтары аз, сондықтан да осы тектес тақырыптық талқылауларға дайын болған жөн, бұл сіздерге еліміз туралы айтып беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар келушілер арасындағы артық қате түсініктермен және стереотиптермен немесе, керісінше, сақтану түйсігінің болмауы мен бассыздық сезімімен кездесулеріңіз әбден мүмкін. Бұл жағдайда кросс-мәдени сензитивтік («Жаман мәдениет болмайды, тек әр түрлі мәдениеттер болады») және кросс-мәдени хабардарлық (белгілі бір мәдениет өкілдерінің бастапқы мәдени құндылықтары мен қалыпты мінез-құлық үлгілерін білу, белсенді бақылау және тыңдау, икемділік пен тұрақты кері байланыс) туралы білген жөн.

МӘДЕНИЕТ МҰЗТАУЫ



Мәдениет мұзтауы — мәдениетті жағалаудағы мұздықтардан жарылып бөлінген және теңіздер мен мұхиттарда жүзіп жүрген немесе қайраңдап қалған, бұған қоса мұзтаудың 0,9 салмағы судың астында болатын мұздың ірі бөлігіне ұқсататын құбылысының ауыспалы мағынасы.

Мәдениет шегінде сәулет ескерткіштері, тілдер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, және басқа да шынайы белгілер бар, ал рухани мәдениет болмысы осы сыртқы қабықшаның астында жасырынып, көзге көрінбейді. Бұл метафораның басқа да түсінігі бар. Көптеген батыс ғалымдары «мәдениетті мұзтау ретінде сипаттайды, мұнда іргетасы мәдени құндылықтар мен қағидалардан тұрса, ал шыңы адамның жеке мінез-құлығынан тұрады, бұл бәрінен бұрын басқа адамдармен араласқанда айқындалады».

Жалпыға ортақ және түсінікті ымдар біз үшін басқа мағына беруі және қорлайтын сипатта болуы мүмкін. Сондықтан да әр түрлі елдер өкілдерімен сөйлескенде вербалды емес артикуляцияны қолдануда абай болыңыздар. Тіпті жақсы танитын мәдениетпен араласқанда да сұхбаттасушы сізді ымдарыңызға орай басқаша түсінуі мүмкін болатын түрлі жағдаяттар туындауы ықтимал.

**КОРЕЯДА «МАҒАН ЖАҚЫНДА»
ДЕГЕН ТҮСІНІК**

**КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ «КӨЗ АЛДЫМНАН
ЖОҒАЛ» ДЕГЕН ТҮСІНІКТІ БІЛДІРЕДІ**



Көзқарас туралы да осыны айтуға болады. Егер еуропалықпен сөйлескенде тура көзқарас қалыпты жағдай және көзбе-көз сөйлесу ашықтық, жайдарылықтың белгісі болса, ал таяу шығыс елдерінің аға буын өкілдерімен кездескенде тура көзқарас қарсы шығу және сыйламауды білдіруі мүмкін.

Сұхбаттаса білу шеберлігін сұхбаттас адамның мәдениеті, сондай-ақ шетелдік қонақтарға сыйлайы, білімді, зерделі және шыдамды бола білуі ретінде келіссөздер өз құрамына енгізеді. Жалпы алғанда сізге қарап ЭКСПО-2017 келушісінің Қазақстан тұрғындары туралы ортақ пікірі қалыптасады.

2.4. ДЕНСАУЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Қазіргі кезде адамдардың көп бөлігінде (мәселен, Еуропада 10% жуық) белгілі бір дене кемістіктері бар. Қоғам денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі адамдардың мұқтаждықтарына бейімделулері керек екендігін, керісінше болмауы тиістігін біртіндеп түсіне бастады. Басқалар секілді бұл адамдар да толыққанды өмір сүрулері және өздеріне қатысты шешімдерді өздігінен қабылдаулары керек.

Мүмкіндіктері шектеулі жандарға қатысты саясат көбінесе оларға қаржылай немесе материалдық көмек көрсетумен шектелетін, ал негізі оларды толық әлеуметтік біріктіруге ерекше көңіл аудару қажет.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға құқықтарын жүзеге асыруға көмекті түрлі бағыттар бойынша көрсету қажет. Бұл, соның ішінде, олардың саяси, қоғамдық және мәдени өмірге, білім, коммуникация және ақпарат салаларына қатысуларын дамыту, олар үшін ғимараттардың, құрылыстардың және көлік құралдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі

адам (мүгедек) – шектеулі өмір сүруге әкелетін және оны әлеуметтік қорғауды қажет ететін кеселмен, жарақат немесе кемістік зардабына негізделген ағза қызметтерінің тұрақты бұзылуы бар денсаулығы нашар тұлға.

Мүгедектерге жағымсыз қатынас тудыратын себептердің бірі олар туралы қолжетімді ақпараттың жоқтығы. Медиктерге арналған көптеген арнайы әдебиеттер бар, бірақ ол қарапайым оқырман үшін арналмаған. Бірақ сонда да көптеген адамдарға, соның ішінде қызметіне байланысты мүмкіндіктері шектеулі адамдармен жұмыс жасайтын еріктілерге мұндай ақпарат тиімді болады. Білмеушілік көбінесе бұрыс әрекеттер, ал одан да жиі қарым-қатынас орнатқысы келмеуге әкеледі. Осыған орай басқалар мүгедектерді көбінесе көзге ілмейді, ал олармен қызметіне байланысты жұмыс істегендер өзінің білімі мен сана-сезіміне сүйенеді.

Бұдан әрі еріктілерге мүмкіндіктері шектеулі адамдар дегеніміз кім, оларға қандай көмек қажет болуы мүмкін деген сұраққа жауап беретін ақпарат ұсынылған.

МҮГЕДЕКТЕР ЖЕҢІЛ АРБАСЫН ҚОЛДАНУШЫ АДАМДАР

Мүгедектік арбалармен адамдар қолданады:

- Арқа омыртқасының ауыр жарақатынан кейін. Арқа омыртқасының кейбір ауыр жарақаттарынан кейін аяқ-қолдардың қозғалысына жауап беретін жұлынның бұзылуы орын алады, соның нәтижесінде сал ауруы пайда болады. Омыртқа түрлі жерлерден (түрлі деңгейлерде) сынуы мүмкін. Жаралану деңгейі жұлыннан төменсезімталдық пен қозғалыс бұзылған немесе мүлдем жоқ бөлігіне көрсетеді. Олардың жоқтығы толық немесе жартылай, тұрақты немесе уақтылы болуы мүмкін. Омыртқа жарақатының салдары әр түрлі болады – жұлынның қандай бөлігі және қаншалықты зардап шеккеніне байланысты болады.

- Аяқтары ампутацияланғандар.

- Балалар церебралды сал ауруының ауыр формасы (БЦС). Балалар церебралды сал ауруы (БЦС) – қозғалысты реттеу мен бұлшықет тонусымен байланысты созылмалы күй топтарын сипаттауға арналған термин. Бұл күйлер баланың құрсақтағы кезінде, туғаннан кейін немесе ерте балалық шақта мидың бір немес бірнеше бөліктерінің бұзылуымен айқындалады. Церебралды сал ауруы – үдемелі жағдай емес, бірақ белгілі бір жағдайларда дамуы мүмкін, яғни жақсаруы, төмендеуі немесе тұрақтылық болуы ықтимал. БЦС басқа адамдарға берілмейді, ауру болып табылмайды және солай деп есептелуі де тиіс емес. Бірақ БЦС жалпыға түсінікті түрде емдеу мүмкін емес, тренингтер мен терапия қимылдардың жақсаруына әкелуі мүмкін. БЦС қозғалыс мен бұлшықет күшін толық бақылай алмаушылықпен сипатталады. Мидың қандай бөлігі бұзылғанына орай кенеттен бұлшықетті қысым (спазм), еріксіз қозғалыстар, «билеуші» жүріс болуы мүмкін. Бұдан басқа қалыптан тыс сезіну мен қабылдау, көру, есту, сөйлеу қабілеттерінің бұзылуы, талма ауру, ақыл-ойының дамуында кемістіктер болуы ықтимал. БЦС әкелетін себептердің бастысы құрсақ ішінде пайда болады және олар тұқымқуалаушылықпен байланысты емес. Мұндай жағдайларды туа біткен церебралды сал ауруы деп атайды. Өмірдің алғашқы екі жылында пайда болатын жағдайлар аз таралған. Олар боснғандағы, көлік апатындағы, құлаудағы немес ми инфекциялары арқылы бас сүйек-ми зақымымен байланысты. БЦС негізгі үш түрі бар: түйілу (ауыр және қиналған қозғалыстар); қимыл тұрақсыздығы (еріксіз және бағынбайтын қозғалыстар); теңселістік (теңгерім сезімінің және тереңдікті сезінудің бұзылуы). Кейбір адамдарда осының бәрі бірге болады. БЦС бар адамдарға көмек қызметі қажет болуы мүмкін, мысалы жеке көмекшілер қызметі, терапия, тренингтер, тәуелсіз өмір сүру үшін қажетті қызметтер, кеңес беру, көлік, демалу және тынығу бағдарламасы, жұмыс және т.б. БЦС бар адамдар мектепке, жұмысқа бара алады, отбасын құра алады және толыққанды өмір сүре алады.

- Аяқтар қызметінің бұзылуына әкелген инсульт, полиомиелит немесе басқа аурулардан кейін шашыраңқы склероздың ауыр формасы. Шашыраңқы склероз – адам жасына қатысы жоқ және мүгедектіктің қозғалыс белсенділігінің бұзылуы мен көру қабілетін жартылай жоғалту сияқты жеңіл түрінен бастап толық қимылсыз қалуға дейінгі әр түрлі деңгейіне әкелетін неврологиялық ауру. Адамда психикалық өзгерістер болмайды. Аурудың басты белгілері ретінде балдақпен және таяқпен жүруге итермелейтін теңселісті («билеуш») жүріс; көру қабілетінің нашарлығы және өте тез шаршау аталады. Шашыраңқы склерозы бар адамдар көбінесе басқалардан, әсіресе полиция органдарының өкілдерінен түсініспеушілікке кездеседі. Бұл теңселген жүріспен байланысты, осыған бола полиция өкілдері шашыраңқы склерозы бар адамдарды мас немесе есірткі қолданған деп жиі тоқтатады.

КӨРМЕЙТІНДЕР

Көру қабілетінің бұзылуы түрлі дәрежелі болуы мүмкін – сирек кездесетін мүлдем көрмеуден адам түс пен форманы айыра алмайтын, бірақ жарықты көре алатын жартылай соқырлыққа дейін болады. Соқырларға арналған мектепте оқитын балалардың арасында 80% жуығы туғаннан көру қабілеті бойынша мүгедек, 1% жуығы – көру қабілетін жазатайым оқиға салдарынан жоғалтты және қалғандары көру қабілеттері нашарлауы мүмкін нашар көретіндер болып табылады. Мектептер мен арнайы курстарда көру қабілеті бойынша барлық мүгедектер алатын белгілі бір дайындық кезінде олар біршама еркін және өздігінен қозғала алады, қоғамдық көліктерде жүре алады, дүкенге барып, тұрмыстық мәселелерді шешіп, басқа адамдардан мүлдем ерекшеленбейді. Әлемде басқаларға тәуелді болмас үшін көптеген құралдар бар: ақшаны айырушы мен стақандағы су деңгейін айыру-

шыдан бастап, жергілікті жерде еркін жүруге мүмкіндік беретін миникомпьютерге дейін бар. Бұдан басқа белгілі дайындықтан және дағдыларды меңгергеннен кейін адам өздігінен жергілікті жерде таяқ немесе жетелеуші ит арқылы жүре алады. Соқырларға арналған мектептер орта мектеп көлеміндегі толық білім береді және стандартты түрдегі мектеп бітіру аттестатын тапсырады. Бұл мектептерде қалыпты мектептерге қарағанда ұзағырақ оқиды, себебі қосымша жыл жергілікті жерге бағдарлану мен Брайль шрифті (адамға мәтінді саусақтармен сипалап оқуға мүмкіндік беретін ауқымды шрифт) зерттеуге беріледі. Түлектер институттар мен университеттерге түседі, одан әрі түрлі мамандықтар бойынша жұмыс істейді – заңгерлік кеңселерде, диспетчерлікте және анықтама қызметінде, баспаларда, банктерде, аударма бюроларында және т.б.

ЕСТІМЕЙТІНДЕР

Естімейтіндер – статистика бойынша кез келген ел халқының 10% жуығында есту қабілетінің нашарлығы бар екені белгіленген. Есту қабілетін жоғалту деңгейіне қарай естімейтін адамдар саңырауларға (бірақ саңырау әрі мылқау емес! Бұл терминді адамдар қателесіп жиі айтады, себебі егер адам естімесе, ол сөйлесе алмайды дегенді білдірмейді), әлсіз еститіндерге, кеш керең болғандарға, құлағының мүкісі барларға бөлінеді. Саңыраулық себебі болып көбінесе босану жарақаты, жұқпалы аурулар, кейбір дәрі-дәрмектерді қолдану салдары, соғыс қимылдары уақытындағы зақым және т.б. аталады. Дегенмен, көп уақыт шу естігенде, отитті соңына дейін емдегенде және басқа себептермен де әлсіз естуші боласың. Кейбір

кездері дәрі-дәрмек арқылы есту қабілетін емдеуге болады. Кез келген жағдайда жартылай қарымақы ретінде есту аппаратын атауға болады. Туғанынан естімейтін балалар, әдетте, арнайы балалар бақшасына барады, арнайы мектеп-интернаттарда оқиды. Есту қабілетіне байланысты мүгедектер үшін жоғары білім тек кейбір жоғары оқу орындарында ғана қолжетімді. Әлсіз еститін балаларды педагогика ғылымдарының кандидаты Э.И. Леонгардтың жүйесі бойынша үй шарттарында тәрбиелеу әдісі бар. Бұл жүйе бойынша саңырау балаларды тәрбиелеу оларға сөздік қатынасты және сөздік есту қабілетін дамытуға, қалыпты орта мектептерде ойдағыдай оқуға, қалыпты жоғары оқу орындарында жоғарыбілім алуға мүмкіндік береді.

ДАУН СИНДРОМЫ

Даун синдромы алғаш рет XIX ғасырдың екінші жартысында сипатталған. Синдром хромосомалы ауытқушылықтарға жатады. Даун синдромы бар адамда 46 емес, 47 хромосома болады. Сонымен қатар бұл хромосомалар жиынтығы ата-анасында

қалыпты болуы мүмкін. Медицина кейбір ұрықтарда тағы бір хромосоманың пайда болуының нақты себебін әлі күнге шейін анықтай алмай келеді. Көптеген елдерде бүгінгі күні тағы бір хромосоманың болуы ауру ретінде қарастырылмайды.

Даун синдромымен туған баланың өзіндік сипатты сырт келбеті бар – біршама кішірейтілген бас сүйегі, кейде – сәйкес емес қысқа аяқ-қолдары. Даун синдромы баланың басқа балаларға қарағанда ақырын дамиды және даму кезеңдерін кеш өтетінін білдіреді. Оған оқу өте қиын болады, бірақ ол басқа балалар жасайтын жүру, сөйлеу, оқу және жазу секілді әрекеттердің көбін орындай алады. Даун синдромы бар түрлі адамдарда ақыл-ойлары әр түрлі дамыған, жүріс-тұрысы мен дене дамуы өзгеше. Әрқайсысының басқа кез келген адам секілді өзіндік ерекшеліктері

бар. Егер олар үйде, тыныш жерде өмір сүрсе, егер олар кішкентай кездерінде ерте көмек бағдарламасы бойынша оқудан өтсе, егер арнайы білім, медициналық көмек және қоғамның жағымды қатынасын алып жатса өз мүмкіндіктерін одан да жақсы дамыта алады. Осы шарттарды сақтау барысында Даун синдромы бар адамдар олардың барлығы басқа адамды түсіне алмайды және оларды оқыту мүмкін емес деген басты стереотиптердің бірін жеңеді. Қазір әлемде ата-аналарға Даун синдромы бар балаларды тәрбиелеуге көмектесетін ұйымдар қызмет етеді.

АУТИЗМ

Аутизм – бұл дамудың өмір бойғы бұзылуы, ол коммуникацияға және басқа адамдармен қарым-қатынасқа, сонымен қатар қоршаған әлемді қабылдауға және түсінуге әсер етеді.

Ахуал ретінде аутизм спектр болып табылады. Бұл аутизмі бар барлық адамдарды белгілі бір салалардағы қиыншылықтар біріктіреді десек те, бұл бұзылу әрбір жеке адамға әр түрлі әсер ететінін білдіреді. Аутизмі бар кейбір адамдар өзінше тәуелсіз өмірмен тұра алады, ал кейбіреулерінде оқудың қосымша бұзылулары пайда болып, мамандар жағынан өмір бойы қолдауға мәжбүр болады. Бұдан басқа аутизмі бар адамдар әдетте дыбыстарға, дәмдерге, иістерге, жарыққа немесе түске деген гипер- немесе гипосезімталдықтарымен айрықшаланады.

Аутизм бар адамдардың барлығы үш облыста қиыншылық көреді, оларды «аутизмдағы бұзылу үштігі» деп атайды. Бұл үштікке кіретіндер:

- **әлеуметтік коммуникациямен қиыншылықтар;**
- **әлеуметтік қарым-қатынаспен қиыншылықтар;**
- **әлеуметтік елестетумен қиыншылықтар.**

Кейде аутизм бар адамдардың проблемалары туралы ескерту қиынға соғады, себебі олар «мүгедек болып көрінбейді». Аутизм бар балалардың ата-аналары басқалар олардың балаларын тек тәрбиесіз және ерке деп есептейді деп шағынады, ал аутизмі бар ересек адамдар да түсініксіздікпен жиі кездеседі.

Аутизмі бар адамдардың барлығы уақтылы диагноз қоюды, арнайы көмек пен қызметке қолжетімділікті қажет етеді.

ПСИХИАТРИЯЛЫҚ АУРУЛАР

Психиатриялық аурулар орталық жүйке жүйесінің бұзылуымен байланысты. Адам миы қабылдауды (көру, есту), жадыны, ойлауды, сөйлеуді, тепе-теңдікті, сезімдердің пайда болуы мен көрсетілуін (эмоция) тыныс алуды және т.б. бақылайды. Осы атқарымдардың кез келгені және олардың үйлесімді жұмысы психикалық ауру нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Басқа жағынан қарасақ, созылмалы психикалық аурулар белгілі бір мағынада кез келген басқа созылмалы аурумен ұқсас, мысалы жүрек-

тамыр ауруымен немесе диабетпен. Бүгінгі күні жан күйзелісінің пайда болуының басты себебі анықталмаған, бірақ аурудың бастамасын қоздыратын, психикалық ауру ағымын жақсартатын немесе төмендететін көптеген жайттар белгілі.

Психикалық ауру нышандары:

- күнделікті мінез-құлқында кенеттен пайда болған өзгерістер (адамға бұрыннан тән емес көп ұйықтау немес мүлдем ұйықтамау, тәбеттің артық болуы немесе мүлдем

болмауы, ұмытшақтықтың, енжарлықтың немесе артық қозушылықтың пайда болуы);

- ойлау мен қарым-қатынастың қиындауы; мания, бас кату (уақытқа сәйкес келмейтін қандай да бір қызметті қарысып бастағысы келу, қандай да бір идеяның бастаушысы және т.б.);

- негативизм, соның ішінде көмектен бас тарту;

- ішімдікке және есірткіге салыну; ұзақмерзімді депрессия;

- иллюзии и елестер;

- күнделікті жұмысты істей алмау;

- көңіл-күйінің ауытқушылығы және т.б.

Ең көп таралған психикалық аурулар болып маниакалды-депрессивті психоз бен шизофрения аталады.

Маниакалды-депрессивті психоз – өте қатты қозудан

жабырқаулыққа дейін өзгеріп тұратын көңіл-күйдің ауысуы.

ШИЗОФРЕНИЯ – бұл психоздардың бір топтарының ортақ атауы, мұнда жағдайы жалпы нормадан ауытқыған ойлау, жүріс-тұрыс және эмоциялармен сипатталады. Жан күйзелісіне шалдыққандардың жүріс-тұрысы, олардың психикасының бұзылу деңгейі ағымның формасы, сипатына және жеке тұлғаның жеке бас ерекшеліктеріне қарай қатты өзгеріп тұрады. Сондықтан да «шизофрениктің күнделікті қалпын» сипаттау, симптомдарының соңғы тізімін беру мүмкін емес. Созылмалы жан күйзелісі әрқашан да толқынмен жүретінін есте сақтаған жөн: асқыну – бұл үдеу немесе аурудың «шабуылы» және ремиссия – жағдайдың елеусіз толқындары мен кейбір өзгешеліктер ғана ауруды басқа адамдардан ажыратып тұратын жайлы кезең.

ЭПИЛЕПСИЯ (ҚОЯНШЫҚ АУРУЫ)

Эпилепсия – жүйке-психикалық сипаттағы созылмалы жағдай. Эпилепсия белгілері ретінде селкілдек ұстамалар және кейбір кездерде психикалық – интеллектуалдық немесе эмоциялық – ауытқушылықтар аталады. Эпилепсия себебі толық зерттелмеген, бірақ мұнда үлкен рөлді тұқым қуалаушылыққа береді.

Эпилепсияны бейімділік ауруларына жақындатады. Аяқ астынан және біршама қысқамерзімді эпилепсия ұстамасы кезінде сана-сезім толық ағытылып, құлауы немесе селкілдеулер байқалуы мүмкін, бұл барлық бұлшықеттердің тырысуында, көбінесе басты артқа қайырып, тілін тістеумен көрінеді, кейін 1-2 минут ішінде барлық бұлшықеттердің

дірілдеуі байқалады. Ұстама кезінде адамды көлденең жерге жатқызып, көйлегінің жағасын шешіп, белін босатып, адамның тілін тістеп алмауын қадағалау. Бұл үшін жоғарғы және астыңғы тістер арасында қатты бірнәрсе, мәселен қасық, қалам және т.б. орналастыру қажет.

Эпилепсия ұстамаларына шалдыққыш адам көбінесе дәрі-дәрмектер қолданады және ұстама келуін бақылап, басқаларды ескертуі мүмкін. Басқасында эпилепсиясы бар адамдар оқи алады, жұмыс істей алады және қарым қатынас орната алады.

СТОМА ҚОЙЫЛҒАН АДАМДАР

Стома – бұл ішектер немесе несеп жолдары алдыңғы құрсақ қабырғасына шығарылатын саңылау. Стоманы әр түрлі себептер бойынша қояды: ішектің онкологиялық ауруы, жаңа туған баланың даму кемтарлығы, зақымдар; ас қорыту үрдісінен төмен жатқан ішек бөлігін алып тастау мақсатымен қояды. Делается это для того, чтобы избавить пациента от основного заболевания или его последствий. Осылайша, стома қойылған емделуші

ресми түрде науқас болып есептелмейді, ал стома ауру болып табылмайды, ол өткізілген ота салдары ретінде қалып және оны салған адамды өзімен өмір сүруге бейімдейді.

Стомаға үйрену – адам өміріндегі ауыр кезеңдердің бірі. Медициналық-әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыруға, адамдарды стоманы қазіргі заманғы күту құралдарымен қамтамасыз етуге және проктология са-

ласында жаңа әдістерді жасауға мүмкіндік беруге көмек беретін ұйымдар мен қорлар бар.

Ерікті Көрмеде ең алдымен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың жүруіне және бағдарына, содан кейін ғана басқа келушілерге көмек көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін инфрақұрылым және қосымша мүмкіндіктер туралы ақпаратты толық меңгеу қажет. Дайындық кезеңінде Көрмеде жұмысты бастамастан бұрын еріктілер бұл жағдай бойынша сынау нұсқамасынан өтеді.

Көрме Кешені әрбір нысанның қолжетімділігін

қамтамасыз етіп, қозғалыс барысында құрылыс бөгеттерін мүмкіндіктері бойынша ықшамдау арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардың мұқтаждықтарын ескереді. Көрме Кешенін салу барысында қолжетімділікті жақсарту үшін барлық шаралар жасалады, соның ішінде қиылыстарда төменірек жасалған жаяужолдар, визуалды және аудиобелгілері бар бағдаршамдар, қосымша көше жарықтары, кіреберістердегі төмен жылжыма баспалдақтар, барлық қоғамдық ғимараттарда мүгедектердің мұқтаждықтары ескерілген дәретханалар, кеңейтілген лифттар және дәліздер.

2.5. ЖАНЖАЛДАРДЫ ШЕШУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ - КІРІСПЕ А ПАРАТ

Технология неден басталады?

Жанжал себебін анықтаудан басталады. Бұл жерде шынайы себептер кейде жасырын болуы қиындық тудырады, немесе олар жанжал себепшісін жаман жағынан сипаттауы мүмкін. Бұдан басқа, ұзаққа созылған жанжал қарама-қайшы қызығушылықтар тізімін кеңейте отырып өз айналасына жаңа қатысушыларды тартады, бұл негізгі себептерді әділдікпен анықтауда қиындық тудырады. Жанжалдарды шешу тәжірибесінің көрсетуінше, бұған жанжал формуласын меңгеру үлкен көмек көрсетеді.

ЖАНЖАЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ФОРМУСЫ

ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТ + ОҚИҒА (КОНФЛИКТОГЕН) = ЖАНЖАЛ, қайда

ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТ – бұл жанжалдың шынайы себебі бар жинақталған қарама-қайшылықтар.

ОҚИҒА – бұл жанжалға себеп болатын түрлі жағдайлардың тоғысуы.

ЖАНЖАЛ – бұл бірін бірі жоққа шығаратын қызығушылықтар мен айқындамалардың салдары ретінде ашық қарама-қайшылық.

Жанжалды жағдаят пен оқиғаның бір-бірінен тәуелсіз екендігі, яғни олардың ешқайсысы бір-бірінің салдары немесе айқындамасы еместігі формуладан көрініп тұр.

ЖАНЖАЛДЫ ШЕШУ - БҰЛ:

- жанжалды жағдаятты жою
- оқиғаны қарастырып болу

ЖАНЖАЛДЫҒЫҒ ЕКІНШІ ФОРМУЛАСЫ

ЕКІ (НЕМЕСЕ ОДАН ДА КӨП) ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТТЫҒ СОМАСЫ ЖАНЖАЛҒА АЛЫП КЕЛЕДІ.

Сонымен қатар жанжалды жағдаяттар тәуелсіз, бір бірінен туындамайтын болып табылады. Берілген формула бірінші формуланы толықтырады, оған сәйкес жанжалды жағдаяттардың әрқайсысы өзінің айқындамасы арқылы басқасы үшін оқиға рөлін ойнайды. Бұл формула бойынша жанжалды шешу – жанжалды жағдаяттардың әрқайсысын жою деген сөз.

ЖАНЖАЛСЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҒ ЕРЕЖЕСІ

1 ЕРЕЖЕ. КОНФЛИКТОГЕНДЕРДІ ҚОЛДАНБАҒЫЗ.

2 ЕРЕЖЕ. КОНФЛИКТОГЕНГЕ КОНФЛИКТОГЕНМЕН ЖАУАП БЕРМЕҢІЗ.

3 ЕРЕЖЕ. СҰХБАТТАС АДАМДЫ ҰҒЫНУҒА ТЫРЫСЫҒЫЗ.

4 ЕРЕЖЕ. ТІЛЕКТЕСТІК ТҮРТКІЛЕРІН КӨБІРЕК ЖАСАҒЫЗ.

Адамдарда қарама-қайшылық әдетте әрекетпен тең емес, одан басымдырақ. Алғашқы конфликтоген көбінесе адамдардың еркінен тыс жағдайға байланысты пайда болады, ал әрі қарай конфликтогендердің біртіндеп үдеуі күшіне енеді. Жанжалдардың алдын алу үшін конфликтогендер тізбесін үзу қажет. Конфликтогендердің біртіндеп үдеуін біз тек күшпен ғана тоқтата аламыз.

ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТТЫ ТҰЖЫРЫМДАУДЫҒ 6 ЕРЕЖЕСІ

Көптеген жанжалдарда тек бір ғана жанжалды жағдаятты емес немесе оның сипаттамасының бірнеше нұсқасын табуға болады. Жанжалды шешуде басты рөлді жанжалды жағдаятты дұрыс сипаттау ойнайды. Жанжалды жағдаятты анықтау рәсімін жанжалды шешуге тиімді қылатын ережелер.

1 ЕРЕЖЕ. ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫҒ, ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТ – БҰЛ ЖОЙЫЛУЫ ТИІС НӘРСЕ. Сәйкесінше, «жанжалды жағдаят – осы адамда», әлеуметтік-экономикалық жағдайда», «желіде автобустардың жетіспеушілігінен» және т.б. сипаттамалар жарамайды, себебі біз адамды жою алмаймыз, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жалғыз өзі ешкім де өзгерте алмайды.

2 ЕРЕЖЕ. ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТ ӘРҚАШАН ДА ЖАНЖАЛДАН БҰРЫН ПАЙДА БОЛАДЫ. Ал жанжал оқиғамен бір уақытта пайда болады. Осылайша, жанжалды жағдаят жанжалдың да, оқиғаның да бастамасы болады. Жанжалдың бірінші формуласында бірінші орында Жанжалды жағдаяттың тұрғаны тегін емес, одан кейін Оқиға (Конфликтоген) және содан кейін ғана Жанжал тұр.

3 ЕРЕЖЕ. ТҰЖЫРЫМДАМА НЕ ІСТЕУ КЕРЕКТІГІН КӨРСЕТУІ ТИІС.

4 ЕРЕЖЕ. БАСҚА СЕБЕПТЕР ПАЙДА БОЛАТЫН АЛҒАШҚЫ СЕБЕПКЕ ДЕЙІН ЖЕТКЕНШЕ «НЕГЕ?» ДЕГЕН СҰРАҚТЫ ӨЗІҢІЗГЕ ҚОЯ БЕРІҢІЗ. Егер арамшоппен салыстырсақ, тамырдың тек бір бөлігін ғана жұлып тастамаңыз, себебі қалған бөлігі бәрібір арамшөпті өсіріп шығарады.

5 ЕРЕЖЕ. ЖАНЖАЛДЫ ЖАҒДАЯТТЫ МҮМКІНДІГІНШЕ ЖАНЖАЛ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНБАЙ ӨЗ СӨЗДЕРІҢІЗБЕН СИПАТТАП ШЫҒЫҢЫЗ. Істің түйіні жанжалды қарастырғанда, әдетте, көбінесе оның көрінетін жақтары жайлы, яғни жанжалдың өзі және оқиға туралы айтылатынында болып тұр. Жанжалды жағдаятты түсінуге біз кейбір ой қорытындылары мен әр түрлі құраушыларды жинақтай (біріктіре) отырып келеміз.вляющих. Осылайша оның тұжырымдамасында бастапқы сипаттамасында болмаған сөздер пайда болады.

6 ЕРЕЖЕ. СИПАТТАМАДА СӨЗДЕРДІ АЗ ҚОЛДАНЫҢЫЗ. Сөздер көп болғанда, ой нақты болмайды, жанама өзгешеліктер пайда болады және т.б. Дәл осы жерде «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» деген мақал дәл келеді.

Жанжалды жағдаят – бұл «жанжал» деген атауы бар аурудың диагнозы. Тек дұрыс диагноз емделуге үміт береді.

ЖАНЖАЛДЫҢ БІРТІНДЕП ҮДЕУІНІҢ САТЫСЫ

Жанжалдың біртіндеп үдеуі деп (лат. scala - «саты») уақыт өткен сайын ұлғаятын жанжалдың дамуы; оппоненттердің бір біріне бұрынғыларына қарағанда қарқынды түрде әсер етулері орын алатын тайталастың асқынуы келесі түсінігі анықталады.

Жанжалдың біртіндеп үдеуі оның оқиғадан басталып, күрестің әлсіреуімен аяқталатын, жанжалдың шешіміне ауысатын бөлігін ұсынады.

Біртіндеп үдеудің бастапқы кезеңінде басты қарама-қайшылық ретінде жанжалды қарым-қатынас субъектілерінің мақсаттары мен қызығушылықтары емес, ал жеке тұлғалық қайшылықтар болуы мүмкін.

Осыған орай тараптардың жанжалды қиындататын басқа да қызығушылықтары пайда болады. Біртіндеп үдеу барысындағы кез келген қызығушылықтар барынша поляризацияланады, қатысушылар толығымен қарсы жақтың қызығушылықтарынан бас тартады.

Агрессиялықтың ұлғаюынан бұл кезеңде шынайы бастапқы қарама-қайшылық нышанын жоғалтып алу мүмкін. Сол себепті жанжалды жағдаят қатысушыларды жанжалға итермелеген себептерге тәуелділіктен арылып, қайшылықтың бастапқы нышанының құндылығы мен маңыздылығының төмендеуінен кейін де дами беруі ықтимал.

Біртіндеп үдеудің жанжалдың уақыт және кеңістік сипаттамаларын ұлғайтатын ерекшелігі бар. Қатысушылардың қайшылықтары ауқымды және тереңірек бола түседі, қақтығыс үшін себептер көбейеді.

Жанжалдың біртіндеп үдеуінің сатылары – жанжалдың дамуының басты және қауіпті кезеңдері, себебі дәл осы уақытта бастапқыда тұлғааралық болған жанжал топаралыққа ауысуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, ашық жанжал деңгейінде қолданылатын құралдардың әр түрлілігіне әкеледі.

Біртіндеп үдеудің жанжалды күшейтетін сыртқы және ішкі тетіктері бар. Біртіндеп үдеудің **СЫРТҚЫ ТЕТІКТЕРІ** қарсы күресуші тараптардың әрекеттерінің тәсілдері мен стратегияларына қатысты. Әрекеттері сәйкес келгенде жанжал қарқындырақ бола түседі, себебі қатысушылары тең тәсілдермен әр түрлі мақсаттар мен қызығушылықтарға қол жеткізеді.

Біртіндеп үдеудің **ІШКІ ТЕТІКТЕРІ** адам санасы мен миының мүмкіндіктеріне негізделген. Жеке тұлғалар мінездемелерінің ерекшеліктері, жанжалды жағдаят қатысушыларының жеке бас және әлеуметтік ұстанымдары эмоциялық шиеленісу және болуы ықтимал қатер шарттарында адамның әрекеті мен қызмет істеуіне әсер етеді.

ЖАНЖАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Өз көзқарасыңды таңу
Пайымдауда жасандылықты көрсету
Сұхбаттас рөлін әрқашанда төмендетіп отыруда
Тыңдағысы келмеу және сұхбаттас сөзін бөле беру
Адамға немесе топқа ашық сенімсіздік білдіру
Сұхбат қарқынын аяқ астынан жылдамдату және оны тез аяқтау
Өзінің қателерін, басқаның дұрыстығын мойындағысы келмеу
Өзі мен сұхбаттасушы арасындағы айырмашылықтарды өзіне тиімді қылып ерекше мән беру
Белгілі бір ортақ іске әрқашан сұхбаттастың үлесін төмендету және өз үлесін жоғарылату
Сонымен қатар барлығы өте жағымсыз деп қабылданатындар

ІСКЕР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚАУІПТІ СӨЗДЕР-КОНФЛИКТОГЕНДЕР БОЛЫП КЕЛЕСІЛЕР АТАЛАДЫ:

Мазақтау сөздер: «көзілдірікті», «салпаң құлақ», «былжыр», «қортық» және т.б.
Айыптау сөздер: «сізге бола бәрі бұзылды», «бұған сен кінәлісің» және т.б.
Міндеттеу сөздер: «сіз міндеттісіз» «сіз тиістісіз» және т.б.
Қауіп төндіретін сөздер: «жер дөңгелек», «мен мұны ұмытпаймын» және т.б.
Сенімсіздік білдіретін сөздер: «сіз мені алдағансыз», «мен сізге сенбеймін» және т.б.
Салыстыруды көрсететін сөздер: «шошқа секілді», «тотықұс сияқты» және т.б.
Кемсітушілік бар сөздер: «жексұрын», «ақымақ», «жалқау», «мал» және т.б.
Кесімділікті білдіретін сөздер: «әрқашан», «ешқашан», «болды», «ешкім» және т.б.
Нашар қарым-қатынасты білдіретін сөздер: «сен маған жиіркеніштісің», «мен сенімен сөйлескім келмейді» және т.б.

ЖАНЖАЛДЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ

АЙҚЫНДАМАЛЫҚ КЕЛІСІМСӨЗДЕР	ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ АҚИҚАТ ШАРТТАР	КІМДІКІ ДҰРЫС ЕКЕНІН АНЫҚТАУ
СОТ ТАЛҚЫЛАУЛАРЫ ЖӘНЕ АРБИ-ТРАЖ		
КІРІКТІРІЛГЕН КЕЛІСІМСӨЗДЕР	ЖЕКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ	ТҮБЕГЕЙЛІ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ БІРІКТІРУ
МЕДИАЦИЯ		
ӨКІЛЕТТІЛІК САТЫЛАРЫ: ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА ЕҢ ЖОҒАРЫ МАНСАБЫ БАР АДАМ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ	КҮШ АЙҚЫНДАМАСЫ	КІМНІҢ КҮШІ БАСЫМЫРАҚ ЕКЕНДІГІН АНЫҚТАУ: СОЛ АДАМНЫҢ АЙТҚАНЫ ДҰРЫС БОЛЫП ШЫҒАДЫ
ПРОЦЕССУАЛДЫ ӘРЕКЕТТЕР		
АРҚЫЛЫ ӨКІЛЕТТІЛІКТІ НЫСАНДАН-ДЫРА ІСКЕ АСЫРУ		
ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРДІ БЕЙРЕСМИ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (ҚЫЛМЫС ІС)		

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ «ТЕХНИКАЛЫҚ» ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР	ІС ЖҮРГІЗУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ
1. ҚАРЖЫ	1. ТҮБЕГЕЙЛІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР	РЕТТЕУ ҮРДІСІНІҢ БАРЫСЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР
2. ТАУАРЛАР	2. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР	
3. ЦЕННЫЕ РЕСУРСЫ	3. ТҰЛҒАЛЫҒЫҢДЫ САҚТАУ	
4. ҚОРЛАР	4. БИЛІК, ДҰШПАНДЫҚ, ЖАНЫНА БАТЫРУ	
МЫСАЛДАР	МЫСАЛДАР	МЫСАЛДАР
ЖҰМЫС	ЖЕКЕ ӨМІР ҚҰҚЫҒЫ	ӘДІЛЕТТІ РӘСІМ
ҮЙ	ӨЗІ-ӨЗІ СЫЙЛАУ	ОЙЫНДАҒЫСЫН АЙТУ МҮМКІНДІГІ
ТАБЫС КӨЗІ	БОЛЫП ЖАТҚАНҒА ҚАТЫСТЫЛЫҚ	ӨЗІН ТЫҢДАТУҒА ЫҚЫЛАС
КЕЛТІРІЛГЕН НҰҚСАННЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ	ҚАУІПСІЗДІК	ӘСЕР ЕТУ
ҮЗДІК ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН РӘСІМДІ ҰЗARTУ	ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ	ҚАТЫСУ
	ТӘУЕЛСІЗДІК	ҮШІНШІ ЖАҚТЫҢ БЕЙТАРАПТЫЛЫҒЫ
СҮЙІКТІ ІСІҢМЕН АЙНАЛЫСУ МҮМКІНДІГІ	ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНИМДІЛІК	
	МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНУ	
	БАСҚАЛАРДАН БАСЫМ БОЛУ	
	БАСҚАЛАР ЖАҚТАН БАЙЫПТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ КӨҢІЛ АУДАРУ	
	БАСҚА АДАМДАРҒА ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚТАР ТУДЫРУ ҮШІН РӘСІМДІ ҰЗARTУ	

ТИМДІ КЕЛІССІЗДЕР ҮРДІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Тімді келіссөздер үрдісінің психологиялық табиғатын түсіну үшін келесіні ескеру қажет. Кез келген келіссөздер үрдісі екі деңгейде өтеді; біріншісінде талқылау іс мәнісіне қатысты болса, екіншісінде ол талқылау рәсіміне шоғырланады. Талқылаудың бірінші деңгейінде «Келіссөздер мәні не?» деген сұраққа жауап береді. Екінші деңгейде «Сіз келіссөздер мәнін қалай талқылайсыз?» деген сұраққа жауап ізделінеді.

Негізі түбегейлі келіссөздер әдісі төрт ережеге келіп тіреледі, олардың әрқайсысы бастапқы элементтердің біріне қатысты болады және белгілі бір ұсыныстарды болжамдайды.



БІРІНШІСІ – адамдар. Келіссөздер қатысушылары мен мәні арасында шектеу жасау керек. Бұл келіссөздер қатысушылары оларға бірге жұмыс істеуге тура келетіндігін, бір-бірімен емес, проблемамен айналысулары қажет екендігін түсінулері қажет. «Адамдар проблемаларын» жеке бөліп алып айналысу қажет.

ЕКІНШІСІ – қызығушылықтар. Адамдардың ұстанымдарына емес, қызығушылықтарға көңіл тоқтату қажет. Бұл ұсыныс ұстанымдар мен өтініштерге зейін қойылумен шартталған кемшіліктерді жобға бағытталған, сонымен қатар келіссөздер қатысушыларының мақсаты олардың шынайы, байырғы қызығушылықтарын қанағаттандыруда болып табылады.

ҮШІНШІСІ – мүмкіндіктер. Не істеу керектігін шешпестен бұрын мүмкіндіктерді белгілеп алған жөн. Бұл жерде әңгіме жағдайдың қысуынан тиімді шешім шығарудың қиын екендігін түсіну туралы болып тұр. Жалғыз дұрыс шешімді іздестіруге ұмтылыс та айтылады. Бұл қиыншылықты ортақ қызығушылықтарды ескеретін және сәйкес келмейтін қызығушылықтарды келістіретін өзара тиімді нұсқаларды жасау, баламаларды іздеу шешеді.

ТӨРТІНШІСІ - ШАРТТАР. Нәтиже қандай да бір ақиқат үлгіге негізделген болуы қажет. Бұл біреудің бірбеткейлігінен өтуге мүмкіндік береді, ал серіктестер күш-жігерін белгілі бір әділетті шарттарды іздеуге бағыттау керек.

СОНЫМЕН, ТҮБЕГЕЙЛІ КЕЛІССӨЗДЕР ӘДІСІ МҮЛДЕМ БАСҚА ҚАФИДАЛАРҒА СҮЙЕНЕДІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:

- (1)** келіссөздер қатысушылары – қастар да, достар да емес, олар мәселені бірге шешіп жатқан серіктестер.
- (2)** келіссөздер мақсаты – жеңіс және жақсы қарым-қатынас емес, ал қисынды мәмілеге келу болып табылады.

ТАКТИКА:

- адамдармен қарым-қатынасқа қатысты жұмсақ болып, мәселелерді шешкенде қатаң болу;
- сізге деген сенім деңгейіне қарамастан келіссөздерді жалғастыру;
- назарды қызығушылықтарға емес, айқындамаларға аудару;
- барлық ұсыныстарды талдау және талқылау;
- өзара тиімді нұсқаларды ұсыну және ойлау;
- шешім қабылдауды артқа жылжыта отыра таңдаудың көптеген нұсқаларын жасау;
- әділ шарттарды қолдануға немесе оларды жасауға көндіру.

Түбегейлі келіссөздер әдісінің жоғарыда көрсетілген төрт элементтері келіссөз үрдісінің барлық сатыларында жүзеге асырылады:

- талдау сатысында (жағдайды бағалау);
- келіссөздер үрдісін жоспарлау сатысында;
- тараптар бір-бірімен келісімге келуге ұмтылып қарым-қатынас орнатқан пікірталас сатысында.

Еріктілер өз міндеттеріне кіріспестен бұрын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаудан өтеді, бұл тікелей ерікті қызметінің түрімен байланысты. Аталмыш оқу құралында біз қызметтің барлық түрлеріне ортақ түсініктер туралы сөйлесеміз.

Көрме ұйымдастырушылары барлық еріктілермен белгіленген үлгідегі журналда тіркеуі бар техника қауіпсіздігін сақтау ережелерін өткізулері тиіс.

Көрменің өткізілуі барысында тәртіп және қатысушылар мен келушілердің қауіпсіздігін сақтау үшін қажетті құрамда нұсқаушылар мен қауіпсіздік қызметінің кезекшілігі қамтамасыз етіледі. Өз жауапкершілігі аумағында еріктінің міндеті:

- эвакуация бағыттарын зерттеу және білу;
- қауіпті аумақтан кедергісіз шығуды (өтуді) қамтамасыз ететін шараларды алдын ала қамдау;
- өзі жұмыс істейтін ғимарат немесе жергілікті жерді жарылғыш нышаны бар заттарға тексеру.

Көрме қатысушысының денсаулығы нашарлағанда немесе жарақат алғанда алғашқы көмек көрсету үшін ұйымдастырушылар дәрі қораптарымен, медициналық пунктермен, толық жинастырылған қажетті дәрі-дәрмектермен, техникалық және таңу материалдарымен

қамтамасыз етілулері тиіс. Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету ұйымның ішкі «Төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету» нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады. Еріктілер тиісті оқудан өтеді, ал осы оқу құралында аталмыш тақырыпқа жеке тарау арналған.

ЭКСПО-2017 еріктілері қарым-қатынастың жоғары мәдениеттіліктерін, сыпайылық, ақкөңілділік, тыныға білу көрсетулері керек. Көрме ұйымдастырушыларының барлық нұсқаулары мен тыйымдарын сөзсіз орындаулары қажет.

Темекі шегу, ашық оттарды (шырақ, май шам және т.б.) және өртке әкелетін басқа да от түрлерін қолдануға рұқсат етілмейді.

Алкогольды немесе есірткі әсерінен мас болған немесе кез келген бұзықтық қылықтар жасаған келушілер, қатысушылар (еріктілер) көпшілік жерден дереу шығарылуы тиіс және оларға тиісті ықпал ету шаралары (қоғамға қарсы әрекет деңгейі мен жасына сәйкес) қолданылуы керек. Еріктілер Көрмедегі қоғамдық тәртіпті сақтайды және қажет болған жағдайда қауіпсіздік қызметіне және өзінің тікелей басшысына жүгінеді.

АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Апаттық оқиғалардың кез келген белгілерінде (апат белгісі, адамдардың айқайы, түтін иісі және т.б.) ұйымдастырушылардың басты міндеті – Көрме қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жылдам эвакуация жасауға мүмкіндіктер жасау болып табылады.

Басшы, қауіпсіздік қызметі апаттық оқиға, оның үдеуі, онымен байланысты зардаптардың салдары туралы дереу хабардар болулары тиіс.

Төтенше жағдайлар кезінде адамдардың шоғырланған жерлеріне тап болған адам үшін назарын аударуы тиіс екі басты міндет бар:

- көкірек қуысын жаншылудан қорғау
- және жылдам эвакуация кезінде құлап қалмауға тырысу.

Көрме қатысушыларын эвакуациялау кезінде құлаған заттарға еңкеюге, аяқ киімді жөндеуге, аяқтың және дененің ауырғанына назар аударуға, жүгіріп бара жатқан топтың арасында тоқтауға, қолдарыңды жоғары көтеруге (көкірек қуысының жаншылуынан қаза табуға болады), қолдарыңды төмен түсіруге (оларды шығарып алу мүмкін болмай қалады) тыйым салынады.

Ұйымдастырушылар қатысушылардың төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерін бақылау үшін барлық күш-жігерлерін салулары қажет.

Эвакуацияланғандармен ыңғайлы дауыспен сөйлескен дұрыс: қатаң, сенімді, үзілді-кесілді, көңіл-күйді тұрақтандыруға бағытталған кез келген шараларды қолдану, қызбалық жағдайлардың алдын алу.

Апаттық жағдайда зардап шеккен адамдарға уақтылы алғашқы көмек көрсетілуі тиіс және қажет болған жағдайда емдеу мекемесіне жеткізілуі қамтамасыз етілуі керек.

ЭКСПО-2017 МАСТЕР-ЖОСПАРЫНЫҢ БАСТЫ ТӘЖІРИБЕЛІК КӨРІНІСТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ОНЫҢ АПАТТЫҚ ЭВАКУАЦИЯ КЕЗІНДЕГІ ӨМІРШЕҢДІГІ МЕН КӨЛІКТЕРДІҢ КІРУІНЕ МҮМКІНДІКТЕРІНІҢ БОЛУЫ. МАСТЕР-ЖОСПАР ДЕҢГЕЙІНДЕ АУМАҚТЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ЖАЛПЫ ЖАБДЫҚТАНДЫРУ ҰСЫНЫЛАТЫНЫН ЕСКЕРГЕН ЖӨН, БІРАҚ КЕЙІНГІ ДЕҢГЕЙІНДЕ БАРЛЫҚ ҒИМАРАТТАР МЕН ЛАНДШАФТЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚАУІПСІЗ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС Орындалуы қажет. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ МАСТЕР-ЖОСПАРДА КЕЛЕСІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

1. Барлық ғимараттар келушілерге арналған жеке апаттық шығаберістермен қамтамасыз етіледі. Апатты оқиға орын алған сәтте аталмыш шығаберістер техникалық көмек және эвакуация автокөліктеріне кіреберіс ретінде қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы шығаберістер жаяу келушілерден толығымен қорғалған және олармен жабылып қалмайды.

2. Бұдан басқа, әрбір ғимарат кезек қалыптасатын аумақтан алыс орналасқан «кезекті» пайдалану үшін қажетті жедел жәрдем көліктері үшін жеке кіреберіспен қамтамасыз етілген. Ашылу кезінде оқиға орын алған жерге тез жету үшін жедел жәрдем көлігі әрбір кіреберісте орналасады.

3. Сырттан өрт сөндіруші және жедел жәрдем көліктері Көрме аумағының барлық бөліктерімен тез қатынасу үшін Көрме кешенінің аумағындағы апаттық қызметтерге арналған айналма жолды немесе төтенше жағдай орын алған жерге жету үшін желекжолдар мен эспланадалардағы кең жаяужолдар аумақтарын қолдана алады. Мұндай жағдайда қызметкерлер барлық кіреберістерде техникалық көмек көліктері жылдам кірулері үшін Көрмеге келіп жатқандарын хабарлап тұрады. Бұл үрдісте көрме аумағына Орынбор немесе Қабанбай батыр көшелерінен кемінде 5 минутта жетуге болады.

4. Сыртта апаттық шығаберістер Астана жолдарының желісіне жылдам және тікелей шығарады. Ең тиімді апаттық шығаберіс ретінде қызметтік қақпалар аталады.

5. Шараның барысында Көрмеде шағын және орта көлемдегі төтенше жағдайлар орын алғанда жедел жету уақытын қысқарту үшін құқық қорғау органдары мен медициналық қызметкерлер болады.

6. Көрменің барлық аумағын эвакуациялау қажеттілігі туындаған жағдайда Мастер-жоспар эвакуацияның кең жолдарын қарастырған. Барлық турникеттері «шығу» деп қойылатын және қосымша есіктер ашылатын барлық кіреберістерге қосымша ретінде келушілер Көрмеден шыға алуылары үшін су қоймасының үстінен төрт арнайы көпір ашылуы мүмкін. Ені 8 м аталмыш көпірлер барлық кіреберістердің арасында орта жолда орналасқан. Олар қашықтықтан басқарылатын қақпалармен жабылған. Бұл көпірлер техникалық көмек көліктері секілді ауыр жүктердің салмағын ескере отырып жасалады. Осы себеппен оларды эвакуация қажет болмаған кезде көліктің кіруіне және Көрме аумағынан шығуға қолдануға болады.

7. Бұдан басқа, екі апаттық шығаберіс осы аумақтан солтүстікке қарай көрме кешенінен ЭКСПО-саябаққа апарады.



2.7. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР - ЭКСПО-2017 ЕРІКТІЛЕРІ ҮШІН НҰҚАУЛАР

Көрме қатысушылары үшін Көрме аумағында және одан тыс жерлерде табиғи және техногенді сипаттағы, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын басқа да төтенше жағдайлар туындағанда олардың іс-әрекеттерін анықтайтын Нұсқаулық (алгоритмдер) дайындалды. Бұл құжатты еріктілер төтенше жағдайда Көрме ұйымдастырушыларын жылдам ақпараттандыру қажеттілігін бағалап, оқиға салдарын жою үшін тиісті шараларды дереу қабылдайтындай ЭКСПО-2017 жұмысына дайындық кезінде егжей-тегжейлі зерттейді. Еріктілер төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша шараларды уақтылы қолдануға тікелей жауап беретіндерін түсінулері қажет.

Төтенше жағдай – адамдар өліміне әкелетін, адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіретін, адамдардың өмір сүру шарттарын бұзатын апат, қауіпті табиғи көрініс, зілзала, табиғи

және басқа да апаттар нәтижесінде белгілі бір аймақта болатын ахуал.

Төтенше жағдайлар салдары болып олардың адамға, өндіріс орындарына, әлеуметтік салаға, қоршаған табиғи ортаға бұзушы, зақымдаушы зияны аталады.

Төтенше жағдайлар басталу сипатына орай техногенді (жарылыс, ғимараттар мен құрылыстардың құлауы, үйінділердің астында адамдарды табу), табиғи (қатты ыстық, құрғақшылық, найзағай, дауыл, боран, дауылды алдын ала ескерту) және басқалары (лаңкестік акт, телефон арқылы, хат немесе электронды түрде қорқыту, тұтқынға алу, жарылғыш немесе күдікті заттарды табу, коммуналдық желілердегі апат, газдың шығуы, сынаппен толтырылған құралдардың сынуы, иттердің шабуылы).

ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАҒАНДАҒЫ ҚАТЫСУШЫЛАР ӘРЕКЕТІ.

ЖАРЫЛЫС БОЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

Жарылыс – аз уақыт ішінде үлкен мөлшерлі энергияның шектеулі көлемде босап шығуымен сипатталатын жану. Жарылыс қоршаған заттарға механикалық әсер ететін артық қысымды толқынның жасалуына және таралуына әкеп соғады.

Жарылыстың басты зақымдаушы факторлары: ауадағы соққы толқыны және бұзылған нысандар, технологиялық құралдар, жарылғыш заттардың ұшып келе жатқан жарықшақтарынан жинақталған жарқыншақты жиындар.

1. Жарылыс қауіп туындағанда терезелерден, шыныланған есіктерден, айланшықтардан, сатылардан алыс жерге төмен жатып, басты қолмен қорғау қажет.

2. Егер жарылыс болған жағдайда өрт пен үрейді болдыртпаудың амалын табу керек; зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету қажет.

3. Әрбір қатысушы өрт немесе күйікті байқағанда (түтін, күйгениіс, температураның жоғарылауы және т.б.) осы туралы «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне дереу хабарлауға міндетті. Сонымен қатар нысан атауын, жарылыс, өрт орнын, өзінің толық аты-жөнін айту қажет; адамдарды эвакуациялау, өрт сөндіру, және материалдық құндылықтарды сақтауға шаралар қолдану керек.

4. Өрт сөндірудің алғашқы құралдарын қолдану талаптары:

Көмірқышқылды өртсөндіргіштер (КӨ-2, КӨ-3, КӨ-5, КӨ-6, КӨ-7 және т.с.с.) ауасыз жана беретіндерден басқа түрлі жанғыш заттардың ошағын сөндіруге арналған, сонымен

қатар 1000В дейінгі кернеуі бар электр құрылымдарын сөндіруге қолданылады. Өртсөндіргіш зат – көміртектің қостотығы.

Көмірқышқылды өртсөндіргіштерді қосу үшін басын жанып жатқан затқа бағыттау керек, бітемесін алып тастап, мұрындықты тартып, тетігін басып (немесе вентиль сермерін солға соңына дейін бұрап) суды жалынға бағыттау керек. Өртсөндіргішті тікелей ұстау керек, оны аударыстыру қажет емес.

Үсінуден сақтану үшін басының металл бөлігіне дененің ашық жерлерімен жақындауға болмайды. Кернеулі электр құрылымдарын сөндіру кезінде оларға өртсөндіргіш басын 1 м артық жақындатуға болмайды.

Ішкі өртсөндіруші крандар (ӨК) жанатын қатты материалдар мен жанғыш сұйықтықтарды сөндіруге су беруге қолданылады. Ішкі ӨК екі жұмысшымен жұмысқа кіріседі: біреуі өрт ошағына су беру үшін түтік құбырды дайындаса, екіншісі – ӨК түтік құбырының қосылуын тексеріп, су беру үшін тетікті ашады.

Асбест матасы, киіз ауасыз жанбайтын кез келген заттар мен материалдардың аз ғана өрт ошақтарын сөндіруге қолданылады. Өрт ошағы ауа жібермеу үшін асбест немесе киіз матасымен жабылады.

Топырақ жалынды механикалық түрде тоқтатуға, жанып жатқан заттарға ауа жібермеуге қолданылады. Өртке күрекпен немесе қалақшамен беріледі.

ҮЙІНДІ АСТЫНДА ҚАЛҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

1. Дышать глубоко, не поддаваться панике, не падать духом.

Сосредоточиться на самом важном. Верить: помощь придет обязательно.

2. По возможности оказать себе первую помощь.

3. Приспособиться к обстановке и осмотреться, поискать выход. Постараться определить, где вы находитесь, нет ли рядом других людей: прислушаться, подать голос.

4. Следует помнить: человек способен выдержать жажду и голод в течение длительного времени, если не будет бесполезно расходовать энергию.

5. Поискать в карманах или поблизости предметы, чтобы подать световые или звуковые сигналы: фонарик или металлические предметы, которыми можно постучать по трубе или стене (привлечь внимание спасателей).

6. Если единственным выходом является узкий лаз – протиснуться через него. Для этого расслабить мышцы и двигаться, прижав локти к телу.

ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР ҚҰЛАҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

Ғимараттың толық немесе жартылай аяқ астынан құлауы – бұл табиғи немесе техногенді сипаттағы, сонымен қатар жобалау кезеңінде жіберілген қателер себебінен туындайтын төтенше жағдай. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында жобадан ауытқу, құрастыру ережелерін бұзу, ғимаратты (оның жеке бөліктерін) кемшіліктермен немесе қолдану ережелерін бұзумен қолдануға беру.

Ғимараттың құлау себебі көбінесе лаңкестік әрекеттер салдары, газ қолданатын құрал-жабдықтарды, газ құбырларын дұрыс қолданбау, отпен дұрыс жұмыс істемеу, ғимараттарда тез жанғыш және жарылуға қауіпті заттарды сақтаудан болған жарылыс болуы мүмкін.

Ғимараттың кенеттен құлауы өрттің шығуына, коммуналдық-энергиялық желілердің бұзылуына, үйінділердің пайда болуына, адамдардың зардап шегуі мен қаза табуына әкеледі. Жарылысты естіп немесе ғимараттың өзінің тұрақтылығын жоғалтып жатқанын көріп бұл жерден жылдам кету қажет.

1. Ғимараттан шығу кезінде лифтпен емес, баспалдақпен

түскен жөн, себебі лифт кез келген уақытта тоқтап қалуы мүмкін.

2. Эвакуация кезінде үрейленбей, есік аузында қыспаққа қалмаңыздар. Балконнан және шыныланған терезелерден секірейін деп жатқандарды (бірінші қабаттан жоғары) тоқтату.

3. Егер ғимараттан шығу мүмкіндігі болмаса қауіпсіз жерге барыңыз: күрделі ішкі қабырғалар ойықтары, күрделі ішкі қабырғалардан, қаңқа балкондарынан (олар құлап жатқан заттар мен сынықтардан қорғайды) жасалған бұрыштар. Шығуды қамтамасыз ету үшін ғимарат есігін ашыңыз.

4. Үрейге салынбай тыныштық сақтау қажет. Терезелер мен электр құралдарынан алыс болған жөн.

5. Егер өрт басталса дереу сөндіруге тырысу қажет. Телефонды тек құқық қорғау органдарының өкілдерін, өрт сөндірушілерді, дәрігерлерді, құтқарушыларды шақыруға ғана қолдану керек.

6. Сіріккені қолданбаңыз: газ шығуының салдарынан жарылыс болу қаупі бар.

7. Далаға шыққан кезде ғимараттың жанында тұрмаңыз. Ашық алаңға өтіңіз.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУЫНДАҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

ҚАТТЫ ЫСТЫҚ, ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

Қатты ыстық ауаның бірнеше күн ішінде ортажылылық температурасының 10 немесе одан да көп градусқа көтерілуімен сипатталады.

Құрғақшылық – жауын-шашынның созылмалы және біршама жетіспеушілігі, көбінесе жоғары температурада және ауаның төмен дымқылдылығында болады.

Қауіп адам ағзасының ыстық шалуында болып тұр, яғни оның денесінің температурасының 37,1 С жоғарылау қаупі аталады.

Ұзақ және (немесе) қатты ыстық шалғанда шектік жағдайға келеді, бұл ыстық өтуге немесе жүрек қызметінің бұзылуына әкеп соғады. Ыстық шалудың белгілері терінің қызаруы, шырышты қабықтың құрғауы, қатты шөлдеу болып табылады. Есінен танып қалуы, жүректің және тыныс алудың тоқтауы ықтимал.

1. Ыстық шалу қаупін төмендету үшін суы бар қосымша ыдыстар алу керек.

2. Асықпай жүріп, көбінесе көлеңкеде жүруге тырысу қажет.

3. Электрлік тұрмыстық құралдарды (желдеткіш, салқындатқыш) дайындау.

4. Ашық түсті ауа өткізетін киім (дұрысы мақтадан), бас киім киген жөн. Есте болсын: күнге күйген тері тер бөліп шығармайды және салқындамайды.

5. Сыра немесе басқа да алкогольді сусындарды қолданбау: бұл ағзаның жалпы жағдайының төмендеуіне алып келеді.

6. Дәрігермен кеңесу: ыстық кезінде тұзды қосымша қолдану қажеттілігі бар ма екенін сұрау.

7. Ыстық шалғанда көлеңкеге, жел жаққа өту немесе безгек қабылдау, ақырындап көп су ішу. Ыстық шалудан сақтану үшін өз денеңді салқындатуға тырысу керек.

8. Жаныңдағы адамдардың бірі есінен танып қалған кезде реанимациялық шаралар өткізу (жүрекке жанама массаж жасау және қолдан дем алдыру).

9. Есте болсын: құрғақшылық кезінде өрт шығу мүмкіндігі артады.

НАЙЗАҒАЙ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

Найзағай – бұл алып электрлі ұшқынды разряд. Көз шағылыстыратын жарқыл мен күркіреуден тұрады. Найзағай разрядының температурасы 300 000 градусқа дейін жетеді. Найзағай соққанда ағаш жаңқаланады және сүректегі барлық ылғалдың лезде булануы салдарынан болған ішікі жарылыстан жануы мүмкін. Найзағайдың адамға тікелей түсуі әдетте өліммен аяқталады. Электр разряды төмен қарсылықты жолмен өтеді. Сәйкесінше, найзағай ең алдымен жоғары затқа – діңгек, ағаш және т.б. түседі.

Өндіріс нысандарын, ғимараттар және құрылыстарға найзағай түсу қаупін төмендету үшін жерге тұйықталған металл діңгектер мен нысан құрылыстарынан жоғары тартылған сымдардан қорғаныш жасалады.

1. Жарқылдан кейін күн күркіресе найзағай қауіпті. Бұл жағдайда терезелерді, есіктерді, түтіндіктерді және желдеткіш саңылауларды жабу сияқты сақтық шараларын жасау қажет.

2. Күн күркіреу кезінде электр сымдарына, жайтартқыштарға, шатырдағы суағарларға, антенналарға жақындамау, терез жанында тұрмау қажет. Мүмкіндігінше электрлік тұрмыстық құралдарды ағытқан жөн.

3. Ашық алаңқайда болғанда тырбық өсімдіктер бар алаңға тығылу; биік ағаштардың жанына бармау. Биік жерден төмен қарай түсу.

4. Ашық алаңқайда тығылатын жер (ғимарат) жоқ болғанда электрге бүкіл денеңді тосып жерге жатпай қолдарыңмен аяқтарыңды құшақтап жүресінен отыру керек.

5. Күн күркірегенде дереу сырттағы жұмыстарды тоқтату керек. Металль заттарды (құрал, аспаптар, механизмдер және т.б.) жерге қойып, олардан 20-30 м қашықтыққа алыстау керек.

6. Күн күркіреу кезінде автокөлікте болсаңыз, одан шықпаңыз. Терезелерін жауып, радиоқабылдағыштың антеннасын төмен түсіру керек.

ДАУЫЛ, БОРАН, ДАУЫЛДЫ АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

Дауыл – жел жылдамдығы 120 км/сағ., ал жерге жақын қабатта – 200 км/сағ үлкен көлемдегі атмосфералық ұйтқыма.

Боран – ұзақмерзімді, 20 м/с жылдамдығы бар өте қатты жел. Циклон өткенде байқалады және теңіздегі толқынның қатты көтерілуі мен құрлықтағы ойрандармен қосталады.

Құйын – найзағайлы бұлтта пайда болатын және қара бұлт немесе ондаған және жүздеген метрге созылатын құйын түрінде төмен, көбінесе Жер бетіне дейін таралатын атмосфералық ұйтқыма. Бұлтпен бірге жылжи отыра ұзақ сақталмайды.

Аса қауіпті табиғат құбылыстарында адамдар

үшін жол және көпірлер, құрылыстар, электр беру мен байланыс құрылғылары, жердегі құбыр желісінің бұзылулары, сонымен қатар қатты жылдамдықпен ұшып келе жатқан құрылыстар жарықтары, шыны сынықтары да адамдарға қатер төндіреді. Адамдар ғимараттардың толық бұзылуы кезінде де қаза тауып, зардап шегулері мүмкін.

Шаң дауылдарда далада, жолдарда және елді мекендерде шаңның жинақталуы («қара дауыл»), сондай-ақ судың ластануы қауіпті болып табылады.

Құйындар, борандар мен дауылдардың пайда болуының басты себептері ретінде жел жылдамдығының артуы мен ауа қысымының кенеттен төмендеуі; нөсер жауындар мен дауылды су ағыны; топырақты шаңның ағынды түсуі аталады.

1. Дауылды алдын ала ескерту алғаннан кейін:

- а) ғимараттағы терезелерді жабу;
- б) терезе алды тақтайын бөгде заттардан босату;
- в) жеңіл құрылыстардан берік ғимараттар немесе құрылыстарға орын ауыстыру;
- г) ғимаратта тұрғанда терезелерден алыстап, ішкі бөлмелердің қабырғаларының жанында, дәлізде қауіпсіз жерлерге бару.

2. Қараңғы кездері электр энергиясы жоқ болғанда дербес шамдар, майшамдар қолдану керек.
3. Дауыл, боран немесе құйын кезінде ашық алаңқайда немесе елді мекен көшелерінде болсаңыз:

а) Жеңіл құрылыстар, ғимараттар, көпірлер, эстакадалар, электр беру желілері, ағаштар, сыртқы жарнама қалқандарынан мүмкіндігінше алыс болған жөн;

б) ұшып келе жатқан жарықтар мен шыны сынықтарынан қорғану үшін шере бөліктерін, қатырма және пластмасса жәшіктер, тақтайлар және басқа да күнделікті заттарды қолдануға болады;

в) бұзылған ғимараттарға кірмеу керек: олар жел жаңадан соққанда құлауы мүмкін. Жол жырасының түбінде, шұңқырларда, тар сайларда жерге жақын жатып, басыңызды киіммен немесе ағаш бұтақтарымен жабуға болады;

г) автокөлікте қалмай, одан шығып жоғарыда көрсетілгендей тығылу қажет.

4. Топырақ дауылында бетті дәке таңғышымен, орамалмен, мата тілімімен, ал көзді көзілдірікпен жабу керек.

ТҮРЛІ ОҚЫС ЖАҒДАЙЛАР ОРЫН АЛҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР.

ЛАҢКЕСТІК ӘРЕКЕТ (ЖАРЫЛЫС) БОЛҒАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

1. Оқиға болған жерден дереу кету, себебі жақын жерде қосымша жарылыс құрылғылары болуы мүмкін. Ғимараттан далаға шығып немесе пана болса сонда тығылу керек.

2. Жоғары ғимараттардан, шынылы көрмелерден немесе көлік құралдарынан мүмкіндігінше алыс болу.

3. Егер жақын жерде құқық қорғау органдарының қызметкерлері болса солардың нұсқауларына көну.

4. Егер құқық қорғау органдарының қызметкерлері әлі келмеген болса дереу оларға қоңырау шалыңыз. Топ жинақтамаңыз және топқа қосылмаңыз.

5. Күдіктілерді ұстауға және лаңкестік әрекетке қатысы бар көлік құралының тұрған жерін анықтауға көмектесетін ақпаратты білсеңіз бұл туралы құқық қорғау органдарына дереу хабар беріңіз.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ҚОРҚЫТҚАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР:

1. Осы тектес қоңыраулардың ешқайсысын ескерусіз қалдырмау.

2. Алынған ақпаратты құқық қорғау органдары мен Ұйымдастырушы басшылығына тапсыру.

3. Хабарласқан адамның жынысы, жасы және оның сөйлеу ерекшеліктерін еске сақтау:

а) дауыс: қатты (ақырын), жоғары (төмен);

б) сөйлеу ырғағы: жылдам (ақырын);

в) айтылуы: анық, бұрмаланған, тұтығумен, тілін шайнап сөйлейді, акцентпен немесе диалектпен сөйлейді;

г) сөйлеу мәнері: дөрекі, былапыт сөздер қолданады.

4. Дыбыс шуын (автокөліктер немесе теміржол көлігінің шуы, теле- және радиоаппаратура дыбысы, дауыс және т.б.) белгілеуге тырысу.

5. Қоңырау сипатын анықтау: қалалық немесе халықаралық.

6. Қоңыраудың басталу уақыты мен оның ұзақтығын белгілеу.

7. Сөйлесу барысында келесі сұрақтарға жауап алуға тырысу:

а) бұл адам қайда, кімге, қандай телефон бойынша хабарласып тұр;

б) қандай нақты талаптар қойып тұр;

в) талаптарды өзі қойып тұр ма, делдал ма, әлде белгілі бір адамдар тобынан ба;

г) онымен қалай және қашан байланысуға болады;

д) сіз бұл қоңырау туралы кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауға міндеттісіз.

8. Қоңырау шалушыдан оның талаптарын лауазымды тұлғаларға жеткізуге немесе басшылықтың шешім қабылдауына уақытты көбірек алуға тырысу.

9. Сөйлесу барысында қоңырау жайлы тікелей басшыға, Ұйымдастырушы басшылығына хабарлауға тырысу. Егер мұны істеу мүмкін болмаса қоңырау туралы сөйлесіп болғаннан кейін дереу хабарлау қажет.

10. Келіп түскен қорқытулар туралы мәліметтерді Көрме қатысушыларының арасында таратпау.

11. Автоматты анықтау болғанда нөмірді қағазға жазып алу керек.

ЖАЗБА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҮРДЕГІ ҚОРҚЫТУЛАР КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

1. Хатты (жазбахатты, дискті және т.б.) сақтау және құқық қорғау органдарына және Ұйымдастырушы басшылығына дереу жеткізуге шаралар қолдану.

2. Мүмкіндігінше хат (жазбахат, диск және т.б.) таза полиэтиленді пакетке салу керек.

3. Құжатта өз ізтаңбаларыңызды қалдырмаңыз.

4. Егер құжат конвертте болса оны сол немесе оң жағынан қайшымен қию арқылы ашу.

5. Барлығын сақтау: құжаттың өзін, конвертін, бу-масын, басқа ішінде бар заттарды. Ештеңе лақтырмау.

6. Хат (жазбахат, диск және т.б.) мазмұнымен басқаларды таныстырмау.

7. Хатты (жазбахатты, дискті және т.б.) алу немесе тауып алу сәтін еске сақтау.

8. Жасырын материалдарда жазбалар, сызбалар жасауға, мәтіндегі кейбір жерлерді белгілеуге, резолюция мен нұсқаулар жазуға болмайды. Оларды бүктемеу, ауыстырмау, тікпеу, жабыстырмау керек.

9. Жасырын материалдарды құқық қорғау органдарына түрі, саны, қалай және неде орындалғаны, мәтін қандай сөзбен басталатыны, қолтаңбасы бар ма екенін және т.б., сонымен қатар алу және тауып алу сәті жазылған ілеспе хатпен жіберу қажет.

КЕПІЛДІККЕ ТҰТҚЫНДАР АЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

1. Орын алған оқиға туралы құқық қорғау органдары мен Ұйымдастырушы басшылығына дереу хабарлау керек.

2. Өз бастамаңызбен лаңкестермен келіссөздер жүргізбеңіз.

3. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, «жедел жәрдем», ҚР ТЖМ көліктерінің нысанға бөгетсіз кіруіне шаралар қолдану.

4. ҚР ИІМ, ҚР ҰҚК қызметкерлеріне оларды қызықтырушы ақпаратты алуға көмектесу.

5. Егер бұл адам өмірі мен денсаулығына зиян келтірмесе лаңкестер талаптарын орындау. Лаңкестерге қарсы келмеу, басқалар мен өз өміріңді қатерге тікпеу.

6. Лаңкестерді қару қолдануға мәжбүрлеп, адамдар өліміне әкелетін әрекеттерге жол бермеу.

ЕГЕР СІЗ ТҰТҚЫНҒА ТҮССЕҢІЗ:

- мүмкіндігінше жылдам өзіңізді қолға алыңыз, үрейленбеңіз, жерге қарап, бойұсынушылық қалыпқа еніңіз;

- мүмкін болатын қиын сынауларға өзіңізді физикалық, моральды және эмоциялық дайындаңыз. Сонымен қатар адамдарды кепілдікке алған жағдайлардың көбінде тұтқындардың аман қалғанын есте сақтаңыз. Құқық қорғау органдарының сізді босатуға кәсіби шаралар қолданып жатқанына сенімді болыңыз. Егер қашу нәтижесіне толық сенімді болмасаңыз қашып кетуге ұмтылмаңыз.

Мүмкіндігінше өзіңізге назар аудартауға тырысыңыз.

- түрлі белгілерге қарап өзіңіздің қайда екендігіңізді анықтауға тырысыңыз;

- мүмкіндігінше терезе, есік және ұрлаушылардың өздерінен алыс орналасыңыз, яғни егер құқық қорғау органдары белсенді шаралар (ғимаратқа шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді жеңіп шығуға атыстары және т.б.) қолданса қауіпсіз жерлерде болғаныңыз дұрыс;

- ғимаратқа шабуыл кезінде жерге бетіңізбен төмен, қолыңызды шүйдеңізге қойып жату ұсынылады;

- егер шабуыл барысында және ұстағанда сізді бас кезінде қылмыскер деп ойлап (сіздің жеке басыңызды тексермегенше) дөрекілеу қатынас болса ашуланбаңыз. Сізді тінтулері, бұғаулаулары, тергеуге алулары мүмкін. Мұндай жағдайларда шабуыл жасаушылардың қимылдары дұрыс.

ҰРЛАУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС:

- агрессиялық қарсылық көрсетпеңіз, қатты және қауіпті қимылдар жасамаңыз, лаңкестерді ойланбай қылық істеуге итермелемеңіз. Көздеріне қарамаңыз;

- басынан бастап (әсіресе алғашқы жарты сағатта) ұрлаушылардың барлық бұйрықтары мен пәрмендерін орындаңыз;

- селқос ынтымақтастық айқындамасын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Жеккөрініштілік, жаулық көзқарастардан аулақ болыңыз, бұл ұрлаушылардың ашуын келтіруі мүмкін;

- өзіңізді сабырлы ұстаңыз, бірақ сонымен бірге өзіңіздің абыройыңызды сақтаңыз. Мүлдем үзілді-кесілді

бас тартпаңыз, бірақ өте қажет болған нәрселеріңізді сабырлы түрде айтудан қорықпаңыз;

- аталмыш күйзелісті жағдайда көрінетіндей денсаулығыңыз нашар болған жағдайда сізді ұрлаған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Біртіндеп, орын алған жағдайды ескере отыра, өзіңіздің жайлылығыңызға байланысты өтініштер деңгейін көтеруге болады.

КЕПІЛ ТҰТҚЫН РЕТІНДЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

- аяушылық, абыржушылық немесе абдырау сезімдерінің туындауына жол бермеңіз. Ойша өзіңізді болашақ сынауларға дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз. Торығу сезімінің туындауы-

нан аулақ болыңыз, бұл үшін өзін өзі сендірудің ішкі қорларын пайдаланыңыз;

- жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және еске алыңыз. Есіңізде болсын, уақыт өткен сайын босап шығу мүмкіндіктері арта түседі. Сізді жылдам босату үшін барлық мүмкіндіктер жасалып жатқанына сенімді болыңыз.

- өзіңізге бір жұмыс тауып алуға тырысыңыз (дене жаттығулары, өмірді еске түсіру және т.б.).

- Күшіңізді сақтау үшін тіпті тамағы ұнамаса да және тәбетіңізді ашпаса да бергендерінің бәрін жеңіз. Тәбет пен салмақты жоғалту мұндай жағдайда қалыпты көрініс болып табылады.

ЖАРЫЛҒЫШ НЕМЕСЕ КҮДІКТІ ЗАТТАРДЫ ТАПҚАНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

1. АумақтағығимараттақүдіктізаттартапқандасолзаматтақұқыққорғауоргандарыменҰйымдастырушыларға хабарлау қажет.

2. Тиіспеніз, ашпаңыз және орнынан қозғамаңыз. Табылған уақытын есте сақтаңыз. Есіңізде болсын: заттың сыртқы кейпі оның нақты міндетін жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттарды жабу үшін күнделікті тұрмыстық заттарды қолданады: сөмкелер, қораптар, бумалар, пакеттер, ойыншықтар және т.б.

3. Жарылғыш зат бар деген күдікпен табылған заттарға өздігінен ешқандай әрекет жасамау: бұл жарылысқа, көптеген адамдардың өліміне және бүліншіліктерге әкелуі мүмкін.

4. Жарылғыш және күдікті заттарға 100 м астам жақындамаңыз.

5. Қауіпті заттан адамдарды алысырақ әкетуге тырысыңыз.

6. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің келуін міндетті түрде күту қажет. Сіз өзіңіздің маңызды куәгер екендігіңізді ұмытпаңыз.

7. Жарылғыш заттар табылған жерге құқық қорғау органдарының, «жедел жәрдемнің», ТЖД пен ТЖК автокөліктерінің бөгетсіз өту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

8. Жедел-тергеу тобы келіп заттың қалай табылғаны туралы мәліметті тіркемегенінше жұмыс орнында болу қажет.

9. Қажеттілік болса эвакуациямен қамтамасыз ету.

ТАБЫЛҒАН ЗАТТЫҢ ЖАРЫЛУҒА ҚАУІПТІ ЗАТ БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНІН КӨРСЕТЕТІН БЕЛГІЛЕР:

- қоғамдық орындарда (кіреберістер, баспалдақтар, холмдар, адамдардың көп жиналған жерлері, қонақүйлер, конференц-залдар және т.б.), көлік орындарында белгісіз, иесіз сөмкелер, бумалар, шабаданғар, портфельдер, жәшіктер, қораптар және басқа да заттардың табылуы;

- затта оның тікелей міндетіне қатысты емес элементтердің болуы;

- көліктің астынан шығып тұрған тартылған сымдар, бау, қуат көздері немесе оқшаулағыш таспалар;

- табылған заттың ерекше жерде болуы;

- табылған күдікті заттан шыққан шу (сағат механизмдеріне тиесілі өзіндік дыбыс, төменжиілікті шу).

- БІЛІП ЖҮРІҢІЗ: : заттың сыртқы кейпі оның нақты міндетін жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттарды жабу үшін күнделікті тұрмыстық заттарды қолданады: сөмкелер, қораптар, бумалар, пакеттер, ойыншықтар және т.б. Егер сіз күдікті затты көрсеңіз, бұл жайтты назардан тыс қалдырмаңыз:

- ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДЕ: жақын жердегі адамдарды сұрастырып шығыңыз. Заттың (сумканың және т.б.) кімдікі екенін немесе оны кім қалдыруы мүмкін екенін анықтауға тырысыңыз. Егер иесі табылмаса бұл туралы дереу көлік жүргізушісіне хабарлаңыз;

- ҚОНАҚ ҮЙДЕ: көршілерден сұраңыз, мүмкін зат оларға тиесілі шығар. Егер иесі табылмаса бұл туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлаңыз;

- КӨШЕДЕ, САЯБАҚТА ЖӘНЕ Т.Б.: жан-жақты қараңыз, егер мүмкіндік болса иесін анықтауға тырысыңыз, егер ол табылмаса дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз. Құқық қорғау органдары келгенше затқа басқаларды жақындатпауға тырысыңыз. Олар келгенде затты тапқан уақыт туралы ақпаратты айтыңыз;

- МЕКЕМЕДЕ, ҰЙЫМДА: табылған зат туралы қауіпсіздік қызметіне немесе қызметкерлерге дереу хабарлаңыз.

ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:

- табылған затты ұстау, ашу, орнынан қозғау. Табылған заттарды қолдану;
- орнынан қозғау, заттарды бір орыннан екінші орынға қою, қолға алу, көтеру, орын ауыстыру, қалтаға немесе сөмкеге салу және т.б.;
- жерге көму немесе суға лақтыру, заттан шығып тұрған сымдарды ұзу немесе тарту, оларды зиянсыздандыруға ұмтылу;
- мүмкіндігінше оған жақын жерде радио- және электрлі аспаптарды, ұялы телефонды қолданбағаныңыз жөн;
- жарылғыш зат болуы мүмкін табылған немесе күдікті заттармен өзіңіз ешқандай әрекет жасамаңыз – бұл олардың жарылуына, көптеген адамдарға зиян келтіруге, қиратылыстарға әкеп соғуы мүмкін.

Жарылыс, өрт болады немесе басқа да лаңкестік сипаттағы әрекеттер орын алады деген хабарламаны хат түрінде алған кезде істеу қажет:

- алынған материалдарды (хаттар, дисктер және т.б.) сақтауға және құқық қорғау органдарына уақтылы жеткізуге шаралар қолдану;
- қауіпті сипаттағы материалдармен байқап жұмыс істеу қажет, мүмкіндігінше оларды таза, қатты жабылатын полиэтиленді пакетке салып, тығыз папкаға орналастыру керек. Құжатта өз саусақтарыңыздың ізтаңбаларын қалдырмаңыз. Пошталық жіберілімнен жарылғыш қауіп бар екендігін көрсететін белгілер:
 - қалыпты емес үлгідегі және өздігінен жасалған конверттер;
 - өте қалың және салмағы ауыр конверттер;
 - пластиктен, қалың екіқабатты қағаздан жасалған конверттер;
 - жабысқыш лента немесе кендіржіп қолдану арқылы мұқият желімделген конверттер;
 - май таңбаларының болуы;
 - конверт ішінде шығыңқы және бір текті емес заттар;
 - конвертте шашылып жатқан заттар;
 - хатты тек сол немесе оң жағынан жиегін қайшымен қиып алу арқылы ашу керек, бәрін сақтаған жөн: құжаттың өзін, конвертті, қаптамасын, кез келген ішінде табылған заттарды. Ештеңе лақтырмау қажет. Хатты (жазбахатты және т.б.) алу немесе тауып алу сәтін есте сақтау.

КОММУНАЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ АПАТ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

ХАЛЫҚТЫҢ ТІРШІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН КОММУНАЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ АПАТТАР:

электр энергетикасы, кәріз құбыры, су құбыры және жылу адамдардың қаза табуына сирек әкеледі, бірақ олар тіршілік қарекетінде әсіресе жылдың суық кездерінде біршама қиыншылықтар туындатады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ АПАТТАР тұтынушыларды жлектрмен қамтамасыз етуде ұзақмерзімді үзілістерге әкелуі, сонымен қатар адамдарды электр тогымен зақымдауы мүмкін.

КӘРІЗ ҚҰБЫРЛАРЫНДАҒЫ АПАТТАР ластайтын заттардың жаппай шығарылуына және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкеп соғады.

1. Кәріз құбырларындағы кез келген апат туралы ұйым диспетчеріне (апаттық қызметті шақыру), бөлімше басшысына хабарлау қажет.

2. Электр желісінде кернеудің секіруінде немесе оның ағытылуында сіз жоқ болғанда электр энергиясы берілген кезде өрт шықпауы үшін дереу барлық электрлі тұрмыстық заттарды ағытып, розеткадан алу қажет.

3. Үзілген немесе салбырап тұрған сымдарға 5-8 м артық жақындауға және оларды ұстауға болмайды.

4. Егер ток өтетін сым үзілсе және жақын жерде құласа ток тиген аумақтан қадамдау арқылы токқа түспеу үшін кішкентай қадамдармен немесе секіріп (аяқ табандарын бірге ұстап) шығу керек.

5. Су желілерінде су жоғалғанда осыған дейін ашық болған барлық шүмектерді жабу керек.

6. Қолдану үшін сатылымдағы суды алу қажет.

7. Орталық жылыту жүйесі ағытылған кезде ғимаратты жылыту үшін қолдан емес, тек зауытта жасалған электрлі жылытушыларды қолдану қажет. Әйтпесе, өрт шығуы немесе электрмен қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуы мүмкін.

8. Ғимаратта жылуды сақтау үшін терезелердегі тесіктерді жабу қажет. Жылы киім киіп, суық тиюден алдын ала дәрілер ішу керек.

9. Орталық жылыту құбырларының істен шығуында электрлі тұрмыстық құралдарды (мүмкіндігінше, ғимаратты электрмен қамтамасыз етуші бөліп таратқыш қалқанды) ағыту керек, бөлімше жетекшісіне хабарлап, сумен қатынаста жарамсыз болып қалатын қажетті құжаттарды жинақтап, апаттық қызмет қызметкерлері келгенше ғимараттан шығу қажет.

ГАЗДЫҢ ШЫҒЫП КЕТУІ АПАТЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

1. Почувствовав в помещении (здании) запах газа, немедленно поставить в известность диспетчера организации и руководителя.

2. При этом не курить, не зажигать спичек, не включать и не выключать свет и электроприборы: искра может воспламенить накопившийся в помещении газ и вызвать взрыв.

3. Проветрить помещение, открыв все двери и окна.

4. Покинуть помещение и не заходить в него – до исчезновения запаха газа.

5. При появлении у окружающих признаков отравления газом вынести их на свежий воздух и положить так, чтобы голова находилась выше ног. Сообщить в медсанчасть Выставки или вызвать «скорую помощь».

СЫНАБЫ БАР АСПАПТАР СЫНҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘРЕКЕТ

1. Егер құралдармен (шамдар, термометрлер және басқалары) аңдаусыз жұмыс нәтижесінде сынап

құрал-жабдыққа немесе ғимарат еденіне төгілсе немесе сынап металл сынығында табылса, сол заматта жұмысты тоқтатып және орын алған оқиға туралы Көрме ұйымдастырушысына хабарлау қажет.

2. Сынапты шамдарды жинау, сақтау және есептеуге жауапты адам сынған заттардың бөліктері мен ғимарат еденін сынаптан арылтуы қажет.

3. Сынаптан арылтудың үш міндетті кезеңі бар:

а) ғимаратты, құрал-жабдықтарды, құралдарды, ғимарат еденін күрекшелермен немесе ұшы жұқа қалақ арқылы механикалық түрде тазалау;

б) сынаппен ластанған жерлерді химиялық өңдеу;

в) ғимаратты дымқыл жинастыру.

4. Сынаптан арылтушыларға жататындар:

а) хлорлы темірдің 20%-ды су ерітіндісі (ерітіндіні даярлау суық жерде жүзеге асырылады);

б) сабынды-содалы ерітінді (сабынның 4%-ды ерітіндісі соданың 5%-ды су ерітіндісінде);

в) тұзды ерітіндімен қышқылдандырылған марганецқышқылды калийдің 0,2%-ды су ерітіндісі (5 мл қышқыл, марганецқышқылды калийдің 1 л ерітіндісімен салыстырмалы салмағы – 1,19).

5. Сынаптан арылту барысында жиналған сынап арнайы уақытша сақтау орындарына, одан кейін мамандандырылған кәсіпорындарға кәдеге жаратуға тапсырылады. Сынап буының ғимаратқа енуін тоқтататын конусты тығындармен тығыздалып жабылған қалың қабырғалы шыны ыдыстарда сақталуы тиіс.

6. Сынабы бар шамдардың сынаптан арытылған бөліктері тұрмыс қалдықтарымен лақтырылады. Сынған шамдар бүтін шамдардың бетін, қызметкерлердің арнайы киімдерін ластайды, сондықтан оларды бірге сақтауға және бір қаптамаға салуға болмайды.

ИТ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНДА.

1. Ит шабуыл жасағанда қажетті іс-қимыл:

а) Итті «Фу», «Отыр», «Тоқта» және т.б. пәрмендермен тоқтатуға тырысу қажет;

б) уақытты созу үшін итке қандай да бір зат лақтыру керек;

в) қолда бар аэрозольді қолдану;

г) таяқ немесе тас арқылы қорғану керек;

д) ит секірген кезде – иекті кеудеге қысып, қолдарыңызды алға шығарып тамақты сақтау керек;

е) итті тұмсығына, шабына, тіліне ұру;

2. Нені істеуге болмайды:

а) тіпті ол сізге жылышырайлы көрінсе де білмейтін итпен ойнамау;

б) ит тамақтанып жатқанда оған жақындауға;

в) қашып кетуге тырысуға;

г) итке артымсен бұрылуға.

3. Егер ит тістеп алса, дереу медициналық ұйымға барған қажет: ит қатты вирусты аурудың (құтыру) жұқтырушысы болуы мүмкін. Емдеу-алдын алу толық курсың өту керек.



2.8. АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК - ЕРІКТІЛЕР ҮШІН КІРІСПЕ КУРС

Төтенше жағдайлар жиі орын алатын қазіргі заманда әрбір адамның алғашқы медициналық көмек көрсете білуі өте маңызды.

Алғашқы медициналық көмек көрсету әрбір адамның міндеті болып табылады, себебі мұндай қиын жағдайға кез келген адам тап болуы мүмкін.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ:

- А) Іс-әрекеттің дұрыстығы;
- Б) Іс-әрекеттің жылдамдығы;
- В) Батылдық пен сабырлылық.

ЕГЕР СІЗ ҚАНДАЙ ДА БІР ОҚИҒАНЫҢ НЕМЕСЕ ЖОЛ АПАТЫНЫҢ КУӘГЕРІ БОЛСАҢЫЗ КЕЛЕСІ ІС-ӘРЕКЕТ РЕТІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:

- 1) Зардап шеккен адамды кідірмей оқиға орнынан алып шығу қажет;
- 2) Барлық қолда бар мүмкіндіктермен қанның ағуын тоқтату керек;
- 3) Дәрі қорабы болған жағдайда зақымданған жерлерді өңдеу керек. Егер де дәрі қорабы болмаса жара орнының ластануына мүмкіндік бермеу қажет;
- 4) Бар күшпен зақымданудан есеңгіреуді болдырмауға тырысу керек;
- 5) Зардап шеккен адамды жақын жердегі ауруханаға жеткізу немесе тасымалдауды қамтамасыз ету қажет.

Егер зардап шеккен адам ес-түссіз болса жара сипатын кідірмей анықтап алғашқы медициналық жәрдем көрсетудің кешенді шараларын қолдану қажет.

Жүрек соғуының, тыныс алудың және жарыққа қарашық әсерінің болмауы зардап шеккен адамның өлі екенін білдірмейтінін есте сақтаған жөн. Осы сипаттас белгілер зардап шеккен адамға толық медициналық көмек көрсетуі тиіс клиникалық өлімде де болуы мүмкін.

Зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетуді тек денесіне ғана емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыда да жүргізу қажет. Зардап шеккен адам ес-түсін жоғалтпаса біріншіден, оны тыныштандырып, оның жалғыз еместігін, оған көмектесетіндіктерін айту қажет. Зардап шеккен адам есінен танып қалмағаны үшін онымен сөйлесіп отыру керек. Бұл жерде сабырлылық танытып, өз даусыңыздан үрей білінбегені жөн. Күйгелектік тек кесірін тигізуі мүмкін.

Жараны қарауға немесе алғашқы медициналық көмек көрсетуге көбінесе зақым келген жерден киім шешу қажеттігі туындайды. Бұл үшін қажетті әрекеттер зардап шеккен адамға зиян тигізбеу үшін жылдам және абайлап орындалуы қажет.

Аяқ-қолдарына зақым келгенде киімін шешу үшін біріншіден дені сау адамнан, кейін сырқат адамнан шешу қажет.

Көкірек қуысы немесе құрсақ зақымданғанда киімді тігістері бойынша жыртқан дұрыс. Термиялық күйік кезінде тек дененің күйген жерін ғана ашу қажет. Киімнің жабысып қалған бөліктерін қысқартып кесіп алу керек, бірақ теріге ешқандай зақым келемуі тиіс.

Өмір сүру белгілерін анықтау тәртібі

Ең төмен деңгейде болсын өмір сүру белгілерін байқаған жағдайда алғашқы көмек көрсетуге, яғни адамды өмірге қайтаруға дереу кірісу қажет.

ӨМІР СҮРУ БЕЛГІЛЕРІ:

- жүрек соғуының болуы. Жүрек соғуын қолмен немесе сол жақ кеудені тыңдау арқылы анықтайды;
- күретамырдың соғуы. Тамыр соғуын мойыннан (ұйқы күретамыры), кәрі жілік-білезік буынында (кәріжілік күретамыры), шабында (сан күретамыры) анықтайды;
- тыныс алуы. Тыныс алуды көкірек қуысы мен құрсақтың қозғалысы, зардап шеккен адамның мұрны мен аузына жақын қойылған айнаның булануы, мұрынға жақындатылған мақта немесе дәке бөлігінің қозғалыстары арқылы анықтайды;
- қарашықтың жарыққа әсерінің болуы. Егер көзге жарық түсірсе (мәселен қалта шаммен) қарашықтың тарылғаны байқалады— қарашықтың жағымды реакциясы. Күндізгі жарықта бұл реакцияны былай тексеруге болады: біраз уақытқа көзді қолмен жабады, сосын қолды жылдам алып қалғанда қарашықтың тарылуы байқалады.

Өмір сүру белгілерінің болуы адамды өмірге қайтару шараларын дереу өткізу қажеттілігін көрсетеді.

3 ТАРАУ

АСТАНАДАҒЫ ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНДЕ ЕРІКТІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

3.1. КӨЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Көрменің қатысушылары мен меймандары Қазақстанға келген кезде бірінші кезекте аталмыш қызметті атқаратын еріктілермен кездеседі. Сондықтан еріктілер оларды жылы шыраймен және лайықты түрде қарсы алады. Бұл жайғасымда ағылшын тілін білу міндетті саналады.

Көрме жұмысын көлікпен қамтамасыз етуге қатысатын еріктілер Көрме ішіндегі және оған кіреберістердегі қоғамдық көлік және жеке көлік легін ұйымдастыруды жақсы меңгеруі тиіс.

Көлік еріктілері қаланың көлік жүйесін және Көрме жұмысы барысындағы көлік қозғалысы бағдарын білуі қажет.

Жайғасым: КӨЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕРІКТІЛЕРІ

Қызметтері:

- Көлік қызметінің функционалы желісі бойынша көлік менеджерінің тапсырмаларын орындау;
- Тұрақтардағы көлік құралдарының маневрлары барысын сүйемелдеу, көлікті тұрағың клиент аумағы бойынша бөлуге атсалысу;
- Кететіндерді тұрақта қарсы алу, қажетті көлік құралдарын іздеуде және бағдарлауда көмектесу;
- Көрме меймандарына көлікке отыру кезінде көмектесу, қажеттігі туындағанда жүкке жәрдем беру;
- Көлікті шығарып салу;
- Жүргізушіге жергілікті жерде бағдарлануға және белгіленген бағдар бойынша жүруге көмектесу;
- Меймандардың көліктен түсуі кезінде жәрдемдесу;
- VIP-мейманның көлікке өтінішін қабылдау және диспетчерге жолдау, VIP-мейманға көліктің келу уақыты туралы ақпаратты хабарлау;
- Көрменің клиенттік топары үшін көлікпен қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңестік қолдау көрсету.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Intermediate деңгейінде),
- ДК және кеңсе техникасының сенімді қолданушысы,
- Топта жұмыс жасау дағдылары,
- Мұқияттылық,
- Жауапкершілік,
- Ұқыптылық,
- Тіл табысу.

Жайғасым: ТҰРАҚ АУМАҒЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛЕР

Қызметтері:

- Көлік қызметінің функционалы желісі бойынша көлік менеджерінің тапсырмаларын орындау;
- Тұрақтардағы көлік құралдарының маневрлары барысын сүйемелдеу, көлікті тұрағың клиент аумағы бойынша бөлуге атсалысу;
- Кететіндерді тұрақта қарсы алу, қажетті көлік құралдарын іздеуде және бағдарлауда көмектесу;
- Көрме меймандарына көлікке отыру кезінде көмектесу, қажеттігі туындағанда жүкке жәрдем беру;
- Көлікті шығарып салу;
- Жүргізушіге жергілікті жерде бағдарлануға және белгіленген бағдар бойынша жүруге көмектесу;
- Меймандардың көліктен түсуі кезінде жәрдемдесу;
- VIP-мейманның көлікке өтінішін қабылдау және диспетчерге жолдау, VIP-мейманға көліктің келу уақыты туралы ақпаратты хабарлау;
- Көрменің клиенттік топары үшін көлікпен қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңестік қолдау көрсету.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Intermediate деңгейінде),
- Жауапкершілік,
- Жарқын жүзділік,
- Ұқыптылық,
- Төзімділік,
- Тиянақтылық,
- Тіл табысу
- Сыпайылық,

Еріктілер жұмысқа кіріспей тұрып, тиісті оқудан өтіп, Көрме аумағында тәжірибелік дайындықта қабілеттерін шыңдайды. Бұл әдістемелік құралда көлік қозғалысын ұйымдастыру және тұрақтардың жұмысы жайлы жалпы әрі алдын ала ақпарат ұсынылған.

Жоспарланған жеке көліктердің санын ыңғайлы түрде қабылдау үшін ЭКСПО-2017 ауданы аумағында тұраққа арналған үлкен алаңдар алдын ала белгіленеді. Бұл аумақтар қарапайым келушілер, VIP-меймандар және қызмет көрсетушілер тәрізді пайдаланушылардың әртүрлі топтарына қарастырылады.

КЕЛУШІЛЕР ҮШІН КӨЛІК ТҰРАҒЫ

Көрме кешенінің аумағынан оңтүстікке қарай келушілердің жеке көліктерінің тұрағын орналастыруға арналған екі үлкен аумақ қарастырылған. Олар оңтүстіктегі және батыстағы кіреберістерге іргелес саналады және шамамен 9 500 орынға арналған тұраққа есептелген. Келушілердің көрмеде болуының орташа ұзақтығы 7,3 сағатты құрайды. Сәйкесінше тұраққа арналған орындардың басым бөлігі бір көліктің күнделікті жұмыс сағаттарының жалпы санымен (15 сағат) салыстырғанда айтарлықтай аз жүктеледі. Егер әрбір тұрақ орындарының әрқайсысы үшін (барлық орындардың 30% күніне екі рет бос болмайды) көліктің айналымдылығы 1,3 деп қабылданса, күнделікті сыйымдылық 12 000 артық келушілердің жеке көліктері екендігін ескерсек, жергілікті жерде тұраққа қойылатын көліктердің кіруіне-шығуына қолайсыз бағдары үшін нақты буфер қалыптасады. Негізінен есептік күн 1,17 айналымын ғана талап етеді. Қауырт шақта көліктер ағылған кезде айналым 1,54 дейін артады немесе көліктердің дені Көрменің жанында тұраққа қойылады немесе сәйкесінше қоғамдық көліктің үлесі көбейеді деп күтілуде.

Мүмкіндігі шектеулі жүргізушілер үшін кіреберістердің тікелей маңында тұрақ орындарын алдын ала белгілеу қажет. Алдын ала белгіленген орындардың қажетті саны ұлттық нормаларға жауап береді және жалпы орындардан 0,5-1,0% құрайды.

VIP-МЕЙМАНДАР ҮШІН КӨЛІКТІ ҚОЯТЫН ОРЫН

Ашық аудиториядан солтүстік-батысқа қарай және VIP-меймандарға арналған кіреберісте ұйымдастырушы кеңсесі блогы жанынан шамамен 16 800 шаршы м. жер асты тұрақ (екі деңгейде) қарастырылған. Бұл тұраққа арналған 480-нен астам орынға сәйкес келеді – келешекте қарастырылатын Конгресс-орталық үшін нақты көлем. Себебі Конгресс-орталықта VIP-қабылдаулар, баспасөз мәслихаттары өткізіледі және ұйымдастырушының кеңсесі орналасады, оның көлікжайы VIP-меймандар, БАҚ өкілдері және компания қызметкерлерінің тарапынан қолданылатын болады.

Көрменің 93 күні аясында шамамен 61000 VIP-мейманды (мемлекеттік тәрізді VVIP алып тастау қажет) қабылдау үшін 500 көлік қою орны жеткілікті. Бұл барлық күтілетін келушілердің 1,2% саналады.

ІРГЕЛЕС КӨЛІК ҚОЮ ОРЫНДАРЫ

Тұрақ үшін төлемақы ақылға қонымды болатыны жоспарланып отыр. Қарбалас күндері жүргізушілер көліктерді жақын маңдағы аудандарға тұраққа қоюы әбден мүмкін.

Бұл жағдайда ЭКСПО-2017 аумағы айналасындағы тұрғылықты орамдары 2 000 дейін көлікке дейін көшелерді босата алады. Жалпы Көрме өтетін уақыт аралығында барлық қатысушылардың кемінде 1% іргелес көлікті қою орындарын пайдаланады. Сондықтан бұл көлемге аса көңіл бөлмеуге де болады.

КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӨЛІК ҚОЮ ОРНЫ

Кеңсе қызметкерлеріне арналған көлік қою орнында үш тұрақ қарастырылған. Ұйымдастырушының 5 675 қызметкері (оның ішінде қосалқы мердігерлер, жалға алушылар және БАҚ қызметкерлері) екі ауысымда еңбек етеді. Орындардың тең жартысы ауысым өзгерген кезде бос болуы қажет. Сондықтан тұраққа ұсынылатын орындар шамамен қызметкерлердің 42% сәйкес келеді (жүргізушілер мен жолаушыларды қоса алғанда).

ЭКСПО-қалашықта тұратын қызметкерлер (мәселен, қатысушылар) жаяу жүреді деп күтілуде, ал басқа қызметкерлер көбіне қоғамдық көліктің мүмкіндіктеріне жүгінгені дұрыс (мәселен, тегін жолда жүру билеттерімен қамдану). Құқық қорғау органдарының 200 қызметкері өздерінің патрульді көліктерін нақты қажеттіліктерге байланысты тұраққа қоятын болады.

ЭКСПО-қалашықтағы барлық жоспарланған қонақ үйлер мен тұрғын үйлерде сыйымдылыққа сәйкес қажеттілікті өтеуге жерасты тұрақтарының саны жеткілікті болатыны жоспарланған. Бұл өз кезегінде тұрғындар санына сәйкес келеді.

Бағдарлы такси кең таралған көлік түрі болғандықтан, олардың жалпы Көрмеге келушілерді тасымалдауда белгілі бір рөлді иеленеді. Көрменің көлік жүйесінде қазіргі таңдағы қолданыстағы 8 немесе 20 орындық жергілікті шағын автобустар назарға алынған. Олар үшін қалалық автобус стансасынан жақын жерде, солтүстіктегі кіреберістің маңында шамамен 4 000 шаршы м. жететін арнайы аумақ алдын ала белгіленеді. Бұл біруақытта 40 шағын автобустарды орналастыруға жеткілікті және жолаушылардың қауіпсіз және ыңғайлы түрде күтуі үшін орынның жеткіліктігін қамтамасыз етеді. Есептік күні шамамен 2 600 жолаушыны жеткізетін 220 шағын автобус Көрме аумағына келіп, одан кетуі тиіс.

Таксидің үлесі мардымсыз болса да, олар келушілер тасымалының 2,0% қамтамасыз етеді. Көліктің бұл түрін барынша ыңғайлы ету үшін таксиға арналған ерекше аумақ Көрме кешенінің оңтүстік-шығыс кіреберісіне жақын жерде орналасады. Жолаушыларды түсіруге он орын, мінгізуге 30 мекен орын қарастырылған. Сонымен қатар күтудің аралас саласындағы 100 мамандандырылған орын 1700 жуық жолаушыға қолайлы түрде қызмет етуге мүмкіндік береді. Бұл сан көрме кешенінің аумағына бір күнде кіретін және кететін шамамен 1100 таксиға тең.

КӨРМЕ КЕШЕНІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Жеке көліктер ағыны

Көлік тұрақтарына қолжетімділік көршілес жол желісінің өткізу қауқарына кедергі жасамайды. Жобалаушылар жеке көліктердің қозғалысын қоғамдық көлік бағдарларынан ажыратуға тырысты. Сондықтан барлық көлік жолының ақпараты (жолда жүру белгілері және сызықшалар, сапар туралы ақпарат) жекелеген бағдарларда жеке көліктер қозғалысын Көрменің тұрақтарына қайта бағыттаумен байланыстырылады. Бұл бағдарлар қажетті жерлердегі қайта жіберуді ғана қамтиды. Осылайша бір деңгейлі жол қиылыстарында солға бұрылуды барынша азайту жоспарланған.

Оңтүстіктегі қозғалыс үшін Қабанбай батыр даңғылы және солтүстіктен келеін көліктерге Орынбор көшесі Көрме кешенінің көлік тұрақтарына апаратын негізгі кіреберіс жолдары болып саналады. Негізгі күре жолдар кіру және шығу үшін оң жақтағы бұрылыстармен Тұрар Рысқұлов көшесі арқылы Көрмеге апаратын соңғы кіреберіс жолымен жалғасады. 25 суретте Көрме аумағына жеке көліктер қозғалысының ағынын көрсетеді.

Жалпы қозғалыстың және Көрмемен байланысты қозғалыстың арасындағы жағымсыз әсерді барынша азайту мақсатында Тұрар Рысқұлов көшесін халық үшін жауап тастау мәселесі пысықталу үстінде.

ҚАЛААРАЛЫҚ АВТОБУС АҒЫНДАРЫ

Қалааралық автобустар жеке көліктің ағынына сәйкес мамандандырылған автобустардың тұрағына кіруге мүмкіндік алады:

- Шығыс кіреберістен оңтүстікке қарай орналасқан автобус тұрағына Орынбор көшесінің солтүстігінен кіру.

- Қабанбай батыр даңғылы арқылы оңтүстік

кіру және Орынбор көшесінен келетін жеке көліктер қозғалысын кесіп өтіп, Тұрар Рысқұлов көшесінен солға қарай оңтүстік автобус тұрағына бұрылу.

Қалааралық автобустар белгілі деңгейде жеке көліктер ағынымен бірге жүруі тиіс немесе оларды белгілі нүктелерде қиып өтуі қажет екендігі мойындаған дұрыс.

ҚОҒАМДЫҚ АВТОБУСТАР

Жоспар бойынша қолданыстағы нөмір 10, 12 және 27 автобус бағдарлары пайдаланылады, олар қазіргі бағдарлардың бойымен «Назарбаев Университет» атауымен Көрмеге арналған аялдамаға қатынайды және №18 автобустың бағдарын «BI Comfort Village» және «Family Village NS» іспетті келешектегі тұрғын аудандарына ұзартылып, Көрмеге арналған автобус аялдмасы оңтүстік-шығыс кіреберісте орналасады. Түркістан көшесі арқылы келетін қолданыстағы № 30, 40 және 41 автобус бағдарлары автобус терминалында аяқталуы тиіс. Ал автобус терминалы қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейінде ұйымдастырылады. Сонымен қатар қосымша 13 автобус бағдарлары және BRT желілері үшін Көрмеге Түркістан көшесі арқылы қатынаудың соңғы аялдмасы қолданылады. ЭКСПО-2017 ауданынан жақын жерде барлық автобус бағдарлары көшелер бой-

ынша өздері үшін белгіленген автобус сызықтарымен жүреді (мәселен, Қабанбай батыр даңғылы) және олардың шектелген қолжетімділігі бар.

Жоғарыда көрсетілгеннің барлығын сараптасақ, қоғамдық көліктің қозғалысын жеке көліктің қозғалысы қиындатпайды, ешбір кедергі келтірмейді. Такси көліктері тек шығыстағы кіреберісте темір тұлпарларын тұраққа қояды деп жоспарланып отыр. Сәйкесінше тек оңға бұрылыстардың шектеулі екендігін назарға алып, кірумен қатар шығу да Орынбор көшесі арқылы жүргізіледі. Ең жоғары деңгейдегі жаяу жүру арақашықтығы қабылданғандықтан, батыстағы кіреберістен батысқа қарай орналасқан аялдама BRT-дан Көрмеге дейінгі негізгі кіру жолы санаалады. Заманауи, жолаушылар үшін ыңғайлы және қолайлы Skywalk көпірі батыстағы кіреберісті «Назарбаев Университет» автобус аялдмасымен және BRT сәйкес аялдмасымен байланыстырады.



Көрме кешенінің 84500 келушіні қарсы алатын қауқары бар. Бұл Есептік күнде келушілердің күтілетін санын көрсетеді. Сонымен бірге біруақытта стендтерге қатысушыларды есепке алсақ, келушілердің ең көп саны **54080** адамнан асып жығылмайды. Орташа күнде келушілердің саны **55301**, ал ең көп дегенде **110602** адамға жетеді.

Бұл деректердің арқасында Көрменің қызметтік жоспары әзірленді. Онда негізгі екі аспект қарастырылған:

- Келушілер ағынының көрсеткіштерін тексеру;

- Көрмедегі негізгі қызметтерді және талап етілетін қызметкерлер санын сипаттау.

Қызметтік тұрғыдан қарастырсақ, Көрме – келушілердің көптігімен сипатталатын тұңғыш және ең белгілі бұқаралық шара. Аумақтар мен қызметтердің басым бөлігі белгілі уақытта қарбалас шақтарға немесе экстремалдық жағдайларға тап болады.

Көрмеге келуші өзінің күнделікті ортасында татын қызметтерді ұсынатынына сенім артады. Бір жағынан, келушілер өздерінің үйреншікті әдеттеріне сәйкес әрекет етуі екіталай. Олар үшін өздері келетін аумақ таныс емес. Ондағы жағдай қарапайым қаладағы жағдайдан ерекшеленеді. Соңғысы олар үшін жақсы табыс. Осылайша барынша қолайлы жағдай жасап, Көрмені ұмытылмайтын, тамсандыратын оқиға етіп жасау үшін ұсынылатын қызметтер және көрме аумағының өзі де «айқын» болуы қажет.

Көрме кешенін жобалаудың ерте кезеңінде оның кейбір маңызды көрсеткіштерінің белгісіздігі Ұйымдастырушыны барлық кезеңдерде қиын жағдайға ұшыратады. Бар мәселе нақты деректердің жоқтығына тіреледі:

- халықаралық қатысушылар павильондарының саны мен көлеміне байланысты,

- келушілердің санында және барлық шараға қатысуды бөлуде.

Жобалаудың негізгі аспектілеріне тікелей байланысты барлық бұл өзгермеліні назарға алсақ, сенімді дәектілікпен нақты мәліметтерді ұсыну оңайға соқпайды. Сондықтан әрбір жағдайда барынша икемділік қолданылуы тиіс. Көрмеге келушілердің

және қатысушылардың саны бойынша ақпараттың белгісіздігі мұндай шеберлік жоспарын құрастыруды талап етеді. Бұл өз кезегінде қала құрылысымен және қызмет көрсетумен байланысты Көрменің негізгі элементтерін айтарлықтай бұзбай бастапқы алғышарттарды ұлғайтуды немесе азайтуды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы аумақтың нақты жоспарлануы негізгі рөлге ие болады: ол іргетастардың орналасуында, түрлі секторлардың бағдарлануында және барынша сипатты және тартымды белгілерді бөлуде өзгерістерді де назарсыз қалдырмауы қажет. Сонымен қатар қызметтік көзқарас тұрғысынан жобалау ішкі ағындарды барынша ыңғайлы ұйымдастыруды, келушілердің қолжетімділігін шектемей, мүмкіндігі шектеулі адамдарға тиісті қызмет көрсетуді кепілдендіріп, қоғамдық қызметтердің қызметіндегі ешбір бұзушылықтарсыз және үйлесімсіз қалалық құрылымды қамтамасыз етуі шарт.

Шеберлік жоспары алдымен икемділік қағидаларын сақтау арқылы әзірленген. Ол қарапайым және сенімді қалалық жүйе түрінде көрініс тапқан және келушілерге ешбір қиындықсыз бағдарлануға мүмкіндік береді және қарбалас күндердегі жағдайда да қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Көрме кешені аймағының ашық қоғамдық орындарды және жаяу жүргіншілерге арналған өтетін жерлерді қарастыратын аумақтарға нақты бөлінуі қолацлы ортаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Кезектерге арналған аумақтар үлкен қормен есептелген және негізгі жүру жолдары жаяу жүргіншілер ағынына айтарлықтай кедергі жасамайтындай және ағындар қиылысатын жерлерде қызметтік кикілжіңдердің орын алуына жол бермейтіндей топтастырылған.

Сонымен қатар шеберлік жоспары келешекте түрлі секторлардың ішіндегі архитектуралық құрылымға өзгерту енгізуге және функционалдық сызбаларды түзетуге, іс-әрекет жоспарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұл бағытта Көрме аумағын жобалау, операциялық жоспарды анықтау және күшейту икемділік талаптарына толық сәйкес келеді. Бұл өз кезегінде жобалық құрастырудың нәтижесі саналатын және оның табыстылығына септесетін қызмет етудің барынша көңіл толатын жағдайына кепілдік береді.

КЕЛУШІЛЕРДІҢ АҒЫНЫ

Бір шаршы метрге жаяу жүргіншілер ағынының рұқсат етілетін тығыздығы бойынша қолдануға жарамды нәтижені қамтамасыз ететін жұмыс жағдайларын анықтау қажет. Бұл мақсатта Көрме кешені аумағының басты көрсеткіштерін назарға алып, келушілердің ықтимал тығыздығын талдау керек.

Көрме кешенінің аумағы бойынша келушілерді бөлу тығыздығының тиісті көрсеткіштерін (4 ш.м. ашық кеңістікке 1 адам) қолданған кезде біруақытта Көрме аумағында орналасқан келушілердің санын оңай түрде есептеуге мүмкіндік бар (есептік күн, 54 080). Қарбалас күні біруақытта көрмеге қатысқан 128000 қатысушыны есептеу кезінде қауіпсіздікпен немесе қолайлықпен ешбір мәселе туындамайды.

Көрменің және онда өтетін шаралардың келушілері, көрермендері және басқа қатысушылары кіруге және Көрмені ұйымдастырушылармен және бұқаралық шаралар нысандарының әкімшісімен ұсынылатын барлық қызметтерді пайдалануға құқық беретін билеттер немесе құжаттар (аккредитациялар) болса, нысанға еркін түрде құқығын иеленеді.

Көрменің келушілері, көрермендері және басқа қатысушылары міндетті:

- Қоғамдық тәртіпті және тәртіптің жалпы қабылданған нормаларын

сақтауға және ұстануға, бұқаралық шаралардың басқа қатысушыларына және келушілеріне, қызмет көрсетушілерге, бұқаралық шарада тәртіптің сақталуына жауапты тұлғаларға қатысты құрмет танытуға, айналадағыларға қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеуге.

- Шараны өткізу нысаны әкімшілігінің өкілдеріне және құқық қорғау

органдарының қызметкерлеріне шараға/нысанға кіру құқығын беретін билеттерді және басқа құжаттарды, сонымен қатар шараны өткізу тәртібімен қарастырылса, онда оны өткізу аумағына көліктің кіруіне рұқсатты ұсынуға және сатып алынған билеттерде немесе оларды алмастыратын құжаттарда көрсетілетін орындарға жайғасуға.

- Үлкен заттарды сақтау камерасын, ал құқық қорғау органдары

қызметкерлеріне рұқсат қағаздарын ұсыну

негізінде арнайы белгіленген орындарға жеке қаруды сақтауға тапсыруға.

- Көрмені өткізу нысандары әкімшілігі және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды бұйрықтарын орындауға.

- Күмәнді заттардың, нәрселердің табылғаны, адамдарды тұтқынға

алу және өрттің немесе түтін шығудың барлық жағдайлары туралы дереу түрде әкімшілікке және құқық қорғау органдарына.

- Қауіпсіз жерге шығару кезінде сабырлықты сақтап, үрейге жол

бермей, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жауапты нысан әкімшілігінің және ішкі істер органдары қызметкерлерінің нұсқауларына сәйкес әрекет ету.

Көрме шараларына келушілерге, көрермендерге және басқа қатысушыларға тыйым салынады:

- Қаруды (қоғамдық тәртіпті күзету және қауіпсіздікті қамтамасыз ету

бойынша қызметтік міндеттерін орындайтын құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен басқасы), тез тұтанатын, жарылатын, улы, иісті және радиоактивті заттарды, кесетін және шаншитын нәрселерді, пиротехникалық заттарды, чемодандарды, портфельдерді, көлемі үлкен заттарды, шыны ыдысты және келушілерге, сонымен қатар шараны тиісті деңгейде өткізуге кедергі келтіретін басқа заттарды өткізуге.



3.3. АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі көптеген шетелдік меймандар мен делегацияларды қабылдауды жоспарлап отыр. Бұл бағытта аудармашылық қызметтерді жүзеге асыруда еріктілердің көмегі қажет екендігі даусыз. Олар шетел тілін жақсы меңгерумен қатар аудармашының кәсіби этикасымен танысуы тиіс.

АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ ЭТИКА КОДЕКСІ – БҰЛ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ӨЗІН ҰСТАУЫ БОЙЫНША КӨПШІЛІКKE ЖАРИЯ ЖӘНЕ ЖАРИЯ ЕМЕС ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ. ОЛАР ТӨМЕНДЕГІЛЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ:

- тапсырыс беруші;
- әріптестер;
- аударма агенттіктер.

Аудармашы этикасы келесі құрауыштардан тұрады:

1. Аудармашының моральдық қағидалары.
2. Аудармашының этикеті.
3. Кәсіби жарамдылық талаптары.
4. Өзінің құқықтық мәртебесін білуі.
5. Аударманың техникалық қамсыздандыруымен танысу.

АУДАРМАШЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Құпиялылық. Құпияның негізгі түрлері:

- коммерциялық құпия;
- банк құпиясы;
- жеке өмір құпиясы;
- қызметтік құпия;
- кәсіби құпия.

Этикалық көзқарас тұрғысынан аудармашы аударатын барлық ақпарат оның заңды мәртебесіне қарамастан, құпия болып саналады.

Жария емес ереже: бірнеше жыл өтсе де, аудармашыда кәсіби құпияны жариялау немесе өзінің клиенті көз жұмғаннан кейін құқығы жоқ, бұл аударылған мемуарлар өте сирек шығарылатынымен түсіндіріледі.

2. Тәрбиелілік.

Ауызша түрде аударма жүйелі болса, жақсы аудармашы бастапқы мәтіндегі ақпараттың 80 пайызын жеткізе алады. Бұл коммуникацияның мұндай түрі үшін дәйекті мәлімет. Алайда аудармашылық этиканың сақталуы ақпараттық толық оқшаулануына әкеліп соғуы ықтимал!

- ресми стильді ауызекіге ауыстыру мүмкін емес;
- дұрыс аударма есімдік тұлғаларды ауыстыруға жол бермейді.

3. Бейтараптылық.

Аудармашы аударма кезінде бейтараптылыққа және шеттетуге талпынуы тиіс, әзілдер мен өткірлік оған емес, аудиторияға арналғанын түсініп, оларға ұстамды түрде әрекет еткен жөн.

Аудармашы тұтынушыға әңгімелесуші және қарсы пікір білдіруші емес, бір тілде жазылған ауызша немесе жазбаша мәтінде басқа тілде білдіретін жеткізуші болып табылады.

Бұдан шығатын қорытынды, аудармашы үшін мәтін мызғымайтын саналады. Егер тапсырыс берушімен бейімдеу, іріктеу, қосу және т.б. қосымша міндеттер қойылмаса, онда аудармашы өзінің қалауы бойынша мәтіннің мазмұны мен құрамын өзгертуге, оны қысқартуға немесе кеңейтуге құқығы жоқ.

Аудармашы өзіне белгілі кәсіби іс-әрекеттердің көмегімен аударма жасаған кезде түпнұсқаның функционалдық басымдығына бағытталып, әрдайым бастапқы мәтіннің алғашқы нұсқасын барынша толық жеткізуге тырысады.

Аудармашы аудару кезінде ауызша қарым-қатынастың этикасын сақтап, тұтынушы тұлғасының еркіндігін құрметтеп, оның адамгершілігіне нұқсан келтірмеуі қажет.

Аудармашы міндетті түрде тиянақты болуы тиіс. Кешігу барлық шараны бұзуы мүмкін екендігін назарда ұстаған жөн. Келіссөздер басталғанша дейін 10-15 минут бұрын келуді әдетке айналдырған абзал. Аудармашы өзінің жұмысына кіріспей тұрып, өзі бірлесе жұмыс жасайтын адамдармен танысуы шарт.

Алайда танысу кезінде аудармашыға өзінің визиттік карточкаларын немесе телефон нөмірлерін тарату ұсынылмайды. Егер әлдебіреу аудармашыларды басқа шараға шақыруға қызығушылық білдірсе, онда оны ұйымдастырушыларға жолдаған дұрыс.

Этикеттің келесі ережесіне сәйкес аудармашы аударма жасаған кезде тамақтан және судан бас тартуы тиіс. Сіз үстел басында немесе фуршет кезінде даяшылар көңіліңізді бөлмеу үшін толық бокалды жартылай күйде ұстай аласыз. Келіссөздердің барлық қатысушылары темекі тартқанымен, сіздің бұл әрекетті қайталамағаныңыз дұрыс.

Аудармашының киімді таңдаудағы этикеті

Киімді таңдаудағы этикеттің басты ережесі уақыт пен жағдайдың сәйкестігіне тіреледі. Ж. Эрбер жалпы кеңес ретінде басқа қатысушылардың арасында сәл өзгешеленуді ұсынады. Оған сәйкес ресми жағдайдағы адамдармен салыстырғанда ресмилік аз болғаны жөн, ал емін-еркін жағдайда, керісінше, сәл ресми болған абзал. Бірақ кез келген жағдайда аудармашының киімі таза, дұрыс үтікелген, түймелері салынуы тиіс, ал аяқ киімнің тазалығына мән беру қажет.

20:00 дейін белгіленген ресми қабылдаулар мен кездесулерге ерлер кез келген ала түсті емес костюмдерді кие алады, ал **20:00 кейін** қара түсті костюмдерді кигені дұрыс саналады. Ақ түсті жейдені, кез келген түстегі, бірақ қара емес галстукты таңдаған жөн. Пиджактың төменгі түймесі босатылуы тиіс.

Әйелдерге қатал топтамаларға жататын біркелкі түстегі киімдерді киген дұрыс. Бұл ұзындығы орташа көйлектер немесе костюмдер болуы мүмкін. Зергерлік бұйымдарды көп киюдің қажеті жоқ. Өкшесі төмендеу, ыңғайлы былғары немесе күдері аяқ киімді таңдау керек.



КӘСІБИ ТАЛАПТАР:

- қойылған дауыс;
- сөйлеу мәнерінің тазалығы, сөйлеуде ақаулардың болмауы;
- сөздіктермен және ақпараттың басқа көздерімен қолдана білу;
- аудармашылық белгілерді игергені дұрыс;
- аудармашы тұрақты түрде екі тілде де белсенді сөздік қорын толықтыруға міндетті;
- автордың ойы мен сезімдерін іштей дұрыс берумен байланысты аудармашылық жұмысқа шығармашылық тұрғыда қарау;
- аударма сөзбе-сөз, дәлме-дәл болмауы қажет, түпнұсқаны әртүрлі калькалауға жол берілмейді. Бұл аудармашы жекелеген сөздер мен жекелеген тіркестерді жеткізуге әрдайым тырыспағаны абзал екендігін білдіреді (бұл сөзбе-сөз аударма).
- автордың ойын және оның барлық сипаттамаларын жеткізу керек;
- аудармашының аударма жасалатын мемлекеттің ахуалын немесе өмірі мен тұрмысының нақты жағдайларын білу толыққанды аудармаға қойылатын келесі талап болып табылады.

ЕСТЕ САҚТАҒАН АБЗАЛ:

Аудармашы қаншалықты мықты болғанымен, ол әрдайым «кедергі» келтіреді.

Әдетте аудармашы ұзақ уақытқа үнсіз қалса немесе уақытша кетіп қалса, ол еске алынады.

Ауызша аударма – бұл тапсырыс беруші және сөйлеуші аудармашы ештеңені аударма алмауы үшін барлығын жасайтын жағдай.

3.4. БАҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ

Көрмеде жұмыс істейтін мыңдаған тілшілер мен фотографтарға еріктілердің көмегін қажет болады. Еріктілер оларды уақытылы және нақты ақпаратпен қамтамасыз етіп, туындаған кез келген мәселені жедел түрде шешеді және әлемдік БАҚ өкілдерін барлық қажетті сервиспен қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл қызметтегі еріктілер көптеген позицияларға тартылады. Оның ішінде фотографтарға көмектесу, сайттың мазмұнын қалыптастыру және т.б. бар. Еріктілер барлық тапсырмаларды белгіленген уақытта орындаудың қажеттігін түсінулері қажет. Сондықтан шыдамдылық және тіл табысу қасиеттері негізгі қойылатын талаптар саналады.

Көрменің әлем бойынша ұзақ уақытқа есте

сақталуы оның БАҚ ақпараттандырылуына тікелей байланысты. Еріктілер журналистермен жұмыс барысына тартылады. Бұл әлемнің түкпір-түкпіріндегі үздік журналистермен және фотографтармен жұмыс жасауға берілетін сирек мүмкіндік.

Журналистердің жұмысы тығыз және жедел, олар өздерінің материалдарын әріптестеріне қарағанда тезірек тапсыруға тырысады. Сондықтан олар жұмысқа талап қоюы мүмкін. Көрменің баспасөз орталығында қас қарайғанша дейін жұмыс атқарады. Сәйкесінше еріктінің ауысымы таңертең ерте басталады немесе түнгі уақытта аяқталады.

Бұдан әрі БАҚ жұмысқа қатысатын еріктілердің ықтимал позициялары көрсетілген.

Позиция: БАҚ ЖӘРДЕМДЕСЕТІН ЕРІКТІ

Қызметтері:

- БАҚ арналған Көрмеде тілшілерге көмектесу, ақпаратты жеткізу;
- Журналистерді баспасөз өкілдерінің белсенділігі туралық ақпараттандыру;
- Баспасөз орталығының қызметкерлеріне көмектесу;
- Журналистерді баспасөз нысандары және басқаларының жұмысы/қызметі мәселелері бойынша ақпарат беру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (ағылшын Upper-intermediate деңгейінен төмен емес);
- Ұйымдастырушылық қабілеттер;
- Сабырлық;
- Әдептілік;
- БАҚ өкілдерімен жұмыс тәжірибесі;
- Көшбасшылық қасиеттер;
- Тез тіл табысу;
- Ауызша және жазбаша сауатты сөйлеу мәнері.

Позиция: СУРЕТ ПОЗИЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕРІКТІСІ

Қызметтері:

- Сурет позицияларында фотографтар мен операторлар жұмысының ережелері сақталуын бақылау;
- Фотопозицияларда журналистерге қолғабыс ету;
- Баспасөз орталығының қызметкерлеріне көмектесу;
- Журналистерге баспасөз нысандарының және басқаларының жұмысы/қызметі мәселелері бойынша ақпарат беру.

Талаптар:

- Шетел тілін білу (ағылшын Intermediate деңгейінде);
- Жауапкершілік;
- Көңіл аудару;
- Жоғары коммуникативтік дағдылар;
- БАҚ жұмысының ерекшелігін білу.

Позиция: АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІКТЕР ӨКІЛДЕРІНІҢ АССИСТЕНТІ

Қызметтері:

- Ақпараттық агенттіктердің қызметкерлерімен бірге кімнен және қайда сұхбат, түсініктеме алған дұрыс екендігін алдын ала жоспарлау;
- Дұрыс сұрақтарды қалыптастыру;
- Көрме қатысушыларының сұхбатын, түсініктемелерін сөзбе-сөз жазып алу қажет;
- Арнайы бағдарламаға сұхбаттарды, түсініктемелерді қосу (контентті басқару жүйелері) немесе оларды өздерінің супер-вайзерларына ауызша түрде жеткізу қажет;
- Болашақта цитаталар ретінде пайдалану үшін баспасөз мәслихаттарында сұхбат, түсініктемелер жазып алу керек.

Талаптар:

- Орыс және ағылшын тілдерін жақсы білу;
- Кәсіби білімнің болғаны абзал: филология, ағылшын тілдері, журналистика;
- Журналист ретінде жұмыс тәжірибесі;
- Пайдаланушы деңгейіндегі компьютерлік дағдылар;
- Сауаттылық, білім алуға әзірлік;
- Екінші ағылшын тілін (испан, француз, неміс, итальян немесе қытай) білу артықшылық саналады;
- Стенография дағдылары міндетті емес, бірақ құпталады.

Позиция: САЙТ РЕДАКТОРЫНЫҢ ЕРІКТІ-АССИСТЕНТІ**Қызметтері:**

- Мәтіндік материалдарды әзірлеу: интернет-сайт үшін мәтіндер және аңдатпа;
- Бэк-кеңседе порталдың тұрақты бөлімдердегі ақпаратты жаңарту;
- Интернет-сайттың сараптамасы.

Талаптар:

- Білімі: филологиялық факультеттің, журналистика факультетінің студенттері;
- Мақала, аңдатпа және т. б. жазу дағдылары;
- Сауаттылық.

Позиция: ЖАЗБАША АУДАРМАШЫ (АҒЫЛШЫН ТІЛІ)**Қызметтері:**

- Материалдарды ағылшын тіліне аудару және оларды бэк-офис арқылы сайтта орналастыру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Advanced деңгейінде);
- Сауатты орыс тілі;
- Кәсіби білімнің болғаны абзал: филологиялық факультеттің, аударма бөлімшесінің және ағылшын тілдері бөлімшелерінің студенттері;
- Орыс тілінен ағылшынға жазбаша аудару тәжірибесі;
- ДК, кеңселік техниканың, интернеттің сенімді пайдаланушысы;
- Оқуға әзірлік.

Позиция: ЖАЗБАША АУДАРМАШЫ (ҚАЗАҚ ТІЛІ)**Қызметтері:**

- Материалдарды ағылшын тіліне аудару және оларды бэк-офис арқылы сайтта орналастыру.

Талаптар:

- Қазақ тілін жақсы меңгеру;
- Орыс тілін жақсы білу;
- Кәсіби білімнің болғаны абзал: филологиялық факультеттің, аударма бөлімшесінің және ағылшын тілдері бөлімшелерінің студенттері;
- Орыс тілінен қазақша жазбаша аудару тәжірибесі;
- ДК, кеңселік техниканың, интернеттің сенімді пайдаланушысы;
- Оқуға әзірлік.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі – ауқымды жоба, оны ақпараттық сүйемелдеу бойынша бүгінгі күннің өзінде елеулі жұмыстар қолға алынған. Еріктілер дайындық барысында ағымдағы жұмысқа атсалысады. Сондықтан тұжырымдамалық, стратегиялық және тактикалық деңгейде оның мазмұнымен таныс болу талап етіледі.

Халықаралық қатысушылар, оның ішінде әлемдік

деңгейдегі мекемелер (мәселен, үкіметтік емес ұйымдар) және демеушілер арқылы коммуникациялық (ақпараттық) ағынды қалыптастыру жоспарланып отыр. Халықаралық қатысушылар біздің серіктестеріміз болғандықтан, оларды ЭКСПО барлық кезеңдеріне жаппай тарту керек. Қатысушы мекемелер үшін біздің коммуникациялық күш-жігеріміз «Болашақтың қуаты» тақырыбына негізделеді.

Шақырылған мемлекеттер мен мекемелердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жетекші технологияларын пайдалану жоспарланған.

- Коммуникациялық бөлімге әртүрлі мәдениеттерді ұстанатын көп тілді қызметкерлерді іріктеу;
- Шетелдік тілшілермен үнемі байланыста болу және олардың Астананы бірнеше мәрте аралауын ұйымдастыру;
- Халықаралық БАҚ өкілдерінің ЭКСПО-2017 жобасына қызығушылығын арттыру үшін халықаралық медиаторларды тарту;
- Әртүрлі ілдердегі ЭКСПО-2017 веб-сайты;
- Барлық әлем үшін веб-сайтты веб-порталға айналдыру;
- Қуатқа және қоршаған ортаға арналған негізгі халықаралық шараларға қатысу;
- Келушілерді тарту және билеттердің сатылуын жақсарту үшін негізгі халықаралық нарықтарда жарнамалық науқандарды ұйымдастыру.

ЭКСПО-2017 қатысатын мемлекеттер үшін өзара іс-әрекет үш кезеңнен құралады:

- Қатысушы ретінде қалыптасу кезеңі;
- Қатысуды жоспарлау кезеңі (мәселен, павильонның жоспарлары);
- ЭКСПО қатысу кезеңі.

Қатысушы мәртебесі расталғаннан кейін біздің халықаралық қатысушыларға ЭКСПО-2017 маңызды ақпарат қарастырылған коммуникациялар бойынша нұсқаулық ұсыну жоспарланып отыр. Сонымен қатар ұйымдастырушылар ақпаратқа, соңғы жаңалықтарға және т.б. қолжетімділікті ұсынып, өз қатысушылар өздерінің мемлекеттерінде өткізетін жарнамалық белсенділіктерге қосымша қолдау көрсетеді.

Барлық шетелдік қатысушылар әртүрлі шаралар арқылы

тартылатын болады. Оның ішінде серіктес мемлекеттердегі шаралар (мәселен, «Болашақ қуаты» тақырыбы бойынша негізгі белгіні, шараны жарнамалау), PR шара (мәселен, халықаралық павильондар мен мемлекеттердің веб-сайттары, баспасөз мәслихаттары немесе форумдар, БАҚ байланыс, блогтарға шолу), сонымен қатар коммуникация үшін ақпараттық себептерге айналатын ірі шаралар (мәселен, Жоспарлау бойынша халықаралық кездесулер, «Болашақ қуаты» бойынша ЭКСПО форумдары) бар.



СОНЫМЕН БІРГЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨТЕТІН КӨПТЕГЕН ШАРАЛАР КӨРМЕ КОМИССАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БОЛАДЫ ЖӘНЕ МЫҚТЫ PR-ҚОЛДАУДЫ ИЕЛЕНЕДІ:

- Түрлі мемлекеттердің үкіметтеріне ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өкілдерінің Комиссарының және оның өкілдерінің баруы;
- ЭКСПО-2017 кітабын баспаға дайындау, онда ЭКСПО-2017 қамтылған тақырыптардың маңыздығы мен мәні түсіндіріледі;
- Қазақстандағы дипломатиялық корпус өкілдерін ЭКСПО-2017 таныстыру және оған деген оң көзқарасты қалыптастыру мақсатында олармен кездесулер.

БАҚ байланыс

Бұл бөлімше қызметінің негізгі бағыты – тиімді ішкі коммуникацияны ұйымдастыру: баспасөз мәслихаттарын, брифингтерді, «дөңгелек үстелдерді», басшылықтың қатысуымен кездесулерді ұйымдастыру. Бұл бағыттың мамандары бұқаралық ақпарат құралдарына ұйымдастырушылық және әдістемелік көмекті көрсетеді:

- компанияның, басқарма төрағасының, құрылымдық бөлімшелердің, қызметі және сауда белгісі туралы материалдарды дайындауда;
- бұқаралық ақпарат құралдарына компанияның, басқарма төрағасының, құрылымдық бөлімшелердің, қызметі және сауда белгісі туралы материалдарды дайындауда ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсету;
- ақпараттық материалдар шығарылымын (мақалалар, мамандандырылған бағдарламалар мен басылымдар) жасау және оған қатысу;
- басшылық пен компанияның жағымды беделін сүйемелдеу және тиісті қоғамдық пікір қалыптастыру;
- компанияның қызметі туралы жергілікті және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпараттық агенттіктердің материалдарын жедел түрде жинау және талдау.

Медиажоспарлау және сатып алу

Медиабаингпен, медиажоспарлаумен, электронды және мерзімді БАҚ, Интернетте жарнамалық аумақтарды, эфирлік уақытты сатып алумен айналысатын құрылымдық құрылым құрылған. Бөлімше халықаралық қатысушылармен байланыс міндетін мойнына алады. Бұл өте маңызды, себебі Қазақстан көрмеге қатысуға 100-ге жуық қатысушы мемлекеттерді, ірі әлемдік компанияларды және Халықаралық ұйымдарды тартуды қарастырып отыр. Бұл бағыт ақпаратпен алмасу барысын, қатысушылармен серіктестік қарым-қатынастарды құруға және көрмені халықаралық деңгейде ілгерілетуге жол ашады.

3.5. ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Орналастыру» еріктілер тобы ЭКСПО-2017 Көрмесінің жұмысы уақытында клиент топтарын орналастыру мезгілінде туындайтын сұрақтарды шешуге көмектеседі.

Еріктілер Астананың әртүрлі мейманханаларында жұмыс істейді және қонақтарға Көрмеге қатысушылардан бастап, ресми делегация, VIP-қонақтар, баспасөз өкілдері және келушілерге мекен

ету ортасында жайлы жағдайлар жасайды. Еріктілер шет тілдерінің, әр түрлі адамдармен қатынасудың үлкен және бай тәжірибиесін алады. Әр түрлі мәселелерді шеше алу қабілеті маңызды, әсіресе шиеленіскен жағдайларды. Мәселелер күтпеген жерден пайда болады және максималды қысқа мерзімде шешілуі қажет.

Позиция: ЖАЙҒАСТЫРУ БОЙЫНША ЕРІКТІЛЕР

Қызметтер:

- Қонақтарды мейманханада немес басқа орналасу жерінде қарсы алу;
- Қонақтарды орналастыруға көмек көрсету;
- Ұйымдастыру мәселелерін шешуге көмек көрсету;
- Өз біліктілігі шеңберінде шиеленіскен жағдайларды реттеу;
- Келген қонақтар тізімін және орналастыру мәліметтерін салыстыру;
- Анықтамалық ақпаратты беру;
- Шығу кезінде көмек.

Талаптар:

- Қызмет көрсетуде тәжірибиенің болуы (жылы шырайлылық, жауап қайтару жылдамдығы, мейманхана саласында және қоғамдық тамақтануда жұмыс тәжірибиесі қошаметтеледі);
- Жауапкершілік;
- Тәртіптілік және өзін өзі ұйымдастыру;
- Тіл тапқыштық;
- Ізгі ниеттілік;
- Бастамашылдық;
- Міндеттілік;
- Шет тілдерін білу (ағылшын және т.б.).

Сонымен қатар Көрме қатысушыларын, VIP-қонақтарды, ресми тұлғаларды, баспасөз, қызметкерлер мен еріктілерді аккредиттеуге еріктілердің қызметі де маңызды. «Аккредиттеу» волонтерлері келушілерді тіркейді және Көрме нысандарына рұқсат беретін жеке аккредиттеубейджі

(аккредиттеу) оларға беріледі. Аккредиттеу Көрмеге қол жету аймағына және қызмет жасау мерзімінің мәртебесіне сай беріледі.

Аккредиттеумен жұмыс атқаратын еріктілердің мүмкін болатын позициясы берілген.

Позиция: АККРЕДИТАЦИЯ ОРТАЛЫ ЖЕТЕКШІСІНІҢ КӨМЕКШІСІ (БӨЛІМ БОЙЫНША)

Қызметтер:

- Бөлім жетекшісінің ағымдағы тапсырасын орындау;
- Еріктілер супервайзерлерімен және қызымет етуші еріктілердің үйлестірушілерімен өзара әрекеттестік;
- Мәліметтерді салыстыру және дерекқорды толықтыру (керек болған жағдайда);
- Аккредиттеу рәсімі өткеннен кейін кеңес өткізу;
- Көрме туралы қосымша ақпаратың болуы, клиенттерді қызықтырған мәселелер бойынша көмек;
- Бейджерді қолдану, объектерде қолжетімді аймақтар және т.б. бойыншатүсінік беру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білуі (Intermediate деңгейінде);
- ДК сенімді қолдану;
- жоғары коммуникативтік қызметі, жылы шырайлылық, сүйкімді келбет, дұрыс сөйлеу;
- Шыдамдылық;
- Құжаттармен жұмыс істеу тәжірибиесі (қажет).

Позиция: АККРЕДИТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ЕРІКТІЛЕРІНІҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Қызметтер:

- «Аккредиттеу» еріктілердің қызыметі жұмысын бақылау;
- «Аккредиттеу» қызыметінен еріктілерге жауапты қызыметкерлермен өзара әрекет ету;
- Еріктілердің жұмысына байланысты мәселелерді оперативті шешу;
- «Check-in» және «Check-out» рәсімдерін орындауды, еріктілердің кезектеріне шығуын бақылау.

Талаптар:

- Тіл тапқыштық;
- Ұйымдастырушылық қабілеттер;
- Жылы шырайлылық.

Қатысушыларды қарсы алу және шығарып салу

Шақыру хатты жіберген кезде қатысушылар шараға қатысу, келу және кету күндері бойынша нақты шешім қабылдайтын күн белгіленеді, сонымен қаар келетін жері мен уақытын анықтау керек.

Шетелдік қаысушылардың келу уақыты мен орны туралы ақпарат алынған кезде кездесулердің және барлық қатысушыларды тұрғылықты жерлеріне жеткізу кестесін құрастыру қажет.

Кіру келесі үлгіде ұйымдастырылуы мүмкін:

- Әрбір қатысушы өздігінен көлікпен кіреді.
 - Қатысушылар белгіленген орындарда жиналады және біруақытта барлығын тұрғылықты жерге жеткізетін арнайы автобусты күтеді.
 - Әрбір қатысушыны немесе делегацияны бөлек қарсы алып, тұрғылықты жеріне жеткізіледі.
- Сәйкесінше кету де осы үлгіде ұйымдастырылуы мүмкін.

Орналастыру кезінде тіркеуді сәтті өткізу үшін келесілер қажет:

1. Келушілер кілттің берілуін күтіп, тіркелген уақытта сөмкелерді қоюға болатын орынды белгілеп қою.
2. Тіркеуге арналған үстелдерді қойып, кіреберістен көрінетіндей етіп, „тіркеу“ тақтайшасын ілу.
3. Тіркеу кезінде адамдарға берілетін кілттерді және басқа материалдарды дайындау.
4. Тіркеу орнында кестені және қатысушыларға пайдалы болатын басқа хабарландыруларды ілу.

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Тамақтандыру мекемелерінде жұмыс атқаратын еріктілер жарқын жүзді, меймандарға көмек көрсетуге әзір болып, бір топта жұмыс жасауды білуі шарт. Еріктілер тамақтың барлық түрлері ұсынылуын және тамақтану аумағы әрдайым тазалықта ұсталуын қадағалайды. Қоғамдық тамақтану саласындағы тәжірибенің бары құпталады. Көп адаммен жұмыс дағдысы және жоғары деңгейде қызмет көрсету аса маңызды.

Позиция: ТАМАҚТАНУ АУМАҒЫНЫҢ БАҚЫЛАУШЫСЫ

Қызметтері:

- Нысандағы барлық тамақтану аумақтарына, оның ішінде VIP бақылау, оның ішінде;
- Үстелдерде, сауда нүктелерінде тамақ түрлерінің толық болуын бақылау, тамақтану аумағының тазалығын бақылау;
- Ұйымдастыру комитетін орын алатын барлық мәселелер бойынша дер кезінде ақпараттандыру;
- Ұсынылған өнімнің түрлері бойынша түсіндіру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Elementary деңгейінде);
- Жарқын жүзді;
- Тіл табысу;
- Тәртіптілік.

ЕРІКТІЛЕР ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСЫРУҒА ҚАТЫСА АЛАДЫ:

1. Мәзірді құру және оны әкімшілікпен талқылау.
2. Қоғамдық тамақтану бекетінің жұмысын Көрме шараларының кестесіне сәйкестендіру.
3. Қажеттігі туындағанда, тамақтанатындардың (меймандар, келген/кеткен қатысушылар және т.б.) санын түзету, өзгерістерді дер кезінде келісу.

3.6. ӨНІМДІ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ ПРОМОУТЕРЛІК

Астана-ЭКСПО-2017 брендин қолдау және ілгерілету маңызды міндет болып табылады. Оған еріктілер белсенді түрде атсалысады.

Алдымен еріктілерге промоутерлік және өнімді ілгерілету дегеніміз не деген түсініктермен танысқан дұрыс.

ПРОМОУТЕР — бұл жарнамалық парақшаларды тарататын немесе тауардың не қызметтің жарнамасымен (промоушен) айналысатын адам. Бұл кәсіп жасар арасында кеңінен сұранысқа ие. Супермаркеттерде, метро стансаларының жанында немесе әртүрлі көпшілік орындарда парақшаларды не ілгерілетілетін тауардың сынамалы үлгілерін ұсынатын брендті, ашық түсті киімдерде жиі кездестіруге болады.

Промоутер тауарды ұсынады, тауардың қасиеттерін, оның артықшылығын түсіндіреді, тұтынушылардың сауалдарына сауатты түрде жауап береді, тауарға және компания брендіне назар аударады.

Промоутердің лауазымдық міндеттемелеріне кіреді:

- жарнамалық парақшаларды тарату;
- тауарды тұтынушыға көрсету;
- өнімнің сынамаларын тарату;
- тұтынушыларды тарту және кеңес беру;
- компания өнімдерін сату.

Бұл кәсіп үшін жоғары білімді адам талап етілмейді. Әдетте жұмыс берушілер белсенді, сөйлеу мәнері сауатты 18-35 жас аралығындағы үміткерді іздейді.

Тауарларды ілгерілету бойынша шаралардың үш негізгі мақсаты бар: ақпараттандыру, сендіру және еске салу.

АҚПАРАТТАНДЫРУ — бұл ілгерілетудің бірінші кезектегі мақсаты, себебі адамдар тауардың бары туралы білмесе немесе ол не үшін қажет екендігін түсінбегенше оны сатып алмайды. Біқтимал тұтынушыларға белгілі тауарды қайдан табуға болатынын, оның бағасын және оны қалай пайдалану қажеттігін білу керек.

СЕНДІРУ — бұл да ілгерілетудің маңызды бөлігі, себебі адамдардың басым бөлігі өз қажеттіліктерін өтеудің белгілі бір тәсілін таңдауда ынталандыруды талап етеді. Егер тұтынушылар бұл тауарды бұрын-соңды пайдаланып көрмесе, онда оларды өнімнің артықшылықтарына сенімін арттырған дұрыс.

Белгілі бір тауарды сатып алудың мүмкіндіктері, оның артықшылықтары жайлы ЕСКЕ САЛУ да аса маңызды. Себебі бұл қосымша сұранысты ынталандырады.

ӨНІМДІ ІЛГЕРІЛЕТУ

Маркетинг жөніндегі мамандар ілгерілету мақсаттарына қол жеткізу үшін құралдардың төрт түріне сүйенеді: жеке саудаға, жарнамаға, қоғаммен байланыс орнатуға және өткізуді ынталандыруға. Олар әртүрлі үйлесімде қолданылады және нақты тауарды немесе идеяларды ілгерілету құрылымын қалыптастырады.

Жеке сауда сатып алушы мен сатушының «бетпе-бет» немесе телефон бойынша тікелей қарым-қатынасын

білдіреді. Бұл мәмілелерді дереу түрде жасауға мүмкіндік беретін ілгерілетудің жалғыз үлгісі; сонымен бірге сатушы тек жеке сауданың көмегімен ғана сатып алушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына жауап беретін тауарды таңдай алады.

Жарнама — бұл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын және оған мүдделі тараппен (демеушілермен) қаржыландырылатын ақылы хабарламалар. Жарнама алуан үлгілерді қабылдануы мүмкін. Оның негізгі артықшылығы салыстырмалы шығын жоғары болмаса да, кең аудиторияны қамтуға қауқарлы екендігіне тіреледі. Біріншіден, жарнамалық науқанды ұйымдастыруға жұмсалатын бірреттік шығындар. Екіншіден, жарнама сатып алушымен тікелей байланыс арқасындағы тікелей кері байланысты қамтамасыз етпейді және жарнаманы дербестендірудің өзі оңайға соқпайды. Үшіншіден, жеке саудада іспетті жарнаманың көмегімен тұтынушыларды әрекетке итермелеу барлық жағдайда жүзеге аспайды.

Қоғамдық байланыстар түсінігі саудаға тікелей қатысы жоқ әртүрлі аудиториямен қарым-қатынастың кел келген үлгілерін қамтиды. Қоғаммен байланыс бағытындағы кейбір шаралар жалпылама сипатқа ие: мәселен, тілшілерге өздерін қызықтыратын ақпаратты ұсыну немесе жергілікті мектептерге білім беру жобаларын жүзеге асыруға қолғабыс ету. Бір жағынан, қоғаммен жағымды қарым-қатынастарды сақтау компания қызметі және шығаратын өнімі жайлы нақты хабардар етілетінін, компания тауарлары туралы жағымды пікірлердің газеттер мен журналдарда, сонымен қатар радиода және телебағдарламаларда жариялануына жағдай жасауды қарастырады.

Өткізуді ынталандыру — ілгерілетудің соңғы кезеңі саналады. Оның қызметі нақын даудың өзі оңайға соқпайды. Оған қызмет пен шаралардың аса кең түрлері жатады. Басты мақсат — сатып алушылардың қызығушылығын

ояту. Купондар, жеңілдіктер, тегін үлгілер ұсыну, тікелей сауда орындарында байқаулар, көрсетілімдер мен таныстырылымдарды ұйымдастыру, сауда шоуларын және басқа арнайы шаларды ұйымдастыру — мұның барлығы тауарларды ілгерілетудің аалмыш әдісі болып табылады.

Ілгерілетудің алуан түрлері арасында жарнама бұқаралық аудиторияға қолжетімділіктің ең үздік құралы — бір тұтынушыға есептесек, ең арзан және ең жедел. Сонымен қатар жарнама — бұл мекеме бақылаудың басым бөлігін өз құзырында сақтайтын ілгерілету түрі. Жарнамалық хабарландыруда қалағаныңызды жаза аласыз, бірақ заңның ала жібін аттамай, жарнамалық бизнесте қабылданған адамгершілік және этикалық нормаларды ұстанған абзал. Сіз хабарландыруыңызды жеткізу үшін шығармашылық аспаптардың кең жиынтығын және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, тауарларды, қызметтерді немесе идеяларды ілгерілете аласыз.

Барлық жарнамалық хабарландыруларда екі негізгі элемент қамтылған. Біріншіден, бұл мәтіндік құрауыш, яғни жарнаманың сөзі бар бөлігі, ал екіншіден, көркемдік құрауыш, бұл көзбен көруге арналған бөлік болып табылады. Журналдағы жарнамада сіз беттерде көретін сөздер, ал радио немесе теледидар жарнамасында әртістермен айтылатын сөздер мәтіндік құрауышты қалыптастырады.

Мәтіні бар-жоғы екі сөйлемнен құралған жарнаманы көрдіңіз бе? Мәселен, «Барынша қарапайым көрінеді. Кез келген бірнеше құрастыра алады»? Бірақ кейде оның түрі алдамшы келеді. Жарнамалық мәтіндерді жазу – өнердің бір түрі, ғылымның бір бөлігі, сәттіліктің жемісі. Бірақ оны мінсіз жасай алатын жандардың қатары санаулы. Жарнамалық мәтіндердің белгілі авторлары нәтижелі жарнаманы жасай жасай білу қабілеті үшін қомақты қаржы иеленеді.

ЖАРНАМАЛЫҚ МӘТІННІҢ НЕГІЗГІ БЕС МАҚСАТЫ БАР:

- ықтимал сатып алушының НАЗАРЫН аудару;
- ықтимал сатып алушының ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ояту;
- тауарға және компанияға СЕНІМДІ қалыптастыру;
- ықтимал сатып алушының тауарды сатып алу НИЕТІН күшейту;
- ықтимал сатып алушы ӘРЕКЕТКЕ ынталандыру

ЖАРНАМАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР

Жарнамалық хабарландыруды тұтынушылар аудиториясына жеткізу үшін тиісті ақпараттық құралдарды немесе ақпаратты жеткізу жолдарын таңдау керек. Ақпараттық құралдарды пайдалану жоспарында жарнамалық бюджеттің көлемі белгіленеді, бұл қаражат түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арасында қалай бөлінетіні анықталады және оларда жарнамалық хабарламалардың шығуы бойынша нақты уақыт көрсетіледі. Жоспардың мақсаты компания жарнамаға жұмсайтын қаржыдан барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу саналады.

Промоутер ретінде еңбек ететін ЭКСПО-2017 еріктілері Көрменің белгілі тарауларын сауатты таныстыру үшін жалпы еріктілерге арналған оқу бағдарламасымен қатар тиісті тақырып бойынша қажетті даярлықтан өтеді.

Бұдан әрі Көрмеде ұсынылған бағыттар, тақырыптар және идеялар маркетингі бойынша еріктілердің ықтимал қызметтері сипатталған.

Позиция: ПРОМО-БЕЛСЕНДІЛІКТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Қызметтері:

- Көрме серіктестерінің нысандардағы белсенділік аумақтардың тоқтаусыз жұмысын бақылау;
- Нысандарда бәсекелес брендтердің жоқтығына сараптама жүргізу;
- Орын алған мәселелерді шешу.

Талаптар:

- ДК сенімді пайдаланушысы;
- Шыдамдылық;
- Жауапкершілік;
- Тиянақтылық;
- Тез тіл табысу;
- Міндеттерді нақты және жүйелі түрде орындау;
- Жарнама және промоушен саласындағы жұмыс тәжірибесі (құпталады);
- Жарнамалық лексиканы білу (құпталады);
- Азаматтық және әкімшілік құқық саласындағы білімі (құпталады).

Позиция: МАРКЕТИНГТІК СЕРІКТЕСТЕРДІҢ АТТАШЕСІ

Маркетингтік серіктестер – Көрменің маңызды қатысушылары. Бұл - көбіне халықаралық компаниялардың басшылары мен өкілдері. Олар Көрменің демеушілер және әріптестері саналады. Еріктілер серіктестермен бірге еріп жүреді, туындаған мәселелді шешеді, қажет болса, аударма жасайды.

Қызметтері:

- Маркетингтік серіктестер өкілдерімен еріп жүру;
- Мәселелерді шешуде жедел көмек;
- Ауызша аударма жасау;
- Көрме, нысан, қала туралы негізгі ақпаратты ұсыну.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (ағылшын тілі Upper-intermediate деңгейінен төмен емес);
- Дипломатиялық қасиет.

Позиция: КӨРМЕ БРЕНДІН ҚОРҒАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ЕРІКТІ

Бұл қызметке заң факультетінде оқитын немесе жоғары заңгерлік білім бар еріктілер қажет. Еріктілердің жұмысын заң департаментінің қызметкерлері үйлестіреді. Еріктілер Көрменің тауарлық белгілерін (брендтерді) заңсыз пайдалану және паразиттік маркетинг фактілері бойынша сараптама жүргізеді. Еріктілер кәсіп бойынша білім алу барысында өздерінің білімдерін тәжірибе жүзінде пайдалану, сонымен қатар кәсіби заңгерлер қатарында жұмыс жасау мүмкіндігін иеленеді.

Қызметтері:

Контрафактілік өнімді саудалау жағдайларын анықтау мақсатында сауда орталықтарын және қаланың басқа сауда және ойын-сауық алаңдарын сараптау;

Рұқсат етілмеген маркетингтік акцияларды анықтау үшін Көрме нысандары жанындағы аумаққа сараптама жүргізу;

Көрме серіктестерінің маркетингтік құқықтарын қорғау мақсатында Көрме нысандарына сараптама жүргізу;

Бұзушылық жағдайларын тіркеу;

Дереу заң департаментінің қызметкерлерін жіберілген қателер туралы ақпараттандыру.

Талаптар:

- Жауапкершілік;
- Құқықтық сауаттылық;
- Заң факультетінде білім алу немесе заңгерлік білімнің болуы ;
- Ағылшын тілін білу (Intermediate деңгейінде).

3.7. ІС-ШАРАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КӨРЕРМЕНМЕН ЖҰМЫС**МӘДЕНИ-ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАР**

Мәдени-ойын-сауық іс-шаралары негізінен кең ауқымды аудиторияға бағытталып, халықаралық қауымдастықтың, сонымен қатар жергілікті халықтың ЭКСПО-2017 өтетін жерге, яғни Астанаға көңілін аударуға тартылған. Бұл іс-шаралар астанада өтседе, ол БАҚ, радио- және телехабарлар арқылы халықаралық хабарландыру жүргізу нәтижесінде мультипликативті (екпінді) әсерде болады. Іс-шаралар қатары көрмеге дайындық кезеңіне, яғни

ЭКСПО алдында және ЭКСПО-2017 кезеңдеріне жоспарланған.

ЭКСПО-2017-ге дайындық кезеңінде барлық бағыттарда жетекші халықаралық сауда белгілерімен әр түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда. ЭКСПО-алды кезеңдегі іс-шаралар ЭКСПО жайлы хабардар болу деңгейін жоғарылатуға бағытталған және «көрме өткізу орнында», «тікелей эфирде», «тікелей желі» іс-шаралары акцияға кіреді.

ЭКСПО-АЛДЫ КЕЗЕҢДЕ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ:

1. Халықаралық іс-шаралар өткізу орны ретінде Астана туралы халықаралық хабардар болуды күшейту;
2. БАҚ-мен халықаралық жарықтандыруды алу;
3. ЭКСПО-да жергілікті және халықаралық келушілердің қатарын жоғарылату.

ЭКСПО-алды кезеңдегі мәдени-ойын сауық іс-шараларының мысалы ретінде келтіруге болады:

- Қазақстанның барлық тұрғындарының көңілін аударатын, Қазақстанда бойтұмар таңдап алу байқауы;
- жергілікті тұрғындардың қызығушылықтарын оятуға және хабардар болуды жоғарылатуға Қазақстанның кей қалаларында МБВ ЭКСПО ел кезу көрмесі Роуд Шоу үлгісінде өткізіледі;
- Әлем жастарының көңілін аударатын және жыл сайын дамитын үлкен жыл сайынғы музыкалық ойын-сауық ұсынылады;
- «Болашақ қуаты» тақырыбында ойын-сауық және тақырыптық көріністері бар TED конференциясы;
- Астана тұрғындары және ел орда қонақтарына ашық ауа астында үлкен фестиваль.

ЭКСПО-2017 аралығында да тақырыптық және ойын-сауық іс-шаралары өткізіледі.

Мәдени-ойын сауық бағдарламасы «Болашақ қуаты» тақырыбы негізінде және көрме мазмұнына сай жасалған. Бағдарлама барлық іс-шараға қатысы болатын бес жалпы мақсатты қосады:

- Барлық саланың үздік әртістерін, әншілерін және өнер иелерін жұмылдыру;
- Тыңдаушылардың барлық түріне сай келетін бағдарламамен қамтамасыз ету;
- Құндылықтарға дағдыландыру және хабардар болу деңгейін жоғарылату;
- Дәстүрді инновациямен қосатын, өткенге және болашаққа көзқарасты байланыстыратын іс-шаралар;
- жергілікті және халықаралық әртістермен әріптестікті көтермелеу.

2017 ж. Астана әлемнің ең үлкен сахналық алаңына айналады. ЭКСПО уақытындағы іс-шаралар көрермендердің назарын аудартады және ЭКСПО көрмесін ұмытылмастай қызықты жасауға көмек көрсетеді. Әлемнің ең үлкен сахналық алаңы - ЭКСПО-2017 ұсынады:

- Көрме уақытында тынымсыз ойын-сауық;
- 3000 артық шоу;
- Барлық мақсаттарға жан-жақты жақындау;
- Қатысушы елдердің әртүрлілігі.

Мәдени бағдарламаның ең негізгі және маңызды уақиғалары ЭКСПО-2017 ашылу және жабылу рәсімі. Бұл іс-шараларда құрмет орнын МБВ-ның ту, ән ұраны және логотипі болады. Ашылу рәсімі – бұл Астана және Қазақстан барлық әлемді құшақ жая қарсы алу іс-шарасы, ал жабу рәсімі ЭКСПО уақытында өтетін барлық іс-шараларды түйіндейді.

Екі рәсімде телевизияда, Интернетте және басқа БАҚ тасымалдаушылары тікелей эфирден таратады және ЭКСПО уақытында ең тиімді және орасан күрделі іс-шара болады. Астанада физикалық тұрғыдан бола алмайтын миллиондаған тұрғындар дамыған технология нәтижесінде тікелей эфирден оларды көре алады.

Мәдени-ойын-сауық іс-шараларының өту орны төменде бес ғимаратта/жерде көрсетілген:

- **АШЫҚ АЛАҢ ЭКПО-2017-ДЕ** үлкен концерттерді өткізу орны болады. Мұнда әйгілі, танымал әртістер өнер көрсетеді, бұл Астанаға жол жүру жоспары бар келушілерге үлкен ынталандыру болады.

- **ҚУАТ ХОЛЫ ЭКСПО** нысанында үздік үлкен театр болады. Бұл жерде халықаралық танымал театрлардан, классикалық және заманауи балет, цирк труппаларынан және танымал әртістерден көріністер өтеді.

- **ӨНЕР ОРТАСЫ ЭКСПО**-ның үлкен мұражайына айналады. Бұл жерде көрермендер әйгілі шеберлердің жұмыстарын өз көздерімен көре алады.

- **ЭКСПО-НЫҢ КӨРМЕ КЕШЕНІ** (ENERGYSCREEN қосқанда) барлық бағдарламаның іс-шарасына біртұтас, сонда сақталатын сол бір негізгі тірек болады. Ашық алаң жерінен тыс көшелер және қоғамдық аймақтарда ЭКСПО 2017 ең үлкен іс-шаралар қатарын, яғни ашу және жабу рәсімі, Шеру және Күн сайынғы ойын-сауықтарды өткізеді. Әйгілі дала театрын бұл ауқымды көріністерді біріктіретін креативті және кәсіби сахна қоюшылары басқарады. Сонымен қатар, ашық павильондарда панорамды шоу жасалады, ашық алаңда Концер залынан тыс жерде әуен ойнап тұрады, ең үлкен Energyscreen дыбыс-бейне кескіндер таратылады.

Мыңдаған көрермендер көретін ашу және жабу көрмесі және барлық әлемде көптеген миллион көрермендер көретін мәдени-ойын сауық іс-шаралар жұмыстарына, ашу және жабу рәсімдеріне еріктілерді жұмылдырады.

Еріктілер ұйымдастырушыларға сахна декорацияларының арғы жағында және кеңседе, сонымен қатар адамдардың үлкен топтарымен жұмыс жасауға көмектеседі. Мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысу тәжірибиесін қошаметтейміз.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР STAGE-HAND

Қызметтері:

- Іс-шараға тікелей қатысу: сахна сыртында көмектесу;
- Ойын-сауыққа қатысу (мысалы, тоқылған суреттер, реквизит, бутафория және т.б.).

Талаптар:

- Жақсы физикалық дайындық;
- Ұқыптылық;
- Белсенділік;
- Зерделілік.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР-АНИМАТОР

Қызметтері:

- Көрермендерді жандандыру;
- Әртістер өнер көрсеткен кезде, сахнада болатын іс-әрекетке байланысты көрермендердің іс-әрекеттерін үйлестіру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Elementary деңгейінде);
- Ұқыптылық;
- Тіл тапқыштық;
- Белсенділік;
- Зерделілік.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР-САХНА/ІС-ӘРЕКЕТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ КӨМЕКШІСІ

Қызметтері:

- Әртістерді қарсы алу/ шығарып салу;
- Дайындық және концерт бағдарламасы кезінде әртістердің уақытында сахнаға шығуына/ сахнадан кетуіне жауапты болу;
- Дайындық және концерт бағдарламасы кезінде әртістердің осы немес басқа топтарына қажет микрофон санын бақылап отыру.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (ауыз екі деңгейде);
- Сүйкімді келбет;
- Ізгіниетшілік;
- Концерт алаңын басқару дағдылары.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР-АНИМАТОР

Қызметтері:

- Ұзын бойлы қуыршақпен жұмыс.

Талаптар:

- Белсенділік;
- Тіл тапқыштық.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР-КӨРМЕ ЖӘНЕ МҰРАЖАЙ ЭКСПОЗИЦИЯЛАРЫНЫҢ САЯХАТ ЖЕТЕКШІЛЕРІ

Қызметтері:

- Бекітілген аймаққа (экспозиция тақырыбына) сай ақпарат беру;
- Экспозиция көрермендерімен интерактивті жұмыс жүргізу;
- Көрермендердің сұрақтарына жауап беру, ұсыныстармен жұмыс жасау.

Талаптар:

- Ағылшын тілу білу (Upper-intermediate деңгейде);
- Белсенділік;
- Тіл тапқыштық;
- Көрме тақырыбы аймағында білімдер;
- Саяхат өткізу тәжірибиесі (көпшілік алдына шығу) қошеметтеледі.

Көрермендермен жұмыс

«Көрермендермен жұмыс» еріктілер қызметі – ол көрменің бетке ұстары. «Көрермендермен жұмыс» міндеті Көрме аймағында көрермендерді жақсы қабылдауды қамтамасыз етеді. «Көрермендермен жұмыс» тобының еріктілері көрме көрермендерін және басқа келушілерін жылы шыраймен қарсы алады, іс-шарада қонақжайлылықтарын көрсетеді, аймақта болудың жайлы жағдайларын жасайды.

Позиция: «КӨРЕРЕМЕНДЕРМЕН ЖҰМЫС» ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІ

Қызметі:

- Аймақ аумағында адам ағымын бөліп орналастыру;
- Іс-шарада қызмет көрсетуге және көрермендерді орындарына отырғызуға көмектесу;
- Аймақта тапсырыс берушілер топтарына іс-шара бағдарламасы, тамақтаны орындары, медициналық қызмет көрсету және т.б. туралы ақпарат ұсыну;
- Көрермендер аумағында белсенділік таныту;
- Іс-шарадан үзіліс кезінде көрермендердің көңілі көтеру;
- Табылған зат бюросына көмек көрсету.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білу (Elementary деңгейінде);
- Тіл тапқыштық;
- Аймақта бейімделушілік;
- Өз міндеттерін білу;
- Белсенділік.

Іс-шарада тиімді жұмыс істеу үшін, еріктілер ұйымдастырудың және өткізудің жалпы қағидаларын білу керек.

Іс-шараға ұсынылған мақсаттар мен талаптарға байланысты, база ретінде болуы мүмкін: конференц-

залдар, тренинг бөлмелері, бизнес орталықтары, оқу орындары, көрме орталықтары, шипажай және демалыс орталықтары. Іс-шара өткізу орны төменде көрсетілген кей өлшемдер арқылы анықталады.

КӨШПЕЛІ ІС-ШАРА ӨТКІЗУ ОРНЫН ТАҢДАУ

- Мекен ету бағасы (бір күннен көп созылатын көшпелі іс-шараны өткізгенде);
- Іс-шара өткізу уақытында берілуі мүмкін орын саны (олар жеткілікті және кішкене артық болуы керек);
- Жұмыс, демалыс және тұрақтау үшін жағдайлар (ыстық/суық судың, жылу/вентиляцияның болуы, тамақтандыру сапасы және т.б.);
- Қосымша бөлмелердің болуы: жалпы жиналсықа арналған бөлмелер, кіші топта жұмыс істеуге орындар және басқа арнайы іс-шаралар;
- Іс-шарада жоспарланған жұмыстарды қабылдай алуы және жоспарланған жұмыс істеу әдістерін қолдану мүмкіндігі.
- Бөгде адамдар саны (демалушылар немесе тұрғындар және т.б., олар аз болы керек). Бөгде адамдардың мүлдем болмауы – ол көшпелі іс-шараның мінсіз түрі.
- Орналасу орны, қауіпсіздік, медициналық қызметкерлер, күзетшілер;
- Қажетті техникамен қамтамасыз ету;
- Тұру, тамақтану және жұмыс орындары арасындағы арақашықтық;
- Барлық жағдайлардағы қауіпсіздік.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ШАҚЫРУ

Қатысушыларды шақыру ауызекі (кездескенде немесе телефонмен), немесе жазбаша (шақыру хаты) болуы мүмкін. Қандай тәсіл қолданылса да, келесі ақпаратты міндетті түрде хабарлау керек:

1. Іс-шараның аты және мақсаты.
2. Іс-шара өткізу мерзімі (көшпелі іс-шараларға қатысушылардың кіру және шығу мезгілі).
3. Іс-шараға қатысу бағасы, тәртібі және төлеу мерзімі.
4. Іс-шара өткізу орны.
5. Қатысушылардың шақырылған саны немесе жазбаша тізімі.

6. Іс-шараға қатысу өтініші немесе қатысуды растау нысаны.

Жағымсыз жағдайлардың алдын алу үшін, басшылықпен немесе тапсырыс берушілермен шақыру құрастырылады немес келісім алынады.

Басшылық/ тапсырыс беруші шақырылған және потенциалды қатысушылардың тізімін жасайды, әкімші өтініш жіберген немесе қатысуды растаған адамдарды тіркейді.

Іс-шараға қатысушыларды қамтамасыз ету үшін бір қатысушыларды бірнеше рет шақыруды және әрдайым бақылауды қажет етеді.

Іс-шара өткізу орнының әкімшілігімен жұмыс

Іс-шара өткізу орнының әкімшілігімен жүргізілетін жұмыс көлемі іс-шара ұзақтығына, қатысушылардың санына және жұмысқа қолданылатын бөлме санына байланысты болады.

Алдын ала келіскеннен кейінгі келесі қадам өткізу орнымен шартқа отыру болуы керек.

Шартқа отыруды ұйым жүзеге асырады, бірақ әкімшілік шартта барлық негізгі тармақтар болуын қадағалау керек. Бұл тікелей әкімшілік жұмысының табысты болуына байланысты.

ШАРТҚА ОТЫРҒАННАН KEЙІН:

1. Мәзір құрастыру және іс-шара өткізу орнының әкімшілігімен оны талқылау (егер қатысушыларды тамақтандыру керек болса).
2. Алдын ала қатысушылар тізімен беру және орналасу тәртібін ескеру (көшпелі іс-шара кезінде).
3. Іс-шара сценариін беру және әр тармақты түсіндіру.
4. Жұмыс бөлмелерін қолдану кестесін құру.
5. Көлік қолдануға тапсырыс құру.
6. Іс-шара өткізуге жауапты барлық тұлғалармен танысу.
7. Өткізу орнының әкімшілігіне өз тобын ұсыну және кімге қандай сұрақпен жүгіну керек екенін түсіндіру.
8. Кеңес уақытын белгілеу.
9. Жұмыс қалай жүріп отырғаны туралы мәлімет беру.
10. Өткізу орнының әкімшілігіне құрметпен қарау және барлық сұрақтарды бейбіт жолмен шешу.
11. Іс-шараның ресми бөлімдерінде әкімшілікпен таныстыру және ынтымақтастығы үшін алғыс айту.

3.8. РЕСМИ САЛТАНАТ

Ресми іс-шараларды, соның ішінде жоғары қызметтегі адамдар қатысымен өтетін мәжіліс және жиын ұйымдастыруға еріктілер көмек көрсетеді. Еріктілер үшін жауапкершіліктің жоғары деңгейі, ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс, әбігерсіз және үрейсіз сұрақтарды жедел шешу маңызды.

Позиция: ЕРІКТІЛЕР – РЕСМИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КӨМЕКШІСІ

Қызметтері:

- Мәжіліс залын дайындау: куверт дайындау, үстел үсті хаттамалық туларын (керек болған жағдайда) орналастыру, үлестірмелі материалды жайып салу;
- Есеп-қисап бумаларын жасау үшін қажет ақпараттық материалды жинауға көмектесу;
- Мәжіліске (отырысқа) материал дайындауға көмектесу: алынған ақпараттарды жинау және іріктеу, материалдарды көшіру және бекіту;
- Мәжіліске (отырысқа) шақырылғандарды және қатысушыларды тіркеу рәсімін жасауға көмектесу;
- Мәжіліске (отырысқа) шақырылғандарға және қатысушыларға естелік сыйлықтың табысталуына жәрдемдесу;
- Мәжілістегі (отырыстағы) мәліметтерді, тапсырыстың орындалуы туралы ақпараттарды мүдделі тұлғалардан жинауға көмектесу;
- Есептік ақпаратты құруға көмектесу (бір файлға жинақтау, кесте мен графиктерді дайындау (керек болған жағдайда), сурет есептемелерін жинау және т.б.).

Талаптар:

- Ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеу дағдылары;
- Сауаттылық;
- Сабырлылық;
- Тіл тапқыштық;
- Жауаптылық;
- “Word”, “Excel” компьютерлік бағдарламаларының негізін білу;
- Кеңсе техникасымен жұмыс істеу дағдылары.

Позиция: РЕСМИ ІС-ШАРАЛАР КЕҢСЕСІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ КӨМЕКШІСІ**Қызметтері:**

- Кеңсе жұмыстары (құжаттарды дайындау);
- Аударма жасау;
- Үлестірме материалдарын жасау;
- Кеңсе жұмыстарына көмектесу.

Талаптар:

- Шет тілдерін білу (Upper-intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білу, басқа шет тілдерін білу);
- Көрме әкімшілігінің құрылымын (аты және тегі, лауазымы, жауапкершілік ортасын) білу;
- Тіл тапқыштық;
- Сауаттылық;
- Зерделілік;
- Ұқыптылық.

Шет ел делегация және қонақтарының қатысуымен көрмеде көптеген ресми іс-шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл іс-шараға қатысатын волонтерлер жоғары деңгейде өткізілетін іс-шара хаттамасымен танысуы қажет.

Хаттама – тарихи қалыптасқан және ережелер мен жарлықтардың мәденилендірілген жинақтары. Соның негізінде ресми салтанаттардың және іс-шаралардың тәртібі, ресми қатынасхаттар, киім түрі және т.б. реттеледі және регламенттеледі.

«Хаттама» еріктілерінің қызметі өз міндеттерін орындау тиімділігін қамтамасыз етіп, қатысушылар мен ресми тұлғаларға көмек көрсетеді. «Хатта-

ма» еріктілердің қызметі ашылу және жабылу салтанатында, басқа ресми іс-шараларда хаттама ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету керек. Хаттама еріктілері қонақжай болуы керек және өз міндеттерін кәсіби орындауы керек. Бұл шет тілінің және әртүрлі топ клиенттарымен жұмыс дағдысының жақсы тәжірибиесі. Еріктілер жоғары қызметтегі адамдармен жұмыс істеп, олардың сапырын және мекендеуін ұйымдастырумен танысады. Кей қатысушылар және ресми тұлғалардың талаптары жоғары және болашаққа көзқарастары өте үлкен болуы мүмкін.

Позиция: РЕСМИ ҚАБЫЛДАУ ХАТТАМАСЫНЫҢ ЕРІКТІЛЕРІ

Қызметтері:

- Ресми қабылдауда қонақтарды қарсы алу;
- Ресми қабылдауда қонақтармен жүру;
- Ресми қабылдауда қонақтарды отырғызуға көмек көрсету.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білуі (Upper-intermediate деңгейінде);
- VIP-қонақтарме жұмыс жүргізу тәжірибиесі (қажет);
- Ресми қабылдау өткізу орнында бейімделе алуы.

3.9. VIP МЕЙМАНДАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ТЕХНИКАСЫ

VIP МЕЙМАНДАРМЕН ТІЛДЕСУ ТӘРТІБІ

- Еріктілер өздеріне жайлы болғанда емес, VIP қонаққа көмек керек кезде (су беру, қалам әкеліп беру, дәретхана қайда екенін көрсету) еріктілер әрдайым оларға қызмет көрсетулері керек.

- Еріктілер VIP қонақтарға жағымды қатынасты көрсетіп, өз құрметтерін білдіреді, аңгімені мінсіз сыпайы жүргізеді, дауысын көтермей жылы ықыласпен сөйлеуі керек. Қыңыр мінезді, агрессивті, мастық күйдегі VIP қонақтармен еріктілер төзімділік таныту керек.

VIP-ҚОНАҚТАРМЕН ТІЛДЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- Түсінуге жеңіл тілді қолданыңдар, нақты және жұмыс бойынша сөйлеңіздер.
- Егер аңгімелесуші сөз орамын және бейнелі сөздерді білуі екіталай деп ойласаңыз, оларды қолданбаңыз. Мысқылдап және тұспалдап сөйлемеңіз.
- EXPO-2017 туралы айтқанда барлығын қадам бойынша аңгімелеңіз. Егер керек болса суреттер мен бұктемелер, иллюстрация қолданыңыз.
- Қажет болған жағдайда бірнеше рет қайталауға дайын болыңыз.
- VIP қонақтардың мұндай іс-шараларда үлкен тәжірибиесі бар екеніне сүйену керек.
- VIP қонақтар деректі ақпарат алуын тілейтінін естен шығармау керек.
- Оған қызықты болатын тақырыпта сұрақтар қойыңыз;
- Қонақтарыңызды танып біліңіз және қонақтарға өздеріңіз жайлы білуге мүмкіндік беріңіз;
- Сізге байланысты болмайтын болжамдар жасамаңыз;
- Істей алатын нәрсеге ғана уәде беріңіз;
- VIP қонақтың келуінің жалпы мақсатын біліңіз және оның жүріп-тұру бағытын жасаңыз;
- VIP қонақты тыңдаңыз, күлімсіреңіз.

Жағымсыз сөздер немесе сөйлеуді күрделендіретін сөздерден аулақ болыңыз, мысалы: - Не или Нет;

- Жо немесе жоқ;
- «Егер» сөзі;
- таңдауға шек қоятын сөздер: «Міндетті», «Тура келеді», «Борышты»;
- сұрақтар: «Сізге не ұнамайды?» «Не нәрсе сіздің көңіліңізден шықпайды?»;
- «Жалпы», «Қалай дегенмен» және т.б. сөздері;
- түсіндіруді қажет ететін терминдер;
- сөйлеуді күрделендіретін сөздер: «Мәселе», «Қиыншылық» және т.б.

VIP-КЛИЕНТ БАР АЙМАҚТА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- VIP клиент бар жерде еріктілерге шылым тартуға болмайды;
- Аймақ аумағында шылым шегуге және спиртті ішімдіктер ішуге тиым салынады;
- Еріктілер тек аймақ еріктілерін үйлестірушісінің келісуімен және EXPO – 2017 баспасөз қызметкерлері маңында ғана сұхбат беруге құқылы;
- Еріктілер VIP клиентпен жүргенде сурет және бейнетүсірілім жасауға құқығы болмайды, тек ол өзі сұраса ғана жасауға болады;
- VIP клиенттармен жүру тек қатаң бекітілген аймақтармен ғана жүзеге асырылады;
- VIP клиенттан сыйлықтар, жәдігерлік сұрауға тиым салынады.

Әрі қарай еріктілердің VIP қонақтармен ықтимал қарым-қатынасы белгіленген.

ПОЗИЦИЯ: VIP-КЛИЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ VIP-АЙМАҚТА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ЕРІКТІЛЕР

Қызметтері:

- Аймақта өтетін Көрме іс-шаралары туралы сұрақтарға жауап беру;
- Іс-шара жөнінде қажетті материалдарды ұсыну;
- VIP-аймақ қызметін үйлестіру (аймақтағы тәртіп, қажетті материалдардың болуы).

Талаптар:

- Ағылшын тілі білуі (Intermediate деңгейінде);
- Көрнекті келбет.

Позиция: VIP-ҚОНАҚТАРМЕН БІРГЕ ЖҰРУ

Қызметтері:

- Аймақта VIP-қонақтармен бірге жүру;
- Ресми салтанатты күту залына VIP-қонақтарды шығарып салу.

Талаптар:

- Ағылшын тілін білуі (Upper-intermediate деңгейінде);
- Көрнекті келбет;
- Аймақта бейімделе алуы.

Халықаралық көрме мүшелерін, делегация басшыларын және Көрмеге қатысушыларды «Еріп жүру» қызметінің еріктілері шығарып салады. Атташе бекітілген тұлғалармен жүріп, оларға қызмет көрсетеді және Көрме өткізу уақытында болатын ілеспе сұрақтарды шешеді. Атташе VIP-қонақтарды Қазақстанға келуінен бастап бірге жүреді. Атташе оперативті, шыдамды, ұйымдастыру қабілеті жоғары және жағымды жеке мінез-құлқы болуы керек. Шет тілдерін жоғары деңгейде білу басты шарттардың бірі. Еріктілер үшін бұл тілді жаттықтырудың және танымал кісілермен

жұмыс жасаудың жақсы тәжірибиесі. Ұйымдастыру комитетінің өкілі бола тұра топтың бір мүшесі болу мүмкіндігі. Бұл жерде өте жоғары талаптары болатын адамдармен жұмыс жасау керек екенін естен шығармау керек. Негізінен бұл мөлшерленбеген жұмыс күні, кейде оларды бірнеше сағат бойы күтуге тура келеді.

Позиция: МБВ ӨКІЛІ АТТАШЕСІ

Қызметтері:

- Халықаралық көрме өкілдерімен жүру;
- Сұрақтарды шешуде оперативті көмек;
- Ауызекі аударуды іске асыру;
- Көрме, қала, нысан туралы негізгі ақпаратты беру.

Талаптар:

- Шет тілін білу (Upper-intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін, басқа шет тілдерін білу);
- Қаланы, инфрақұрылымды және Көрменің барлық нысандарын білу;
- Халықаралық көрме құрылымдарын білу (аты және тегі, лауазымы, жауапкершілік аясын);
- Қызметтерге жауапты Көрме ұйымдастыру комитеттерінің құрылымын білу;
- Тіл тапқыштық;
- Сабырлылық;
- Белсенділік.

Позиция: ШЕТЕЛ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АТТАШЕСІ

Міндеттер:

- Делегация басшысымен жүру;
- Делегация басшысының тапсырмаларын орындау;
- Делегация өкілдерін қарсы алу және шығарып салу;
- Қоныстандырғанда көмек көрсету;
- Делегациямен бірге жүру;
- Еріктілер құзыретінің шегінде қажетті қолдау беру (лингвистикалық, ақпараттық және т.б.);
- Сұрақтарды шешуде оперативті көмек көрсету.

Талаптар:

- Шет тілдерін білу (Upper-intermediate деңгейінен төмен емес ағылшын тілін, басқа шет тілдерін білу);
- Қаланы, инфрақұрылымды және Көрменің барлық нысандарын білу;
- Қызметтерге жауапты Ұйымдастыру комитетінің құрылымын білу;
- Тіл тапқыштық;
- Сабырлылық;
- Сауаттылық;
- Біліктілігі.

4 ТАРАУ

СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР ҮШІН ЭКСПО-2017 ЕРІКТІЛЕРІМЕН ЖҰМЫС БОЙЫНША КІРІСПЕ КУРС

4.1. ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЖҰМЫС ОРНЫ ЖӘНЕ БАҒЫТЫ

Супервайзер бағыты және жұмыс істеу орны анықталған еріктілер тобының жұмысын басқарады. Әр топ тиімді қарым-қатынас орнатылған нақтылы бір маманға біріктірілген. Супервайзер өз еріктілер тобының жұмыс сапасына жауап береді, Көрме мамандарымен, Еріктілер штабымен, Әкімшілікпен қарым-қатынаста болады.

ЭКСПО-2017 ЕРІКТІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ:

- 1. Делегация мүшелерімен бірге жүру;**
- 2. Хаттама;**
- 3. PR- іс-шараларды өткізуге көмектесу;**
- 4. Адамдар ағымдарын басқару;**
- 5. Келушілерге қызмет көрсету үшін құралдарды пайдалануға көмектесу;**
- 6. Көліктермен қамтамасыз ету;**
- 7. Промоушинг;**
- 8. Мәдени-бұқаралық іс-шараларды (мәдени-бұқаралық шараларды) өткізуге көмек көрсету;**
- 9. Билеттеу;**
- 10. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесу.**


Сонымен бірге еріктілер бригадаларын орындары бойынша орналастыру да маңызды. 2017 жылы еріктілер бригадалары бекітілген Көрме аумағында және супервайзерлер белгілеген жерде еріктілерді оқыту жүргізіледі.

Еріктілерді алдын-ала қызмет аймақтары бойынша орналастыру __ кестесінде және Көрме кешені картасында көрсетілген.

КЕСТЕ. ЕРІКТІЛЕРДІ ҚЫЗМЕТ АЙМАҚТАРЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ОРНАЛАСТЫРУ.

Еркінділердің орналасқан жері (картаға сай нөмірлеу)	Еркінділер бригадаларының қызметтерін бағыттау	Еркінділер саны, адам
27, 26,18 Кіру топтары	Келушілерге қызмет	
	Тілдік қолдау	80
	Табылған зат бюросы (27)	4
	Анықтама бюро	4
	Сақтау бөлмесі	4
	Адам ағымдарын басқару (көрменің барлық аумағында)	120
10 Конгресс-орталық 19 Амфитеатр 8 Ұлттық күн сахнасы 3 Шығармашылық орталық -Қоғамдық аймақтар	Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу	100
6 Энерджи хол	Болашақ қуаты Форумын өткізу	50
27, 26,18 Кіріспе топтар	Билеттендіру	72
17, 20,21,22,23 жеңіл автокөліктерге тұрақ	Көлікпен қамтамасыз етуге көмектесу	60
14 Энергия зерттеу орталықтары	БАҚ орталықтары мен баспасөз жұмыстарына қызымет көрсету	20
	Аккредиттеу	10
	Қатысушыларға қызымет көрсетудің біріңғай орталықтары	10
20 Экспо қалашық, 27,26,18 кіріспе топтар 4 Сауда павильондары	Медицина	14
27, 26,18 Кіріспе топтар	Қызметкерлерді басқару	8
20 ЭКСПО Қалашық	Тұрғындармен жұмыс	12
Көрменің барлық аумағында	Хаттама, сауда	60

КӨРСЕТУ КАРТАСЫН




Супервайзер үшін еріктілік бригадасының жұмыс мазмұныны түсінумен қатар тиімді командалық өзара іс-қимылды қалыптастыру дағдылары да аса маңызды.

4.2. НӘТИЖЕЛІ КОМАНДАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Супервайзерлер командалық және көшбасшылық құзырлардың дамуы бойынша белсенді семинар-тренингтен өтеді. Бұл тақырып бойынша теориялық ақпаратты меңгерумен қатар тәжірибелік дағдыларды шыңдауға мүмкіндік береді.

Команда жұмысының тиімділігі көптеген жағдайлармен сабақтасады. Біз бұдан әрі командалық тиімділіктің жалпы қағидаларын қарастырамыз. Оларды білу арқасында супервайзер өзінің жұмысын сауатты түрде құра алады.

БАРЫНША ТИІМДІ КОМАНДАНЫҢ АЛТЫ БҰРЫШЫ



ЖАЛПЫ МАҚСАТТАР

Барлығы команда неге және неліктен жиналғанын жақсы түсінетіндерін білдіреді. Әрбіреуі команда қандай бағытта және қалай жұмыс жасайтынымен келіседі. Топ жұмыс кезінде әрдайым өзінің қатысуын сезіну үшін түсіндіру барысында сауалдарыңызды қойыңыз. Бұл ретте сізге қысқа жауаптар қажет. Пікірталасқа қызығып кетпеңіз. Бұл жағдайда «Жалпы мақсаттардың бары тағ неде байқалады?» сауалы қойылуы мүмкін.

НАҚТЫ РӨЛДЕР

Әрбір адам өзінің рөлін біледі және түсінеді және өзінің міндеттемелерін сақтайды. Барлық жұмыс бөлініп берілген, екі рет немесе ешкімге бекітілмеген тапсырмалар жоқ.

ЖАҒДАЙЛЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Топ көшбасшысы жеке тіл табады. Ол әрбір команда мүшесінің өз жауапкершілігі аясында көшбасшы етуге, және ортақ талпынысты үйлестіруге тырысады. Осындай көшбасшы топтың түрлі мүшелерімен өзін қалай ұстайды?

ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІ ПРОЦЕСТЕРІ

Бұл шешім қабылдау әдістеріне де, және оларды іске асыру тәсілдеріне де қатысты. Тиімділері – ең аз ресурстарды қажет етіп, ең жоғарғы нәтиже береді.

ҮЗДІК БАЙЛАНЫСТАР

Ақпарат берудің жөнделген тік және көлденең каналдарын, сондай-ақ топ ішінен де, топтан тыс ортадан да ақпарат алу және өңдеудің кері байланыс жүйесін білдіреді. Ақпарат берудің қандай каналдары болуы мүмкін?

ТЫҒЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Әрбір адамның қоршаған адамдардан нені күтуге болатынын нақты білетін өзара қатынасты қатты қарым-қатынас деп атауға болады. Жеке қарым-қатынас жұмыс барысына және сапасына әсер етпейді.

Қызметтік міндеттерден бөлек, топта топпен шішілетін міндеттердің түріне қарамастан тиімді өзара әрекет етуге көмектесетін рөлдерді бөлу бар.

ТОПТЫҚ РӨЛДЕР

Тұрақты топтардың бірнеше нұсқалары бар, бірақ олардың ішінде 8 топтық рөлдері бақыланатыны едәуір тиімді болады.

ҮЙЛЕСТІРУШІ – ресми жетекші болуы міндетті емес, топ қызметін үйлестіреді, әркім өз ісін жасауға мүмкіндік беретіндей жағдай жасайды. Басқаша айтқанда, ол процесті бақылайды.

ҚОЗҒАЛТҚЫШ – жігерлендіреді, әрекет етуді қалайды, пішін береді, құлшыныс тудырады. Үйлестіруші мен қозғалтқыш арасында жиі жанжал туындауы мүмкін екендігін ескеру қажет. Егер «үйлестіруші» асықпай әрекет жасап, өзі құрған жоспарға сәйкес процеске жаңа күш енгізетіндігін елестетсек оны оңай түсінуге болады. Ал «қозғалтқыш» шыдамсыз, асығыс, оған кейде біреудің ойыннан «сөніп тұрған» екендігі маңызды емес, себебі ол өз энергиясымен, құлшынысымен «сөніп тұрған» ойыншының міндеттерін басқаларға жүктеуге қабілетті.

ОЙЛАРДЫҢ ГЕНЕРАТОРЫ – қызық тұлға. Өз идеяларын тәжірибеде қалай іске асыруға болатынын жиі уайымдамайды. (Мысалы, жұмыртқа қабығынан үй салуды ұсынады). Топтың өзге мүшелері кейде оған есі ауысқан адам ретінде қарайды. Оның идеялары өте көп, бірақ олардың кейбірі ғана іске асырылады. Бұның басты айыптысы келесі рөлде ойнайтын адам.

ПРАКТИК – идеяларды қабылдайды, идеяның қолайлылығын тексереді. Осы жерде «ойлардың генераторы» екеуінің арасында жанжал туындайды.

ЖҰБАТУШЫ – топта тыныштық орнатады, жанжалдарды бәсеңдетеді, татуластырады.

ЖАСАУШЫ – бірінші кезекте тікелей орындаушы, барлығын мұқият жасайды. Бұл адамға өмірді тапсыруға болады, ол өз ісін атқарып шығады. Мақсаттың кенеттен өзгеруін күйзеле қабылдайды.

СЫРТҚЫ КОНТРАКТОР – топ ішінің әрекеттеріне қатты қам жемейді, ішкі тапсырмаларды орындау үшін сырттан байланыс табады. Өте шыдамсыз, барлығының жылдам болғанын қалайды.

